| Алматы қаласы       |          |        |       | –      | 369806 |

В прошлом 2018 г. область посетили 470 тыс. туристов, рост по сравнению с 2015 г. составил 86,6% (144560 человек). В том числе 248 тыс. человек – внутренний туризм, показатели по сравнению с 2015 г. выросли на 86,3% (132910 человек). Въездной туризм – 22,3 тыс. человек, рост – 91,7 % (11650 человек). В связи с ЭКСПО-2017 в 2017 г. Туркестан посетили почти 1 млн человек (рост на 57,2%), а за первое полугодие 2018 г. – более 250 тыс. человек, что выше показателей аналогичного периода 2015 г. [2].

Помимо Акмолинской обл., Алматы и Нұр-Сұлтан туристическими зонами Казахстана является область Түркістан, так же Боровое, Атырауская область, Актауская и многие другие. По нашему мнению стоит уделить особое внимание развитию исторических зон, уделить внимание управлению туризмом в РК. На примере мы взяли город Түркістан, это одна из направлений в развитии внутреннего туризма в стране – Южного Казахстана. Местные приезжают сюда на паломничество по святым местам, иностранные туристы – посмотреть на древние города. Но большинство недовольно качеством обслуживания, что разочаровывает туристов.

В Южно-Казахстанской области много историко-культурных достопримечательностей, много древних городов и святых мест. Поэтому большинство туристов здесь – паломники [3].



Рисунок. Обзор на вид г. Түркістан. Мавзолей Кожә Ахмет Ясауи, Айша биби



Для того что бы инфраструктура туризма города Туркестан была развита, мы предлагаем предпринять следующие меры:

1. Проблемой остается нехватка гостиниц. Мы предлагаем построить отель в форме юрты, с бассейнами, обзором на красивый вид в национальном колорите, с национальной кухней.
2. Открытие санаториев, оздоровительных комплексов.
3. Открытие аллеи «Шелковый путь». В парке будет присутствовать дух нации, т.е. орнаменты, статуи, открытие театров для проведения национально-исторических спектаклей казахского народа, театр теней, построить искусственный водоем для вечерних прогулок с танцующими фонтанами, аллея талантов (домбра, танцы), национальные игры, как «Асык», «Кыз куу» «Кокпар» и т.д
4. У нас три якорных направления: лечебно-оздоровительный, экологический и культурно-исторический туризм. В развитие экологического туризма мы хотим внести более диверсифицированный подход. Предлагаем местной федерации альпинизма и инвесторам организовывать рафтинги, туры выходного дня, экстремальные развлечения.
5. Брендовые бутики национальных одежд и изделий.

Город надо спланировать так, чтобы он был удобен как для туристов, так и местных жителей. Туркестан должен стать «умным» и безопасным городом, тогда в него будет идти стабильный приток инвестиций. Каждая туристическая зона РК, влияет на экономический рост страны. Это поможет нашей стране войти в топ 30 развитых стран мира.

#### Литература

1. Туризм и Отдых. Информационно-аналитический портал ТИО.ВУ. <http://www.tio.by/>
2. Официальный интернет портал Комитет по Статистике Министерство Национальной Экономики Республики Казахстан. (Stat.gov.kz)
3. Центр деловой информации «Капитал». (<http://www.kapital.kz>)



*А. Анапин, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы студенті*  
*Ғылыми жетекші: К.Н. Оразбаева, т.ғ.д., профессор*  
*ҚазЭҚХСУ*

### ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ ХИМИЯСЫ КЛАСТЕРІН ҚҰРУ МЕН БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫН АНЫҚТАУ

**Аңдатпа.** Елімізде мұнай химиясының дамуына қажетті барлық құрастырушылар бар екені көрсетілген. Атырау облысында мұнай химиясы кластерін құру мен Қазақстанда мұнай химиясы өндірісін дамыту мен басқарудың өзекті мәселелерін шешу жолдары тұжырымдалған. Аймақтық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі факторы ретінде кластерлік әдістеменің мазмұны, мұнай химиясы кластерін қалыптастыру мен экономикалық тиімділікке жету факторлары тұжырымдалған. Мұнай химиясы кластерінің құрылымы берілген.

Эксперттердің бағалауы бойынша бүгін Қазақстанда мұнай химиясының табысты дамуына қажетті барлық құрастырушылар, атап айтқанда, зор шикізат қоры, салыстырмалы алғанда арзан электрэнергиясы, мұнай химиясы кешенін қалыптастыруға ыңғайлы кең аумақ және белгілі бір деңгейде дамыған инфрақұрылыс бар. Мысалы 3 мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ): Атырау, Павлодар және Шымкент МӨЗ (4-ші МӨЗ салынуда) және 3 газ өңдеу зауыттары (ГӨЗ) Теңіз, Қазақ және Жанажол ГӨЗ. Отандық МӨЗ қосынды өндірістік қуаты жылына 18-20 млн тонна мұнайды өңдеуге және 10 млн тонна автомобиль және дизель отындарын өндіруге жетеді. Барлық үш ГӨЗ жобалық қосынды өңдеу қуаты жылына 6,25 млрд текше метр газды құрайды.

Бұларға қосымша бір қатар мұнай химиясы кәсіпорындары: пластмасс зауыты (Ақтау);



«Саранрезеңкетехника» (Саран, Қарағанды облысы); «ИнтерКомШина» (Шымкент); «Полипропилен» зауыты (Атырау) т.б. қалпына келтірілуде. 20 жылдан астам бұрын негізі қаланған бұл кәсіпорындар полистирол, полипропилен, резеңкетехникалық бұйымдар, шина өнімдерін шығара алады. Басқа да кәсіпорындар құрылған, мысалы 1997 ж. көмірсутек кен орындарын барлау, игеру, тасымалдау, сақтау және өңдеу бойынша кәсіпорын «Қазмұнайхим» ЖШС және оның Атырау, Ақтобе, Астана, Орал қалаларында бөлімшелері іске қосылды, қазіргі уақытта бұл кәсіпорын «Қазмұнайхим-Копа», «Қазхимталшық», «Қазмұнайхим-Транс» және «Қазмұнайхим-Коммерц» бөлімдерінен тұратын холдингке айналды, 2003 ж. Атырауда «Шеврон Мұнайгаз Инк.» компаниясының полиэтилен құбырларын шығаратын зауыты іске қосылды, оның қуаттылығы 7 мың метр тонна пласстмассалық құбыр, Экологиялық таза және экономикалық тиімді жоғары тығызды полиэтилен құбырларын өндіру үшін тағы 3 ғылыми сиымды технологиялық желілер жасалған.

Қазақстанда мұнай химиясы өнеркәсібін дамыту бағадрамасында қосылған құны жоғары өнімдерді өндіру үшін жаңа мұнай химиясы өндірістерін салу және қолданыстағы мұнай химиясы кәсіпорындарын қайта жаңарту мен модернизациялау, оларды тиімді басқару қарастырылған. Отандық мұнай химиясы саласын аймақтық кластер түрінде дамыту ұйғарылуда. Сонымен мұнай химиясы саласы отандық шикізаттық ресурстарын қолданатын дербес экспортке бағытталған экономиканың жоғары технологиялық сала ретінде қалыптасуы, түрлі деңгейлерде басқарылуы керек.

Сонымен, болашақта модернизацияланған және технологиялық жаңартылған мұнай химиясы кәсіпорындары үшін шикізат қорларының базасы құрылады. Дамыған инфрақұрылымды құруда мұнай химиясы өнімдерін өндірудің технологиялық тізбесі қарастырылған, онда бір кәсіпорынның қалдықтары келесі кәсіпорынның шикізаты ретінде қолданылады және олардың жүйелі менеджменті аса өзекті болып табылады. Құрылған жоспарларды орындау үшін Қазақстанда мұнай химиясы өнеркәсібін дамытудың Бас жоспары және мұнай химиясы кешендерін құрудың «Жол картасы» құрылған

Қазіргі экономика жағдайында өндіріс пен капиталды жаһандандыру тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды талап етеді. Осы себептен белгілі функцияларды орындау және мақсаттарды жүзеге асыру үшін жеке элементтерді бір жүйеге біріктіруге негізделген, теориялық мәні кластерлік концепцияда дамыған принципті жаңа экономикалық құбылыс орын алды.

Экономикада, өндіріс салаларында кластерлеу аймақтық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі факторы болып табылады. Кластер – бір секторға жататын және бір-біріне жақын орналасқан кәсіпорындар тобы. Өнеркәсіптік кластер – сатып алушы-жабдықтаушы немесе жабдықтаушы-сатып алушы ретінде, сондай-ақ ортақ технологиялар, ресурстарды ортақ сатып алу және бөлу арналарымен байланысқан бірлестіктер. Аймақтық кластер – қатысушы-фирмалар территориялары бойынша бір-біріне жақын орналасқан өнеркәсіптік кластерлер [1].

Мұнай химиясы кластерін құру жолымен нақты экономикалық секторда инновациялық әзірлемелерді өндіру, ресурс және энергия үнемдеу технологияларын дамыту арқылы қосымша құны жоғары өндірісті, мұнай газ секторына баланысты өндірістерді дамыту, отандық өндірістің энергия сиымдылығын төмендету көзделген.

Бұл бағыттарды жүзеге асыру еліміздің экономикасының шикізаттық тәуелділіктен құтқарады және ел ішінде күшті мультипликативті әсер береді. Бұл маңызды мәселелерді тиімді шешу үшін экономика, технология, экология т.б. бағыттар бойынша зерттеу жүргізіп, ғылыми негізделген шешімдер қабылдау және тиімді менеджмент қажет.

Атырау облысында мұнай химиясы кластерін құру мен Қазақстанда мұнай химиясы өндірісін дамытудың өзекті мәселелерін шешу жолдарын қарастырайық. Атырау облысы территориясында мұнай мен газ қорларының топталғаны арқасында мұнай химиясы кластері құру басталған республиканың перспективті аймағы болып табылады. Кластерлердің тиімділігін талдау түрлі бағытта орындалуы мүмкін: кластерлерді институционалды ұйымдастыру; бастауды ішкі мотивациялау және кластерлерді қолдау; кластерге қатысушылардың салыстырмалы бәсекеге қабілеттілігі; кластерлердің стратегиялық потенциалы.

Кластерлердің сипатты белгілерін жіктеу және зерттеу олардың әр елде түрлі екендігін көрсетеді, бірақ жалпы алғанда, Атырау облысында мұнай химиясы кластерін құру үшін бар

ресурстары және күтімді нәтижелері бойынша келесі негізгі көрсеткіштерді атауға болады:

– кластердің даму перспективасын және оның структурасын іштей және сырттай зерттеу жүргізуге жеткілікті мүмкіндіктер мен ресурстар;

- кластер өнеркәсібінің ішкі еңбек ресурстары мен еңбек потенциалының даму мүмкіндігі;
- көмірсутек шикізатын және басқа материалдық ресурстарды жеткізу-шілердің жақындығы;
- кластерге қатысушылардың меншікті капиталының барлығы;
- біріге әрекет ету үшін ассоциацияға кіретін құрылымдардың мүмкіндіктері;
- желілерді қарқынды дамыту мүмкіндіктері;
- инновацияға және қызметкерлерді оқытудың жоғары потенциалды мүмкіндіктері;
- перспективаны болжау мен күрделі жобаны жүзеге асыру мүмкіндіктері.

Барлық кластерлер үшін ең маңызды көрсеткіш арнаулы жұмыс күшінің барлығы болып табылады. Сондықтан арнаулы жұмыс күші кластер құрудың басты шарты болып саналады. Кластердің табысты жұмыс істеуі үшін қажетті маңызды факторлардың бірі – оны құруда аймақ басшыларының белсенді қатысуы және инвестициялар тарту үшін жағдайдың жасалуы. Кластер құру үшін оны құрушылардың қолдауы, ал оның мүшелері өздерінің бірігу мақсатын түсінуін көрсете білуі қажет [2].

Мұнай химиясы кластерін құрудың негізгі мақсаты – еліміздің табиғат байлығын, мұнай өндіру және мұнай өңдеу кәсіпорындарының орналасуын қолдана отырып Қазақстанның мұнай химиясы кешенінің, оның өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оларды әлемдік нарыққа шығару, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі әсерінің тиімділігін арттыру.

Қазақстан территориясында мұнай химиясы кластерін ендіруге байланысты, мұнайды терең өңдеу өндірісі қарқын алады, ол өз кезегінде химия өндірісінің өнімдерін өндіру динамикасын өсіреді. Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру мен оған деген сұраныстың артуы мен бұл саланың да негізгі салалар ретінде даму мүмкіншіліктерін көрсетеді.

Кластерлерді құру жеке алған өндіріс саласының даму процесін қарқындатады, инновациялық жобаларды құру және ендіруді тездетеді және әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Сонымен қатар вертикалды интеграциялау негізінде кластерге бірігу жаңа білім мен технологияның таралу жүйесін қалыптастырады. Мұнда өнертапқыштықтың инновацияға, ал инновацияның бәсекелестік артықшылыққа тиімді трансформациялаудың (өзгертудің) маңызды шарты болып кластерге қатысушылар арасында тұрақты байланыс желілерін құру болып табылады.

Мамандардың бағалауы бойынша Қазақстанда мұнай химиясы өндірісін бас жоспарын жүзеге асыру үшін 15 жыл уақыт аралығында 7 млрд долл. қажет болады. Мұндай масштабтағы ұзақ мерзімді қаржыны инвестициялау саладағы көптеген, атап айтқанда, қазіргі инфрақұрылымдағы, проблемалармен байланысты. Ал бұл тұрғыдан алғанда қазақстанның перспективалары жаман емес, АҚШ энергетикалық ақпараттық агентствасының мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасында 9-17,6 млрд баррель мұнай қоры бар, ал 2020 ж. қарай мұнай өндіруді 8 млн баррельге дейін арттыру жоспарлануда.

Мұнай химиясы кластерін қалыптастыру мүмкіндігі мен экономикалық тиімділікке жетудің келесі факторлар тобын атап көрсетуге болады [3]7

Факторлардың бірінші тобы потенциалды ресурстық және технологиялық алғышарттардың өз ара байланысымен анықталады: мұнай химиясы үшін қазақстанның ауыр парафинді күкіртті мұнайы ең жақсы шикізат болып табылады; мұнай химиясы кластерінің технологиялық өз ара байланысы ескеріледі; көмірсутек шикізаттарын өндіру мен өңдеудің қолданыстағы инфрақұрылымын қолдана отырып жаңа өндірістерді құруға болады. Келтірілген факторлар ақырғы өнімнің қосылған құнын арттыру үшін өндірісті біртіндеп күрделендіретін тізбек арқылы мұнай химиясы саласын дамыту негізін құрайды.

Факторлардың екінші тобы өнімге әлемдік сұраныс барлығымен және халықаралық еңбек бөлуде эквивалентті айырбастауды қамтамасыз етумен анықталады. Қазақстанда әлемдік сұранысы үлкен мұнай химиясы өнімдерін шығаратын ірі кәсіпорындар бар. Халықаралық нарықтағы мұнай химиясы өнімдеріне деген сұранысты талдау Қазақстанда экономикалық тұрғыдан алғанда полиэтилен, полипропилен, стирол мен полистирол, этиленгликоль мен бензолды өндіретін базалық

мұнай химиясы өндірісін құрған ең тиімді болатынын көрсетті.


Факторлардың үшінші тобы кезіндегі мұнай химиясы кәсіпорындарының жұмысын қалпына келтіруді белсендіру, оларды дамыту мүмкіндігімен анықталады.

Факторлардың төртінші тобы салалардың жоғары пайдасын қамтамасыз етуге түрткі болған себептермен анықталады. Көмірсутек шикізаттарының меншікті базасы, импорттың орнына ішкі нарықты жоғарытехнологиялық және ғылыми сиымды өнімдермен қамтамасыз ету және ақырғы өнімді экспортқа шығаруды кеңейту мақсатымен шикізатты терең өндеуді қамтамасыз ететін мұнай химиясы кешенін және мұнай химиясы кластерін қалыптастыруды талап етеді.

Факторлардың бесінші тобы жоғары бәсекелестік елдер қатарына ену үшін еліміздің экономикасын диверсификациялау стратегиясымен анықталады. Бұл Қазақстан Республикасында мұнай химиясы кластерін құру үшін негіз болатын ақырғы өнімді шығаратын өндірістер тізбегін құруды талап етеді.

Жоғарыда мазмұндалған зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасауға болады: Қазақстан Республикасында мұнай химиясы өнімдерін өндіру приоритетті бағыт ретінде уақытша емес, түпкілікті ең маңызды және стратегиялық сала ретінде қабылдануы керек. Кластерлік стратегияны және экономикалық бәсекеге қабілеттілігін толықтай жүзеге асыру үшін импортты ауыстыру кезеңінен мұнай химиясы саласын кең көлемде инвестициялау және мұнай химиясы кластерін құру кезеңіне өтуге бағытталған үкімет саясаты қажет.

Мұнай химиясы кластерін қалыптастыру схемасы 1-суретте ұсынылған.



Сурет. Мұнай химиясы кластерін қалыптастырудың принциптік схемасы

Қорытынды: Қазақстанда мұнай химиясының табысты дамуына қажетті барлық құрастырушылар бар екені тұжырымдалған. Атырау облысында мұнай химиясы кластерін құру мен Қазақстанда мұнай химиясы өндірісін дамытудың өзекті мәселелерін шешу жолдары қарастырылған. Аймақтық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі факторы ретінде кластерлік әдістеменің мазмұны тұжырымдалған. Мұнай химиясы кластерін қалыптастыру мен экономикалық тиімділікке жету факторлары тұжырымдалған. Мұнай химиясы кластерінің құрылымы ұсынылған.

#### Әдебиеттер

1. Куандыкова А.А. Эффективность кластерных образований в Республике Казахстан (на примере нефтехимии). Автореф. дисс. на соиск. уч. степени к.э.н. – Алматы, 2009. – 29 с.
2. Тулегенова М.С. Кластерный подход в создании интегрированных структур. – Алматы, 2004. – 117 с.
3. Оразбаева К.Н., Кадырбергенова А.М. Мұнай химиясы мен шикізаттарды терең өңдеу құрылымдарын қазақстанда дамытудың мәселелері мен тиімділігі // ҚарМУ «Хабаршысы». – 2016. – № 2(82). – 62-68 бб.
4. Оразбаева К.Н., Әміров Ө.Е. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын басқару // «Қазақстанның қазіргі эконокасы: жағдайы және жаму болашағы» VIII ғылыми-тәжірибелік конф. – Астана, 2017. – 279-281 бб.



**Д. Аңқат, Б. Кипшакбаева, З. Абилова**

*«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының студенттері*

*Ғылыми жетекші: М. Батай, магистр, аға оқытушы*

*ҚазЭҚХСУ*

#### МЕМЛЕКЕТТІҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ

**Аңдатпа.** Мақалада ақпараттық қауіпсіздік туралы, мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының жай-күйі қарастырылған. Ақпаратты қорғау – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені.

Ақпараттық қауіпсіздік кез келген мемлекеттің егемендігінің аса маңызды элементінің бірі болып саналады.

XXI ғ. негізгі құндылығы – ақпарат. Ал ақпарат таратуда теледидар, газет-журналмен қатар ғаламтордың үлес салмағы артып келеді. Бұл процестердің қоғамдық сананың қалыптасуы мен өзгерісіне тигізер әсері мол. Осы тұста азаматтардың ақпараттық сауатты болуы маңызды және де кез келген мемлекет ақпараттық қауіпсіздікті өзінің шекарасының қауіпсіздігінен кем көрмеуі қажет. Ақпараттық қауіпсіздік кез келген мемлекеттің егемендігінің аса маңызды элементінің бірі болып саналатының әр азамат әрдайым есте сақтаған жөн.

Ақпараттық қауіпсіздік – мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының күйі. Ол экономиканы ғылымға негізделген ресурс үнемдегіш технологияларға қарай ыңғайластырып қана қоймай, әрбір жеке адамның дамуына, өмірде өзінің орнын тауып, өзін-өзі жүзеге асыруына кең мүмкіндік туғызуда. Қазіргі таң дүниежүзілік ақпарат әлеміндегі ірі өзгерістерден, жаһандастыру үрдістерінен ешбір елдің саяси өмірі, басқа салалары БАҚ-тан тыс тұра алмайтын күрделі кезеңмен бетпе-бет кездесті. Адам баласымен бірдей жасап келе жатқан ақпарат – әлем дамып, дүние жаңарған сайын түрленіп, өзгеріп отырады. Ақпаратқа деген сұраныс рейтингі жоғарыламаса төмедеген емес. Қазіргі XXI ғ. ақпарат алудың негізгі тетігін әр елдегі бұқаралық ақпарат құралдары атқарады.

Қоғамдар алмасып, нарықтық экономикалық қатынастар орныға бастаған тұстан бергі уақытты ескере отырып, ақпарат көздерінің даму сатыларын үш кезеңге бөлуге болады.

*Біріншісі* – жалғыз идеологияның пәрменінде болып келген біртұтас ақпарат жүйесінің ыдырауы және қаржылық, идеялық тоқырауға ұшырауы.

*Екінші кезең* – ақпарат әлемінің мемлекеттік және жекеменшік түрінде қайтадан қалыптасуы, кәсіпкерлік баспасөздің құрылуы.

*Үшінші кезең* – еліміздегі экономикалық-әлеуметтік, мәдени реформалардың тереңдеуіне сәйкес әлемдік ақпараттың республиканың эфирлік кеңістігіне енуі және Қазақстанның жаһандық ақпарат айдынына талпынысымен сипатталады.

Бүгінгі таңда ақпарат қоғамның материалды, энергетикалық, адамдық ресурстары секілді маңызды деңгейге көтерілді. Бұған Гарвард университетінің проспектісіндегі: «Материалсыз ешнәрсе пайда болмайды, энергиясыз ештеңе жүзеге аспайды. Ал, ақпаратсыз ешнәрсенің мәні жоқ» деген сөздері дәлел бола алады.

Ақпараттық қоғамның негізгі сипаттары:

- экономиканың тауар өндіруден қызмет көрсетуге қайта бейімделуі;
- интеллектуалдық технологияның өндірістік және технологиялық салаға теңесуі;
- материалдық өндірістегі ақпараттық және ғылыми қызметтің бәсекелестік басымдылығының артуы;
- қоғамның технологиялық және саяси-әлеуметтік құрылымы негізіндегі білім, ғылым маңызының артуы.

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мынадай негізгі міндеттерді жатқызуға болады:

- 1) мемлекеттің және қоғамның басты мақсаты адамның өркендеуіне ақпараттық саланы бағдарлау;
- 2) ақпараттық қауіпсіздік туралы мемлекеттік доктрина яғни ғылыми концепция әзірлеу;
- 3) Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бірінғай мемлекеттік саясатының жүзеге асыру механизмін және негізі бағыттарын анықтау.

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі артықшылықтарын анықтау ақпараттық ортаға жататын қатерлерді әшкерелеуде, оларды жеңу жолдарын табуда, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдерін жетілдіруде көрініс табады. Ақпараттық салада саяси ұстанымдарды бақылай алатын және түзете алатын дамыған азаматтық қоғам ақпараттық қауіпсіздіктің приоритетін іске асыруда мемлекеттің тұрақты және тартыссыз дамуына негіз болады. Қазақ қоғамының ақпараттық қауіпсіздігіне төніп тұрған әлеуетті қатерлерді зерттеген дұрыс болар.

Ақпараттық қауіпсіздік мәдени құндылықтарды, рухани мұраны, тарихи салттарды, қоғам өмірінің нормаларын қамтамасыз етеді. Электронды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адамдардың арсыз әрекеттері мен озбырлығын насихаттайтын бағдарламаларды көрсетуге тыйым салса, ұлттық қауіпсіздіктің қорғалуына жәрдем жасайды.

Ақпараттану индустриясында да қауіптер бар, оған сеп болған отандық электронды өнеркәсіптің жоқтығы және оны қалыптастыруда мемлекеттің эффективсіз қызмет атқаруында.

Мемлекетті ақпараттық қауіпсіздікпен қамтамасыз етуде кедергі болатын себептер келесі тізімде: ҚР Ата заңында азаматтардың жеке өмірі мен отбасылық құпиялары, құпиялы хат алмасуы туралы азаматтық құқықтық қол сұқпаушылығы нақты құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етпеген соң жүзеге аспайды. Үкімет пен жергілікті басқару органдарының тарапынан, азаматтар мен заң тұлғаларының құқығын тиісті қорғай алмаушылық ақпараттық қоғам субъектілерін қанағаттандырмайды. Алайда, төніп тұрған қатердің адамға әсер ететін шексіз мүмкіншілігі біздің қоғамымыздың санасына толық жеткен жоқ. Жаңаша ақпараттық технологияның қандай да бір адамның жұмысын бақылауға, коммерциялық операциялардың ізіне түсуге, сатып алу, т.с.с жеке адам өмірінде болып жатқан құбылыстарға, кез келген ақпараттық құралы не болмаса ақпараттарды жеткізу құралдары арқылы, әлеуметтік қызмет процессіне белсенді қатысып отырғандардың барлығын «қоса алатын» не «ажырата алатын» мүмкіншілігі бар. Әрине бұл гипотезалық тұжырым емес, шынайы ақиқат. Потенциалды қатерге қарсы тұру мемлекет тарапынан комплексті түрде өту керек. Қоғамды ұлттық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мақсатында жеке, қоғамдық және мемлекеттік, қаражаттық, әлеуметтік және рухани қызығушылықтарымен қиыстыру қажет. Бұл жағдайда халыққа жалпыұлттық қызығушылықтарды дұрыс

қалыптастыру және түсіндіру ақпараттық міндеттің маңыздылығын арттыру керек. Оны шешу жолдарын таппағанша халықтың ақпараттану мәселесін сәтті шешуге қол жеткізу мүмкін емес. Ақпараттану мәселесіндегі басты қиындық халыққа билік органдарының қызметі туралы жетегін ақпарат мемлекетке қарсы бағытталған жалған ақпаратты уақытпен тексерілген тактика бойынша таратады. Адамдарды иландыру келесі ереже бойынша орындалады: көңіл аудару, қызығушылығын ояту, оқиғаларды ынталандыру және идея өзіндікі сияқты қабылданбағанша қайталау.

Қоғамның хабардарлығының деңгейі, ақпаратқа қол жеткізу дәрежесі демократияланудың түйінді мәселесі. «Ақпарат – демократияның басты валютасы» деп америкалық заңгер Ралф Нейдер айтпақшы, ақпарат көбейген сайын демократия арта береді, ақпарат көбейген сайын сенім арта береді. Халықтың ақпараттануы мемлекет үшін қауіпті болмайды, керісінше егер уақытылы және толыққанды болса пайдалы, игілікті болады.

Ақпараттану ақпараттан хабардар болу дегенді білдірсе, онда материалды және рухани өмірге өз әсерін тигізетін бұл саладағы мағлұматтар билік қызметінің мәліметтерін де қамту керек. Солардың бірі:

1. Ақпарат аясында да мемлекет тарапынан азаматтарды еркіндік және конституциялық құқықпен қамтамасыз ету.

2. Қазақстанның қамқорлығы үшін қоғамның ынтымақтастығын қолдау және консолидацияны қамтамасыз ету.

3. Билік органдары мемлекеттің егемендігін, территориалдық тұтастығын, саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығын, заңдылығы мен құқық тәртібін қамтамасыз ету керек.

Қазақстанның қауіпсіздігін нығайтуда ең басты шара – мемлекеттің ақпараттық саясатын тиімді іске асыру. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың концептуалды мәні ақпараттық әрекеттесудің қатысушыларының құқықтық теңдігі саяси, әлеуметтік, экономикалық мәртебесіне тәуелсіз болуы шарт. Ондай құқықтық теңдік азаматтардың ақпаратты заңды тәсілмен еркін іздеуіне, алуына, беруіне және таратуына негіз болады.

Ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қауіптің түрлерінің тізіміне – отандық ақпараттық агенттіктерді, бұқаралық ақпарат құралдарын ішкі ақпараттық нарықтан ығыстырып шығару және Қазақстанның қоғамдық өмірінің рухани, экономикалық және саяси аясының шетелдік ақпараттық құрылымдарға тәуелділігін күшейту; ақпарат жағынан ықпал ету (жалған хабар тарату, ақпаратты қысқарту немесе бұрмалау) жатады. Сонымен бірге қауіпсіздікке төнетін қауіптің қайнар көздеріне – ақпарат аясында ҚР-ның мүдделеріне қарсы бағытталған шетелдік саяси, экономикалық, әскери, барлау және ақпараттық кеңістікте бірқатар елдердің үстемдікке ұмтылуы және Қазақстанның мүдделерін кемсіту, оны сыртқы және ішкі ақпараттық нарықтан ығыстырып шығару, әлемнің жетекші елдерінің техникалық дамуының артуы және олардың қазақтың бәсекеге қабілетті ақпараттық технологиясын құруға қарсы әрекет ету мүмкіндігін өсіруі жатады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады? Ол үшін ең алдымен саяси элитаның, азамат пен мемлекеттің мүддесіне сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ететін қоғам мен саяси-элитаның ақпараттық ортасының қорғалу жағдайы ескерілуі қажет. Ақпараттық ортаның ауқымы кеңейіп келеді.

Қорытынды: Қазақстан күн сайын қарыштап дамып келе жатқан мемлекет. Еліміздегі барлық бұқаралық ақпарат құралдары жүйелі түрде даму жолына түсу үшін тілдік нормаларды орындап, жұмыс істейтін уақыт жетті. Ақпараттық кеңістігімізде мемлекеттік идеологияның мерейі үстем болу үшін батыл әрекетке баратын кез жетті. Мемлекеттің нақты үлесі ретінде жалпы аймақтық телеарна ашуға болады. Ол үшін барлық ұйымдастырушылық, қаржылық мүмкіндіктер жетерлік. Мысал ретінде айтар болсақ, осыдан он жыл бұрын кішкентай ғана Катар мемлекеті жалпы арабтық «Әл-Жазира» атты ғарыштық телеарнаның тұсауын кесті. Бүгінде осы телеарна Батыстың ең белді деген CNN немесе BBC арналарынан асып кеткені былай тұрсын, араб қауымдастығының бірігуінің, тұтастығының маңызды факторына айналып отыр. Қазіргі кезде жарты әлемге тарайтын «Caspionet» деген ғарыштық телеарнамыз бар. Алайда оның атының өзінде қазаққа қатысы жоқ екенін көреміз. Көрерменге ұсынып жатқан бағдарламаларының сапасы төмен, талғамдық жағы көңіл көншітпейтін түсірілімдер, көбіне қайталана беретін «Хабар» агентігінің жобалары. Ағылшын

тілінің сапасы сын көтермейді. Егер осы арнаны керегінше кәсіби мамандар мен техникалық мүмкіндігі жағынан жасақтасақ, Қазақстанмен қатар бүкіл аймаққа игі қызмет атқарады. Екіншіден, біздің аймақты күллі әлемге танытудың мықты тетігіне айналып, Ресей БАҚ-тарының жетегінде жүрмей, өз нарығымыздағы БАҚ-тардың сапалы да бәсекелестікке қабілетті ақпараттық кеңістікті құруға септігін тигізері анық. Ақпараттық қауіпсіздікті нығайту үшін ең алдымен ақпарат кеңістігіндегі мемлекеттік және ұлттық мүдденің қорғалуын қамтамасыз ету және оған сырттан келетін залалдардың алдын алу керек. Сонымен қатар, азаматтардың Конституциялық құқығын қорғай отырып, кез келген ақпаратты алып, оны өз кәдесіне жарата білу де – үлкен қажыр-қайратты қажет ететіні белгілі. Қоғамның рухани, мәдени, ғылыми құндылықтарының, патриоттық дәстүрлерін бұзбай, ел бірлігі мен мемлекет тұтастығының сақталуын қамтамасыз ету ұлттық БАҚ-тың міндеті. Қазіргі шетелдік экспансияны былай қойғанда, қоғам қалпының бұзылуына іштен төнетін қауіп те аз емес. Сөз бостандығын желеу етіп, мемлекеттік қауіпсіздікке зиянын тигізетін мәліметтер мен пікірлерді жанталаса жариялап жатқан неше түрлі сайттар бар. Оның сыртында кейбір журналистердің сауатсыздығы салдарынан өңі теріс айналып кеткен ақпараттар да тарап кетіп жататын кездер аз емес.

2018 ж. интернет қолданушыларының саны бойынша Қазақстан бес сатыға көтеріліп, Дүние-жүзілік экономикалық форумның мәліметі бойынша, 36-орынға тұрақтады. Интернетпен халықтың 77%-ы қамтылған, бұл 2017 ж. салыстырғанда 4%-ға көбірек.

**Кесте. Облыстар бойынша 2018 ж. интернет желісін пайдаланушылар үлесі\***

| Облыстар               | 6-15 жас | 16-74 жас |
|------------------------|----------|-----------|
| Қазақстан Республикасы | 67,9     | 81,5      |
| Ақмола                 | 62,8     | 72,4      |
| Ақтөбе                 | 68,1     | 83,7      |
| Алматы                 | 67,5     | 88,9      |
| Атырау                 | 75,7     | 75,0      |
| Батыс Қазақстан        | 58,8     | 75,6      |
| Жамбыл                 | 60,1     | 73,2      |
| Қарағанды              | 65,0     | 74,3      |
| Қостанай               | 72,4     | 87,8      |
| Қызылорда              | 65,7     | 79,4      |
| Маңғыстау              | 64,4     | 75,0      |
| Оңтүстік Қазақстан     | 70,6     | 81,9      |
| Павлодар               | 67,3     | 84,9      |
| Солтүстік Қазақстан    | 67,7     | 77,1      |
| Шығыс Қазақстан        | 70,3     | 78,7      |
| Астана қаласы          | 77,9     | 90,1      |
| Алматы қаласы          | 66,1     | 87,1      |

*\*Ескертпе мәлімет: <https://stud.kz> дерекөзінен алынды*

Ақпарат құралдарының еліміздің, ұлтымыздың даму жолындағы қосар үлесі зор. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды ету үшін ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Әсіресе, ұлттық жадымызды жаңғыртып, іргелі ел болудағы басты рөл – талассыз ақпарат құралдарында.

Ақпараттық қоғамның маңызы күннен күнге артып келеді. Ең бастысы ақпарат осы ғасырда тауарға айналып, барлық салада үлкен сұранысқа ие. Ақпараттың зиянды жағы да бар екенін ұмытпау қажет. Бірақ, оны қоғамдағы адамдарға зиянсыз ету үшін ақпарат тепе-теңдігін ұстау керек. Сонымен қатар отандық кадрларды нарыққа, экономикаға байланысты бейімдеу басты жұмыстың бірі. Жаһандану кезеңінде бүгінгі тәуелсіз еліміздің аяққа нық тұруына ақпараттың қолжетімділігі де үлес қосары анық. Бірақ, ұлттық идея мен құндылықты аяқ асты етуге болмас.

Ол үшін отандық және шетелдік БАҚ-тарға ана тілімізді дамытуды жүктеу қажет. Сонымен бірге цензура қою да қазіргі таңда мемлекетімізге артық болмас. Себебі, әр елдің өзіндік ұстанған дара жолы, ұлттық ұстанымы бөлек. Ол сонысымен де өзге елдерден ерекшеленіп тұратыны хақ.

#### Әдебиеттер

1. Марқабоева Г. Жаһандану және мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік // Ақиқат газеті. – 2007.
2. Досова Л. Ақпарат кеңістігі: заңдылығы мен ақиқаты. – Нұр-Астана.
3. Жақсыбайұлы Р. Қазақстанның ақпараттық кеңістігін қорғау жолдары // Қазақстан-ZAMAN газеті. – 2006.
4. Елубай С. Ақпараттық соғыс немесе ұлтшылдық пен ұлтсыздық хақында // Жас алаш газеті. – 2008.
5. Әлеуметтік жүйелер орталығы: <https://yvision.kz/post>, <https://articlekz.com>, <https://stud.kz> электронды әдебиет көзі.



*Г. Анкинов, Н. Калкайдаров, студенты спец. «Менеджмент»*

*Научный руководитель: М.Е. Беспяев*

*КазУЭФМТ*

### СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ МОТИВАЦИИ ПЕРСОНАЛА В БИЗНЕСЕ

Мотивация (от лат. *moveo*) – побуждение к действию; психофизиологический процесс, управляющий поведением человека, задающий его направленность, организацию, активность и устойчивость; способность человека деятельно удовлетворять свои потребности.

Мотивация как функция управления – это процесс, с помощью которого руководство организации побуждает работников действовать так, как было ранее запланировано и организовано, поскольку успех организации в определенной мере зависит от того, насколько эффективно действуют участники производственного процесса.

Мотивация труда – одна из важнейших функций менеджмента, представляющая собой стимулирование работника или группы работников к деятельности по достижению целей предприятия через удовлетворение их собственных потребностей. Главные рычаги мотивации – стимулы и мотивы.

Стимулирование – это инструмент, которым руководитель формирует у персонала стремление к достижению, в первую очередь, целей организации. Для этого используются два вида стимуляции:

- материальное стимулирование;
- нематериальное стимулирование.

Нематериальная мотивация – это совокупность методов поощрения не требующих весомых финансовых затрат фирмы. Расходы будут однозначно, если вы не удовлетворитесь только лишь устной похвалой отличившегося. Важно, чтобы они эти были минимизированы, а эффект максимально возможный. Особенностью мотивирования, в большей степени нематериального, является публичность. Это имеет хороший воспитательный момент, как на поощряемого, так и на коллектив в целом.

Материальное мотивирование – это соответствие финансового вознаграждения индивидуума и достигнутых плановых показателей деятельности, корректное соотношение основной заработной платы и дополнительных стимулирующих выплат и премий. Заработная плата должна быть соизмерима с вкладом работника в достижение высоких показателей деятельности компании. Ни в коем случае заработная плата не должна уменьшаться после подведения итогов, если объем работы у конкретного работника не уменьшился и претензий к нему не было в процессе выполнения задания. Кроме основного заработка должны существовать стимулирующие выплаты – премии



по итогам отчетного периода. Важно, чтобы члены коллектива понимали систему начисления стимулирующих выплат. Для этого экономический отдел должен разработать эффективную систему расчета стимулирующих выплат и довести этот расчет до каждого работника. Только информированный работник предъявляет минимум претензий к руководству, понимая за что он и его коллеги получили ту или иную стимулирующую доплату или премию.

Совершенствование системы материальных поощрений должно происходить постоянно. Меняющиеся условия труда, объемы работ, требования вышестоящих организаций, реформы в законодательстве – должны находить отражение и в системе оплаты труда членов коллектива. Рекомендуется обсуждать на собраниях изменения законодательства, динамику деятельности компании, новые элементы системы оплаты. Как правило, необходимо производить анализ и оценку процесса деятельности компании не дожидаясь конечного результата, чтобы мотивация оставалась всегда актуальной. И оплата результатов должна быть своевременной, т.е. стимулирующие выплаты и премиальные должны быть не только в конце года, но и по результатам месяца, квартала.

В целях изучения мотивации персонала на предприятии было проведено исследование в филиале организации под названием ТОО «Прима дистрибьюшн» которая находится в г. Нур-Султан. Данная фирма занимается дистрибьюцией различных продуктов питания и товаров бытового пользования. В данном филиале работает более 200 сотрудников. Был проведен контент-анализ на предмет мотивации персонала. В результате исследования было выявлено, что основными формами мотивации персонала в организации является:

1) заработная плата – работника определяется в зависимости от его квалификации, личных способностей и достижений в труде. Существуют различные премии и доплаты;

2) система внутрифирменных льгот работникам: продажа продукции предприятия своим работникам со скидкой, оплата расходов на проезд до места работы и обратно, эффективное выплата премий, доплаты за стаж;

3) нематериальные льготы: предоставление права на скользящий, гибкий график работы, предоставление отгулов, увеличение продолжительности оплачиваемого отпуска за достижения в работе;

4) продвижение работников по службе: сотрудники данного предприятия имеют возможность повышаться в должности в течении карьеры;

5) пенсионный и подоходный взнос за счет компании – это предоставляет возможность сотрудникам данной организации получать 100% заработную плату.

С целью определения воздействия перечисленных форм мотивации на мотивацию сотрудников организации был проведен опрос. В данном опросе участвовало 40 человек, что составляет 20% от общей численности сотрудников ТОО «Прима дистрибьюшн». Результаты представлены в таблице.

**Таблица. Мотивация персонала ТОО «Прима дистрибьюшн»**

| Факторы мотивации                | Создают привлекательность и удерживание на рабочем месте, % | Мотивируют работать лучше, повышают производительность труда,% |
|----------------------------------|-------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| Заработная плата                 | 54                                                          | 24                                                             |
| Система внутрифирменных льгот    | 25                                                          | 14                                                             |
| Нематериальные льготы            | 12                                                          | 5                                                              |
| Продвижение работников по службе | 9                                                           | 57                                                             |
| Всего                            | 100                                                         | 100                                                            |

Результат опроса свидетельствует о том, что используемые формы мотивации на данном предприятии делают работу привлекательной, но не заставляет работать лучше.

В качестве рекомендации можно предложить классическую модель Фредерика Герцберга в которой лежат две большие категории потребностей: гигиенические факторы и мотивирующие факторы. Гигиенические факторы связаны с окружающей средой, в которой осуществляется работа,

а мотивирующие – с характером работы. Ф. Герцберг назвал первую категорию потребностей гигиеническими, употребив медицинское значение слова «гигиена» (предупреждение), т.к. по его мнению, эти факторы описывают окружение сотрудника и обслуживают первичные функции, предупреждая неудовлетворенность работой. Вторую категорию факторов он назвал мотивирующими или способствующими, т.к. они побуждают сотрудников к лучшему исполнению.

| Гигиенические факторы                                           | Мотивирующие факторы                              |
|-----------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|
| Политика организации и руководства                              | Успех                                             |
| Условия работы                                                  | Продвижение по службе                             |
| Заработная плата, социальный статус                             | Признание и одобрение результатов работы          |
| Межличностные отношения с начальником, коллегами и подчиненными | Высокая степень ответственности                   |
| Степень непосредственного контроля за работой                   | Возможность творческого и профессионального роста |

Таким образом, проведенное исследование свидетельствует о том, что в практике управления персоналом зачастую используются формы мотивации привлекающие к труду, но не мотивирующие к ней. В этой связи, предлагается использовать теорию Ф. Герцберга, поскольку она учитывает воздействие этих факторов. На наш взгляд управленцы должны взять на вооружение теории классиков управленческой теории с целью улучшения мотивации персонала на предприятиях.

**Түйін.** Мақалада бизнестегі қызметкерлерді ынталандырудың рөлі сондай-ақ мотивация терминінің негізгі түсініктері және олардың негізгі түрлері талқыланады. Жұмыстың мақсаты персоналдың жұмысының ынталылығын қалыптастыру үдерісінің ерекшеліктерін анықтау, персоналдың ынталандыру жүйелері мен технологиялары туралы ақпаратты зерделеу, мотивациялық механизмді құру және оның тиімді дамуы үшін практикалық ұсыныстарды әзірлеу болып табылады. Бұл жұмыстың мақсаты еңбек мотивациясының негізгі мәселелерін талдау болып табылады.

**Summary.** The article discusses the role of staff motivation in business, as well as the basic concepts of the term motivation and their main types. The aim of the work is to determine the peculiarities of the process of forming the motivation of the personnel's work activities, to study information about the systems and technologies of personnel motivation, to develop practical recommendations for creating a motivational mechanism and its effective development. The objectives of this work is to analyze the main problems of labor motivation.

#### Литература

1. Авдеев В.В. Управление персоналом: технология формирования команды: Учебн. пособие. – М.: Финансы и статистика, 2014.
2. Генкин Б.М. Эффективность труда и качества жизни: Учебн. пособие. – СПб: СПб ГИЭА, 2016.
3. Герчикова И.Н. Менеджмент. – М.: Банки и биржи. ЮНИТИ, 2005.
4. Дудяшова В.П. Мотивация труда в менеджменте: Учебн. пособие. – Кострома: издательство КГТУ, 2006.



**Ә. Әміржанов,** «МжЖБ» мамандығының студенті  
 Ғылыми жетекші: **К.Н. Оразбаева,** т.ғ.д., профессор  
 ҚазЭҚХСУ

#### АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫНДА МҰНАЙ ХИМИЯСЫ ШИКІЗАТТАРЫН ӨНДІРУ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ЗЕРТТЕУ МЕН БАСҚАРУ

**Аңдатпа.** Мақалада Атырау мұнай өндеу зауыты базасында мұнай химиясы шикізаттары ретінде ароматикалық көмірсутектерді, атап айтқанда, бензол мен параксиллды өндіру кешенін салу жобасы талданып,

оның кезеңдері зерттеліп, оларды басқару негізгі сұрақтары қарастырылған. Аталған зауытта жүзеге асырылып жатқан ароматты көмірсетектерді өндіру кешенін салып, пайдалануға беру жобаларының негізгі сызбалары: каталитикалық риформинг қондырғысының принциптік сызбасы мен ароматикалық көмірсутектерді өндіру кешенінің ағындық сызбасы келтіріліп, сипатталған.

Мұнай-газ саласының шикізатты емес секторы – өңдеу өнеркәсібі мен жоғары технологиялық өндірісті дамыту мақсатында және экономиканы әртараптандыру мен түрлендіру негізінде еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруге жағдай жасау үшін «Қазақстан Республикасының мұнай-химия өнеркәсібін дамыту бағдарламасы» бекітіліп, осы бағдарлама аясында «Атырау мұнай өңдеу зауыты (МІЗ) базасында ароматикалық көмірсутектерді өндіру кешенін салу» инвестициялық жобасы жүзеге асырылған [1, 2].

Бұл жобаны жүзеге асырудың негізгі мақсаты – мұнай-химия синтезі шикізаттарын өндіруді және сапасы бойынша экологиялық стандарттарға сәйкес жоғары сапалы автобензин шағаруды қамтамасыз ететін қазіргі заман талаптарына сай техникалық базаны ұйымдастыру, басқару және ары қарай дамыту [3].

Евро-3 және Евро-4 экологиялық стандарттарының соңғы талаптарына сәйкес, бензол мен ароматикалық көмірсутектердің автобензин құрамындағы үлесі келесі шамалардан аспауы тиіс: бензол үлесі көлемнің 1%-нан аспауы керек; ароматикалық көмірсутектер көлемнің 42 және 35%-нан аспауы керек. Осыған байланысты, кешеннің күрделілігі мен ерекшелігін ескере отырып жобалау екі кезеңмен орындалуда [4].

1-кезең:

1. Бензол шығару блогы бар катализаторы үздіксіз регенерацияланатын каталитикалық риформинг қондырғысы.

2. Жалпызауыттық шаруашылық нысандары: экологиялық бағыттағы нысандар; энергетикалық шаруашылық нысандары; тасымалдау шаруашылығы және байланыс нысандары; инфрақұрылым нысандары.

Бұл кезең қазіргі уақытта жүзеге асырылған.


2 кезең:

Ароматикалық көмірсутектерді (паракилолды) өндіру кешені.

Технологиялық схемаға «Axens» компаниясының лицензияцияланған «ParomaX ВТХ» технологиялық кешенінің процесстері енген:

- 1) ксилолдарды бөлу «Eluxyl» процесі;
- 2) ксилолдарды изомеризациялау «ХуМах» процесі;
- 3) толуолды трансалкилдау «TransPLus» процесі [4].

Каталитикалық риформингтің принциптік сызбасы 1-суретте келтірілген.



1-сурет. Каталитикалық риформингтің принциптік сызбасы

- бензолды максималды өндіру;
- 4 тізбектей қосылған өте төменгі қысымдағы реакторларда зерттеу тәсілі бойынша октандық саны 103 тауарлық бензин компоненттері ретінде жоғары октандық фракцияларды алу.

Максатты өнімдер:

- автобензиннің жоғары октандық компоненті болатын риформат;
- жылына 36.35 мың тонна бензол.

2-кезең үшін Axens компаниясы біріктірілген «ParamX ВТХ» атауымен технологиялар жиыны ұсынылған: «Eluxyl» процесі – ксилолдарды бөлу процесі; «ХуМах» процесі – ксилолдарды изомеризациялау процесі; «TransPlus» процесі – толуолды трансалкилдеу процесі; сондай-ақ рафинатты бөлу секциясы.

**2-сурет. Ароматикалық көмірсутектерді өндіру кешенінің схемасы**

Ашық сұр түспен 1-кезең процесстері: шикізат бойынша қуаттылығы жылына 1 млн тонналық «CCR Octanizing» катализаторы үздіксіз регенерацияланатын каталитикалық риформинг және шикізат бойынша қуаттылығы жылына 417 мың тонна болатын «Morphylane» процесі келтірілген [6].

Ароматты көмірсутектер өндіру кешендері екі режимде жұмыс істей алады: автобензинді максималды өндіру режимі және ароматтық көмірсутектерді максималды өндіру режимі [7], яғни әр режимді тиімді басқару мәселелері туындайды.

Ароматикалық көмірсутектерді өндіру кешені жобасын жүзеге асырғаннан күтілетін тиімділікке бірқатар көрсеткіштер жатады, олар:

- «Атырау МӨЗ» ЖШС-ін еліміздің бірыңғай мұнай-химия тізбегіне ендіреді;
- жаңа технологияны өндіру және жаңа өндірісті құру;
- мұнай-химиясы өнеркәсібінің негізгі бағалы шикізаты ретінде бензол мен параксилолды өндіру;

- тауарлық бензиннің сапасын арттыру, сондай-ақ бензиннің құрамындағы ароматикалық қосылстар мен бензолды төмендету есебінен олардың экологиялық сипаттамаларын жақсарту.

Қорытынды: Жұмыста «Атырау МЖЗ базасында ароматикалық көмірсутектерді өндіру кешенін салу» жобасы талданып, оның кезеңдері сипатталған. Ароматты көмірсутектерді өндіру кешенінің негізгі сызбалары: каталитикалық риформинг сызбасы, ароматикалық көмірсутектерді өндіру кешенінің ағындық сызбасы сипатталған.

#### Әдебиеттер

1. Акчулаков Б.У. Развитие нефтехимической отрасли как один из факторов обеспечения устойчивого развития // Экономика, финансы, исследования. – 2007. – №3 (7). – С. 22-25.
2. «Комплексный план развития нефтеперерабатывающих заводов Республики Казахстан на 2009-2015 гг.». Утвержден Постановлением Правительства РК от 14 мая 2009 года №712.
3. Оразбаева К.Н., Баймукашева М.К. Менеджмент. Астана: Л.Н.Гумилов Еуразия ұлттық университеті. – 2014. – 439 с.
4. Оразбаева К.Н., Оразбаев А.Б. Атырау МӨЗ-да бензол өндіру жобасы, оны жүзеге асыру және қолдану мәселелері // Сб. науч. трудов МНПК «Экономические проблемы развития НГО Западно-Казахстанского региона». – Атырау, 2008. – С. 517-524.
5. Сармурзина Р.Г. Нефтехимические производства в Казахстане//НТЖ «Нефть и газ», 2007. – №3. – С. 104-110.
6. Оразбаева К.Н. Қазақстанда мұнай өңдеу тереңдігін арттыру және мұнай-газ өңдеу өндірісін дамыту мәселелерін зерттеу // Труды международного форума «Инженерное образование и наука в XXI веке: проблемы и перспективы. КазНТУ им.К.Сатпаева. – Алматы, 2014. – С. 118-122.
7. Сармурзина Р.Г., Оразбаева К.Н. Проекты строительства комплекса по производству ароматических углеводородов и глубокой переработки нефти на АНПЗ // Научно-технический журнал «Нефть и газ». – 2010. – №2(56). – С. 93-99.



*А. Балтин, студент спец. «ГМУ»  
Научный руководитель: Ж.Е. Нурғалиева, к.э.н.  
КазУЭФМТ*

### МОТИВАЦИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

**Аннотация.** Государственная служба как социально-правовой институт занимает особое место в достижении общенациональных целей и играет важную роль в механизме управления государством. Становление в Казахстане государственной службы, призванной служить обществу и гражданам – необходимое условие построения эффективно функционирующего государства. В связи с этим в настоящее время остро встает вопрос о поиске новых подходов к мотивации профессиональной деятельности государственных гражданских служащих для обеспечения высоких темпов экономического и социального развития государства.

Формирование мотивации профессиональной деятельности государственных служащих,

являлись актуальными во все времена, для стремящихся внести вклад в развитие государства, посредством оптимизации процессов и механизмов систем стимулирования и мотивации. Особенно актуальным это становится в условиях нестабильности мировой экономики и ее влияния на каждое отдельно взятое государство, когда возникает риск того, что государственные служащие не смогут справиться с всё более сложными целями. Именно высокопрофессиональная, квалифицированная и ответственная работа государственных служащих создает возможности для эффективного функционирования государственных органов управления в целом, а также обеспечивает эффективную обратную связь между государством и гражданами страны.

Эти вопросы приобретают первостепенное значение в свете задач, которые поставлены перед Казахстаном на сегодняшний день. Главная задача для страны сейчас – это достижение высокого уровня конкурентоспособности во всех областях и сферах жизнедеятельности государства, общества и граждан страны. Для решения такой сложной задачи имеет, не утрачивающий своего значения, уровень профессионализма и ответственности государственных служащих на всех уровнях государственного управления. Сейчас именно от них зависит, насколько результативно будут выполняться поручения Главы государства, которые призваны создать благоприятные условия для устойчивого экономического роста, в целом для прогрессивного развития страны, а также вовлечения граждан в решение стоящих перед государством задач [1].

В связи с вышесказанным, высокую актуальность приобретают вопросы правильной мотивации труда госслужащих. А для того, чтобы дать правильные ответы на вопросы необходимо, прежде всего, хорошее знание теоретических аспектов рассматриваемого вопроса.

В первую очередь необходимо отметить, что значение категории «мотивация» рассматривается именно с точки зрения науки об управлении. В этом смысле четко проясняет сущность данной категории определение, данное в классическом учебнике западных ученых М. Мескона, М. Альберта и Ф. Хедоури «Основы менеджмента». Здесь приведено такое определение: «Мотивация – это процесс побуждения себя и других к деятельности для достижения личных целей или целей организации» [2, с. 194].

Что такое факторы трудовой мотивации работников? Из определения категории «мотивация», вытекает, что под факторами, формирующими мотивацию работника, понимаются факторы как побудительные силы, которые способствуют выполнению работником определенной задачи. На наш взгляд, можно согласиться с такой сущностной характеристикой факторов. Факторы трудовой мотивации – это силы или мотивы трудовой деятельности, побуждающие работника к качественному труду. И эти силы имеют как внутреннее, так и внешнее происхождение.

К внутренним факторам относятся те побудительные силы, которые рождаются внутри самого человека, в его сознании и возникают, прежде всего, из потребностей человека, его интересов и его целевых установок, диктуемых особенностями индивида, его наклонностями и т.д.

Внешние факторы трудовой мотивации – это те факторы, которые рождаются вне человека из условий среды, например, из политики организации в которой они работают, будь то кадровая политика, политика материального и морального стимулирования и т.д. Зависят также от внутренней корпоративной культуры организации, ее организационной структуры, морально-психологического климата, сложившегося в организации и т.д.

Для более четкой классификации факторов необходимо опираться, конечно же, на существующие в науке теории мотивации. Даже краткий обзор этих теорий сразу же дает развернутое и структурированное видение побудительных сил к трудовой деятельности.

Теории мотивации, как известно, делятся на две крупные группы:

- 1) содержательные теории мотивации;
- 2) процессуальные теории мотивации.

В некоторых случаях в отдельную группу выделяются также и так называемые теории отношений [3, с. 10].

Содержательные теории мотивации определяют, на наш взгляд, базовые причины возникновения мотивов трудовой деятельности людей и соответственно базовых факторов, позволяющих сформировать позитивную трудовую мотивацию работников. Как известно, представители этих теорий

подходят к проблеме с позиции выдвижения на первый план различных потребностей человека и анализа того каким образом эти потребности влияют на трудовую мотивацию работника. В рамках данного исследования затрагиваются теоретические идеи именно основоположника содержательных теорий мотивации А. Маслоу.

В своей теории «иерархии потребностей» А. Маслоу в 1943 г. предложил к рассмотрению следующие потребности человека:

- физиологические потребности;
- потребности в безопасности и уверенности в будущем;
- социальные потребности;
- потребность в оценке и уважении;
- потребность самовыражения или самореализации.

Приведенный выше перечень потребностей не просто список, а именно строгая иерархия потребностей по А. Маслоу. То есть пока не удовлетворены физиологические потребности, речь не может идти о следующей потребности в безопасности и т.д. При этом первые две группы потребностей А. Маслоу относит к категории так называемых базовых потребностей.

Характеризуя физиологические потребности, А. Маслоу пишет: «Физиологические потребности – Потребности, которые обычно выбираются как начальная точка для мотивационной теории, – это так называемые физиологические драйвы. ... Несомненно, эти физиологические нужды – самые важные из всех потребностей. ... Если все потребности (физиологические потребности – примеч. авт.) не удовлетворены и соответственно организм поглощен физиологическими потребностями, тогда все другие потребности могут стать просто неощущаемыми или быть отодвинуты на задний план» [3, р. 602].

Специфические особенности трудовой деятельности государственных служащих предопределены как спецификой самой профессии, так и характерными личностными особенностями людей, выбирающих работу государственного служащего.

К специфическим особенностям трудовой деятельности государственных служащего, а также к особенностям их профессиональных и личностных характеристик можно отнести, на наш взгляд, следующие моменты:

Труд госслужащего объективно направлен на достижение общественно-значимых целей. Такое обстоятельство требует от служащего высокого уровня патриотизма и любви к своему Отечеству.

Государственный служащий, в отличие от всех других работников, является представителем государства на своем участке работы и соответственно действует от имени государства. Такая специфика приводит к высокой степени ответственности за каждое принимаемое госслужащим решение, а также создает в определенной степени стрессовый характер деятельности госслужащего. Соответственно госслужащий должен обладать высокой степенью стрессоустойчивости.

При этом труд госслужащего все время находится под пристальным вниманием граждан страны, а также контролирующих и проверяющих органов, что также является причиной высокой степени психологического напряжения работника в процессе выполнения им своих функциональных обязанностей. Это обстоятельство требует психологической уравновешенности госслужащего.

Деятельность государственного служащего можно в значительной степени признать приближенной к деятельности в сфере услуг, т.к. он не участвует в создании материальных ценностей, а скорее является проводником государственных услуг гражданам страны. В данном случае госслужащий должен хорошо владеть современными и прогрессивными приемами обеспечения высокого уровня сервиса.

В связи с тем, что госслужащий оказывает услуги непосредственно гражданам, т.е. работает с людьми, он должен обладать таким качеством как человеколюбие.

Предметом труда госслужащего является информация, что требует высокой квалификации работника.

Труд госслужащего часто требует высокой степени самостоятельности в принятии решений.

Труд госслужащего по природе своей консервативный, т.к. направлен на обеспечение стабильности в обществе. Соответственно госслужащий также должен уметь просчитывать послед-

ствия своих действий и действий органа, в котором он работает. То есть он должен обладать высокими аналитическими способностями.

При этом труд госслужащего можно отнести к категории творческого труда, т.к. часто требуется принятие нестандартных, оригинальных, креативных решений. Соответственно госслужащий, кроме всего прочего должен обладать еще творческими, креативными способностями.

Труд госслужащего, при соблюдении необходимых условий, открывает перед ним возможности карьерного роста. Причем этот карьерный рост на каждом из ступеней роста обеспечивает все больший и больший объем власти и большую степень влияния на принятие решений в области государственного управления. Следовательно, госслужащий должен быть человеком достаточно амбициозным и нацеленным на постоянный карьерный рост. Не каждый человек обладает таким качеством и не все люди стремятся к власти.

Приведенный перечень специфических особенностей профессиональной деятельности госслужащих, а также их личностных и профессиональных характеристик диктует определенные требования к внутренним мотивам людей, выбирающих работу государственного служащего. Поняв же внутренние мотивы, которые движут людьми при выборе такой тяжелой профессии можно в свою очередь говорить о приоритетности тех или иных факторов, формирующих профессионально-трудовую мотивацию госслужащих.

Проведенный выше анализ специфики профессиональной деятельности государственного служащего, позволяет выделить следующие основные внутренние мотивы, которые могут двигать человеком при выборе такой тяжелой, ответственной и рискованной работы:

- желание служить своему государству и своему народу;
- желание непосредственно участвовать в крупных и важных событиях исторического характера;
- желание быть на переднем плане в деле достижения общественно-значимых целей;
- стремление быть полезным людям;
- желание достигнуть больших карьерных высот;
- желание власти и влияния на людей;
- желание профессиональной и творческой самореализации.

Естественно, что такие мотивы как, например, желание стать богатым человеком или внести свой вклад в развитие науки, сделать какие-то крупные научные открытия или желание написать книгу, либо желание вывести новую породу овец и т.д. не могут войти в вышеприведенный список, т.к. они совсем из других сфер человеческой деятельности. А именно: бизнеса, науки, литературы.

Представленный нами список мотивов человека, идущего на государственную службу, вытекает именно из анализа характерных особенностей профессиональной деятельности госслужащих. Кроме того, такое видение в основе своей не противоречит и выводам современных западных ученых, согласно которым выделяются 4 основных фактора, привлекающих людей на государственную службу: «стремление участвовать в выработке государственной политики; приверженность общественным интересам и государственному долгу; самопожертвование и сострадание» [4].

Как видим самыми серьезными мотивирующими факторами при выборе профессии госслужащего, являются мотивы, продиктованные категориями высокого порядка. А именно: чувство долга, служение обществу и своей стране, помощь людям и т.д. Однако в последнее время факты из современной жизни различных стран, когда государственные служащие начали попираť государственные и общественные интересы, говорят о катастрофическом снижении морального духа госслужащих. Но объяснения этим фактам показали, что выводы А. Маслоу относительно базовых человеческих потребностей являются верными в любое время и в любом государстве. В результате проведенных исследований выяснилось, что причинами такого развития ситуации являются «снижение заработной платы, недостаточная материально-техническая оснащенность для выполнения служебных обязанностей, неадекватный государственный бюджет и давление к тому, чтобы сохранять эффективность при сокращении ресурсов и затрат» [5]. Приведенный факт четко подтверждает вывод о необходимости учета первоочередного фундаментального значения базовых потребностей из теории иерархии потребностей А. Маслоу.



Таким образом, исходя из выводов проведенного выше анализа, можно говорить о перечне факторов трудовой мотивации государственных служащих, воздействие которых руководители организаций/органов государственного управления должны в полной мере учитывать в своей работе.

Мотивация в государственной службе имеет свои особенности. Так термин «государственная служба» определяется по-разному:

- деятельность государственных служащих в государственных органах по исполнению должностных полномочий, направленная на реализацию задач и функций государственной власти [6];
- нанятые государством люди, работающие в сфере государственного управления;
- финансируемая государством служба;
- мотивация людей к внесению вклада во благо общества.

Основа современного понимания мотивации государственных служащих, на наш взгляд, была заложена в статье Перри и Уайз (1990) как «предрасположенности человека к реакции на мотивы, лежащие в основном или исключительно в государственных органах или организациях» [7]. Это стремление служить на благо общества.

В одном из исследований Дж. Перри были определены четыре основополагающих фактора, которые привлекают людей в работе на государственной службе.

- 1) стремление участвовать в выработке государственной политики;
- 2) приверженность общественным интересам и государственному долгу;
- 3) самопожертвование;
- 4) сострадание.

В другом исследовании мотивы к работе на государственной службе были классифицированы по разным «ориентациям на оказание помощи»: самаритяне, определяемые как оказывающие услуги нуждающимся; общественники – общественные активисты, патриоты – те, кто ценит службу своей стране, и гуманитарии, которые работают во благо более широких интересов человечества [8, p. 17].

Литературный обзор показал, что необходимо учитывать то факт, что люди, работающие в государственном и частном секторах, отличаются по своему внутреннему желанию служить. К факторам, определяющим степень приложения усилий работниками на рабочем месте, зависит от ряда факторов, таких как черты характера и различие внутренних и внешних вознаграждений, которые привлекают его, с учетом черт характера.

Работники государственного сектора считаются и должны быть более альтруистичными по сравнению с работниками, занятыми в частном секторе. Однако нередко в отношении работников государственного сектора складывается стереотип об их инертности и ленивости. Согласно результатам, британского исследования, направленного на изучение мотивации чиновников, на основании данных за длительный период было обнаружено, что работников, занятых в государственном секторе, привлекают внутренние вознаграждения, в связи с чем они более привержены своей организации.

При этом считаем неправильным полагать, что все государственные служащие мотивированы исключительно высшим благом, как это следует из теории приобретенных потребностей Мака Клееланда, который, в своих трудах, выделял потребности исключительно высшего уровня (потребности в успехе, во власти и причастности).

Сотрудников с потребностью власти следует ориентировать и готовить к руководящим должностям, при условии обладания ими необходимыми компетенциями. Такие работники, чаще всего, проявляют себя как энергичные откровенные люди, стремящиеся к конфронтации и отстаиванию своих позиций. Управление дает таким людям возможность реализации своих лидерских качеств, так как они способны ставить амбициозные цели в коллективе и брать на себя инициативу, достигая высоких командных результатов [9].

В действительности, занятых в государственном секторе, мотивируют как внешние, так и внутренние факторы. Внешние факторы важны, но влияние их на эффективность и результативность чиновников исследована многократно и всесторонне. Наша же первостепенная задача стоит в исследовании влияния внутренних факторов, которые являются основой мотивации профессиональной деятельности работника любой сферы и государственного сектора, в частности.

Отсюда следует, что все условия, необходимость в которых диктуется факторами, вытекающими из потребностей высокого порядка, должны создаваться в организации практически одновременно. Конечно же, специфика какой-либо организации и специфика ее кадрового состава будут определять иерархию актуальности тех или иных факторов. Отсюда вытекает необходимость перестроения системы мотивации профессиональной деятельности отечественных государственных служащих с целью ее адаптации каждой отдельно взятой государственной структуре/организации. То есть, такая система должна быть гибкой и это является одним из условий, приводящих к отсутствию иерархии в этой системе факторов. Но при этом, как было выявлено в процессе анализа, факторы базовых потребностей являются главными и фундаментальными. Первоочередной учет базовых потребностей работника – это обязательное правило формирования адекватной системы трудовой мотивации госслужащих.

#### Литература

1. Н. Назарбаев о госслужбе: Увольнения сократились в 2 раза. «Казинформ» // [https://www.inform.kz/ru/nursultan-nazarbaev-o-gossluzhbe-uvol-neniya-sokratilis-v-2-raza\\_a3038679](https://www.inform.kz/ru/nursultan-nazarbaev-o-gossluzhbe-uvol-neniya-sokratilis-v-2-raza_a3038679).
2. Мескон М., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента. – М.: Дело, 1997. – 493 с.
3. Маслоу А.Г. Теория человеческой мотивации / Пер. на рус. язык С.А. Четвертакова, 2013. [http://www.sergeychet.narod.ru/bibl\\_psy/hummotiv1943.htm](http://www.sergeychet.narod.ru/bibl_psy/hummotiv1943.htm). 26.01.2017.
4. Макклелланд Д. Мотивация человека / Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2007. – 672 с.
5. Херцберг Ф., Моснер Б., Блох Снидерман Б. Мотивация к работе / Пер. с англ. Д.А. Куликова. – М: Вершина, 2007. – 240 с.
6. Органы государственной власти (2017). [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30014155#pos=0;0](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30014155#pos=0;0). 28.07.2017.
7. Perry J.L., Wise L.R. The motivational bases of public service // Public Administration Review. – 1990. – Vol. 50. – №3. – P. 367-373.
8. Perry J.L., Hondeghem A. Motivation in Public Management: The Call of Public Service. – New York: Oxford University Press, 2008. – 352 p.
9. McClelland D.C. The achieving society. – NY: Irvington Publishers, 1976. – 512 p.



*А. Бейсенбекова, «Мемлекеттік және жергілікті басқару»*

*мамандығының студенті*

*Ғылыми жетекші: Г.Қ. Амирова*

*ҚазЭҚХСУ*

#### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ФРАНЧАЙЗИНГТІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақала франчайзингті заманауи экономиканы дамыту құралы ретінде пайдалану мәселесіне арналған. Франчайзинг ұғымдары, түрлері, сондай-ақ франчайзингтік қатынастардың артықшылықтары қарастырылған.

**Кілт сөздер:** франчайзинг, франчайзор, франчайзи, субфранчайзинг.

Қазір кез келген кәсіпкер өз тауар маркасын дүниеге алып келіп, оны заңды тіркей алады. Бірақ тауар маркасын брендке айналдырып, оны қоғамға танымал ету үшін қыруар қаражат керек. Сонымен қатар коммибоя жерлердің белсенді жұмысы, жарнамалық компания тағы басқа рухани және материалдық ресурстарды қажет ететін жұмыстар жасалуы керек. Мұндай инвестицияны Қазақстан кәсіпкерлерінің басым бөлігінің қалтасы көтермейді. Сондықтан қазіргі кезде кәсіпкерлерге франчайзинг арқылы танымал тауар маркасын қолдану құқығын сатып алған өте ыңғайлы. Бұл жағдайда ірі компания – франчайзор кәсіпкерге қажетті технологиямен қамтамасыз етіп,

қызметкерлерді оқытуға кепілді. Ал кәсіпкер болса, тек осы компанияның тауар маркасын қолдануға міндетті. Осындай себептерге байланысты бизнесті ұйымдастырудың франчайзингтік формасының қалыптасуы мен дамуының ұйымдық-экономикалық тетіктерін әзірлеу басымды бағыт болып саналады.

Республикадағы бизнесті дамыту болашағы бар нысандарыны бірі франчайзинг болып табылады.

Замануи халықаралық бизнес үшін онық дамуына кедергі келтіретін бірқатар факторлардың болуымен сипатталады. Атап айтқанда, өндірілген өнімді жүзеге асырылуын кеңейту, ірі фирмалардың дилерлік желісіне мамандарды тарту, шағын бизнес кәсіпорындарының тиімділігін арттыру және жұмыс мерзімін қысқарту қажеттілігі бар. Сонымен бірге, шағын және ірі бизнес кәсіпорындарының өзара қызметінде қиындықтар пайда болады.

Аталған мәселелерді шешу үшін жаңа экономикалық механизмдер қажет. Ондай механизмдердің бірі франчайзинг болып табылады, ол шағын және ірі бизнестің артықшылықтарын біріктіруіне байланысты шағын кәсіпкерліктің өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда «Кока-Кола», «Адиас», «Ксерокс», «Шелл», «Макдоналдс» және көптеген басқа сондай-ақ фирмалар сияқты танымал тауарлық белгілермен белгіленген тауар және қызметтермен Қазақстанда ешкімді таңғалдыра алмайсын. Бұл тауарлық белгілер жоғары беделі бар нақты өндірушімен тікелей байланыстырылады, және жанама түрінде тауар мен қызметтердің жоғары сапасын көрсетеді [1].

Экономикалық дамыған елдердің тәжірибесін зерттей келе, бүгінгі таңда шағын бизнесті дамытудың негізгі бағытына әр түрлі желілік құрылымдарды жатқызуға болады. Осындай құрылымдарға негізделіп, шағын бизнес кәсіпорындары өзара көмек пен қолдау үшін шарттарды жасау арқылы сәтті ынтымақтастықтың мүмкіндігіне ие болады. Желілік құрылымдардың жарқын мысалы – франчайзинг моделі бойынша жұмысты ұйымдастыру.

Замануи жағдайда франчайзинг шағын бизнесті дамытудың оптималды және тиімді тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады. Бір жағынан, бұл белгілі сәттілікке жеткен және болашақта дамығысы келетін кәсіпорындар үшін тән. Ал басқа жағынан, кәсіпкерліктің мұндай формасы ірі танымал компания қарамағында бизнеспен айналысы келетін ұйымдар үшін қажет. Олар жаңа білім, тәжірибе ала алады, бизнестің инновациялық технологияларын және оны ұйымдастырудың әдістерін меңгеріп, қолдана алады. Осындай ынтымақтастық ірі және шағын кәсіпкерліктің интегрирленген формасы болып табылады; ол екі жақтың экономикалық мүдделерінің қажетті балансын ескереді [2].

Ғалымдардың көбісі франчайзинг деп өзара қатынастардың жүйесін түсінеді; ол жоқ дегенде екі контрагенттен тұрады: франчайзор өзінің тауарлы маркасын, ноу-хау және өндірістік жүйесін лицензиялайды немесе сатады, ал франчайзи франчайзорға бизнеске құқығын берген үшін бастапқы жарнаны және сервистік төлемді (роялти) төлейді.

Одан басқа, кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, венчурлік – бизнесті ұйымдастырудың тәсілі; ол бірыңғай сауда маркасы бар біркелкі кәсіпорындардың кең желісін құруды болжайды.

ҚР-ның франчайзинг туралы Заңында келесі анықтама беріледі: кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) – бұл кәсіпкерлік қызмет; онда айрықша құқықтар кешенінің құқық иесі басқа тұлғаға ақысыз құқығын пайдалануға береді. Экономика түсінігіне зерттеушілердің әртүрлі көзқарастары қосымша көрсетілген. Замануи инновациялық экономикада салыстырмалы жаңа құбылыс болып табылады, бірақ оның түптері ортағасырлық заманымен байланысты [3].

Ал бірақ франчайзингтің коммерциялық жүйесінің дамуына үлкен ықпал АҚШ-да жасалынған, мұнда франчайзинг «Зингер» тігу машиналарын өндіру бойынша американдық компаниямен қолданған. АҚШ-да 50-60-шы жылдары франчайзинг тез тарай бастады. Ол кездегі мемлекеттің саясаты – араласпау болып табылады, яғни Қазақстан заңнамалығының қазіргі жағдайына тиесілі. Оған сонымен қатар АҚШ-да тауарлы белгі туралы заңның қабылданғаны көмектескен. Күнделікті сұраныстағы қызметтер мен тауарлар, тез қызмет көрсету асханалары франчайзинг жүйесі бойынша жұмыс жасайтын көптеген фирмалардың незігі болды.




1-сурет. Іскерлік форматтағы франчайзингтің дамуына әсерін тигізетін факторлар\*

\*Ескерту – [4] негізінде автормен құрастырылған

Көп елдерде қонақ үй және мейрамхана құрудың франчайзингтік жүйесі ерекше тез дами бастады. Бұған АҚШ-да тауарлы белгі туралы заңның пайда болуы ықпал еткен. Қызмет көрсету сапасы жағынан жеткілікті жоғары беделі, бәсекелестер арасында өзінің жеке ерекшіктері бар өнім, жұмыс немесе қызметтерді өндіруші кәсіпорын белгілі шарттар негізінде тауарлы белгіні (тауарлы марканы) сатып алатын.

Экономика негізінде сауда, қызмет көрсету және қоғамдық тамақтандыру сферасында, сонымен қатар аз дәрежеде – өндіріс сферасында тараған. Осыған байланысты франчайзингтің түрлері мен формаларын ажыратады.



2-сурет. Франчайзинг түрлері\*

\*Ескерту – [5] негізінде автормен құрастырылған

Сурет 2 сәйкес, дәстүрлі франчайзинг келесі түрлерге бөлінеді: өткізім, тауарлық, өнеркәсіптік және іскерлік.

Франчайзингтің формалары франшиза шарттарымен беріледі және франчайзер мен франчайзи арасында міндеттердің бөлінуімен анықталады. Халықаралық тәжірибеде, 3 суретте көрсетілген, франчайзингтің бес негізгі формасын ажыратады.

Тікелей аумақты шектеп, бизнесті жүргізу бойынша белгілі бір тұлғаға (бір кәсіпорынға) құқықты беруді білдіреді. басты кәсіпорынмен тек қана бір кіші компанияға сатылады. Басқа тұлғаларға құқықты беруге болмайды. Тікелей франчайзингтің кемшілігі нарықты баяу меңгеру болып табылады.



3-сурет. Халықаралық тәжірибеде қолданатын франчайзинг формалары\*

\*Ескерту – [5] негізінде автормен құрастырылған

Дәйекті. Бұл формада бас компаниясы кіші компанияға бірнеше франшизаны сатады. Бірақ франшизалар бірте-бірте беріледі. Яғни берілген франшизаны алған кәсіпорын дұрыс пайдаланғанын көргеннен кейін франчайзер келесі франшизаны береді. Франчайзингтің осы формасы ең тиімді болып табылады.

Аумақты дамыту (аумақты әзірлеу) аумақты әзірлейтік франчайзиге франчайзер атынан бірнеше франчайзилермен келісімшартқа тұру құқығын бекітуді болжайды. Мұнда бұрын ашылған кәсіпорындарда жұмысты толық бір жолға қоюын күту қажеттілігі жоқ. Әдетте бұл жағдайда франчайзинг келісімшартында жазылады: бекітілген аймағында және қандай мерзімде кіші компаниялардың қанша саны ашылады. Әзірлеушінің міндеті франчайзилерді іздеу және болашақта оларға қажетті көмек көрсету болып табылады.

Бұл формада бекітілген аумақта франчайзер субфранчайзерге өз құқығының көп бөлігін береді, ол құқықтың ішіне өз кәсіпорнын ашу және үшінші тұлғаларға франшизаны сату құқығы да кіреді. Субфранчайзер (оны орташа компания деп атауға болады) белгілі аумақта басты фирманың орынбасар ролін атқарады. Бірақ құқықтан басқа, оған басты компанияның міндеттері де ауысады: кіші компанияны қолдау, кеңес беру және келісімшартта айтылған басқа қызметтерді көрсету.

Субфранчайзингке мастер-франчайзинг өте жақын және, әдетте, ірі халықаралық желілердің қызметінде қолданады. Бекітілген аумақ ретінде негізінде бір ел немесе елдердің тобы болады. Бұл жағдайда франчайзерден мастер-франчайзиге құзыреттіліктердің толық және эксклюзивті берілуі болжанады. Ол франчайзердің қызмет көрсетудің барлық спектірін орындай отыра, өз кәсіпорындарын ашудың және үшінші тұлғаларға франшизаны сатудың шектелмеген құқығын алады. Мастер-франшизаны сатуда франчайзерге төленетін табыстың үлесі анықталады.

Қорытынды. Бастапқы кәсіпкерлерді алаңдатып отырған негізгі мәселе – өз бизнесін дамытудың бастапқы кезеңін қалай жеңуге болады. Барлығына мәлім, қазақстандық кәсіпкерлер көптеген проблемаларға тап болады. Франчайзинг көп проблемаларды шешудің бір жолы болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Манап А.С. Қазақстан Республикасында франчайзингті дамыту. – Алматы, 2012. – 108 б.
2. Кисиков Б. Франчайзинг в Казахстане. – Алматы: Образовательный фонд «игілік». – 2011. – 292 с.
3. Дусембаев А.А. Франчайзингтік бизнес: қалыптасу үрдісі және ерекшеліктері. – Қарағанды университетінің хабаршысы. Экономика сериясы. – №4. – 101-107 бб.
4. Франчайзингтік терминология <http://triarh.kz/franchajzing/terminologiya-franchajzinga/> -27.01.2014.
5. ҚР 2002 жылғы 24 маусымдағы №330-ІІ Заңы Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы.



**Н. Жуандық**, «Менеджмент» мамандығының студенті  
Ғылыми жетекші: **М.У. Уажанов**, Ph.D, аға оқытушы  
ҚазЭҚХСУ

### БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада университеттің білім беру процесін ұйымдастыру мен басқарудың бағыттары талқыланады. Ұйымдастырушылық қызметтің ағымдағы жағдайын талдау және басқару тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары анықталды. Студентті диплом алғаннан кейін бәсекеге қабілетті, білікті маман болатындай етіп үйрету керек. Яғни, бүгінгі заманға сай білім беру керек. Практика жүзінде, мотивация беру арқылы студенттердің қызығушылығын арттыру үшін қандай әдістер қолдану керектігі қарастырылды. Мамандық бойынша арнайы кабинеттердің керектігі жайлы айтылған. Модульдық оқыту технологиясы қарастырылды.

Бүгінде білім берудің маңызды бағыттарының бірі – оны дамыту және белсенді іске асырудағы заманауи технологияларды қолдану. Заманауи технологияларды қолдану кез келген ұйымдағы басқарушылық қызметтің тиімділігін арттырудағы маңызды қозғаушы күштердің бірі.

«Технология» сөзі грек тілінен шыққан: «techne» – өнер, шеберлік және «logos» – ғылым, заң. Яғни «Технология» – шеберлік ғылымы. Жоғары кәсіби білім беру контексіндегі біздің заманымыздың қазіргі үрдісі, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қанағаттандыруға арналған заманауи технологияларды енгізу болып табылады. Студенттің танымдық және шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін оқу үрдісі заманауи білім беру технологияларын қолданады. Білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Оқу уақытын пайдаланып, репродуктивтік қызметтің үлесін азайтады.

Ғылыми-техникалық прогресс – кез келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізгі саласы. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық даму, көркейтудің негізгі жолы ғылыми-техникалық және инновациялық салада лидер болу. Инновациялар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогрестің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады [1].

Заманауи, инновациялық білім беру мекемесі жоғары бәсекеге қабілетті болу керек. Ол әр түрлі білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, жоғары білікті мамандарға ие болып, корпоративтік оқыту жүйесін белсенді пайдалануға дайын болуы керек. Әдетте, заманауи білім беру мекеме, қаланың, облыстың, елдің білім кеңістігінде көшбасшы болып табылады. Заманауи институттың айқын сипаттамасы оның инновациясы болып білім беру қызметі табылады. Бұл дегеніміз, ол дамып, белсенді түрде жүзеге асыруда қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен бағдарламалары әрдайым жаңартып отырады.

Профессор Вассерманның айтуынша, заманауи сын-қатерлерге жауап беру үшін жоғарғы оқу орны мен қызметкерлерге – заманауи, тиімді, мобильді, табысқа жету керек. Нақтырақ айтқанда, Вассерман технологиясына сәйкес мұғалім сабаққа арналған жоспарларды дайындамайды, олардың жазуы көп уақытты қажет етеді, бірақ арнайы тренажерларды пайдаланады. Сабақтардың жақсы құрылған схемасы арқасында сабақ динамикалық түрде жүргізіледі, әрбір студент материалды дамытуға қатысады. Аудиторияда ешқандай «ұйықтайтын» (1-сурет) немесе өз жұмысын ойлап отырған студенттер жоқ: бәрі ойлау үдерісіне қатысады және сабақ аяқталғаннан кейін әр адам баға алады. Студенттер пәндер мен академиялық көрсеткіштерді, мерекелерді ұйымдастыруға қатысады. Профессор сенімді: мұндай қатысу студенттердің өздері үшін оқу процесін қызықтырады, оларды жауапкершілік пен тәуелсіздікке үйретеді. Мұғалім мен студенттердің барлық қадамдары секундтарда жазылған: жұмыс түрі, рейтингтік жүйе, студенттерге берілетін жеңілдікте, бонустар, студенттердің өзара қолдау және мотивация көрсетуі болып табылады [2].

Менің ойымша, мұғалімдерді қағаз жазудан босату керек. Бұл жұмысты басқа адам атқару керек. Мұғалім тек студенттерге білім беріп, алдағы жұмысқа дайындауы қажет. Қазіргі таңда студенттердің өз мамандығы бойынша жұмыс істей білмейтіндігі көрінеді. Яғни, университетте көбірек практикаға көңіл аударғаны жөн. Мысалы, мен «Менеджмент» мамандығында оқимын. Менеджмент мамандығы бойынша арнайы кабинеттің болуын қалаймын. Осы кабинетте әр түрлі жағдайлар тудырып, сол жағдайды шешудің жолдарын практика жүзінде талдау керек (2-сурет). Яғни, осының мақсаты студенттерді группаларға бөліп, әр студенттің сөйлеу шеберлігін, қиын жағдайдан шығу амалдарын табу білуге үйрету. Ол үшін кабинеттер арнайы құралдармен жабдықталуы керек. Өзін жақсы көрсеткен студенттерге бонус ретінде арнайы материалды сыйақылар беру арқылы мотивациялау. Осылайша, білім беру деңгейі артады, студенттер материалды тек білім беру мекемесінде болғанда ғана емес, одан тыс жерлерде де зерттеуге тырысады. Бос уақыттарын көшеде жүрмей, материал іздеумен уақыттарын тиімді өткізеді. Студенттерді сессия кезінде осындай практикалар жүзінде бағалап, ат салысқан студенттерді шынайы бағалау керек.

Тағы көбірек тәжірибесі бар адамдарды шақыру керек. Жетістікке жеткен адамдардың өмірлік тарихын тындап, студенттер сол адам сияқты болуға талпынады. Жалпы айтқанда сабақтарды қызықты өткізудің түрлі амалдарын қолданып, бәсеке жарамды студенттерді дайындау қажет.

Жалпы білім беру технологиясын талдау барысында ХХІ ғ. білім берудің мақсаттары: өмір сүре білу; жұмыс істей білу; оқуға қабілетті.



1, 2-сурет. Білім алушы сабақ материалдарына қызығушылық танытпауда

Білім берудің интеграциялық нәтижесі ретінде жеткілікті құзыреттерді іздестіру керек. Құзыреттер білім беру үдерісінде: технология; білім мазмұны; білім беру мекемесінің өмір салты; оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара әрекеттесу түрі болып табылады. Алғашында технологиялық тұрғыда білім беру процесінің басқарылуына назар аударылады, ол нақты мақсаттарына жетуді білдіреді.

Кесте. Жалпы білім беру технологиясын талдау

| Аты                    | Мақсаты                                                                                                                | Мәні                                                      | Механизмі                                                    |
|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| Шоғырландырылған оқыту | Адамның қабылдауының табиғи психологиялық сипаттамаларына мүмкіндігінше жақынырақ білім беру үдерісінің құрылымын құру | Сабақтарды блокта біріктіру арқылы пәндерді терең зерттеу | Оқушылардың жұмыс істеу динамикасын ескеретін оқыту әдістері |
| Модульдік оқыту        | Икемділікті қамтамасыз ету, оны жеке тұлғаның жеке қажеттіліктеріне бейімдеу, оның базалық тренингінің деңгейі         | Жеке оқу жоспарымен студенттердің өзіндік жұмысы          | Проблемалық көзқарас, жеке оқыту деңгейі                     |
| Жоба бойынша оқыту     | Студенттердің әр түрлі дереккөздерден тыс білімін дербес және өз еркімен алуға болатын жағдайларды жасау               | Шығармашылық ойлауды дамыту<br>Топтық жұмыс тәжірибесі    | Жылдам жаһандық проблемалар және инновациялық оқыту әдісі    |

Білім берудің гуманитарлық парадигмасына көшудегі технологиялық білімнің мақсаты студенттің жеке жетістіктері болып табылады:

а) адамның білім беру ісіндегі бұрынғы көріністеріне қатысты прогресс дәрежесі (Л.С. Илюшин);

б) оқушыны білімді, дағдыларды меңгеру, психикалық процестерді дамыту, жеке қасиеттерін меңгеру үдерісіндегі жетістіктер сатысында жеке жетілдіру (А.М. Майоров). Жеке жетістіктер бүгінгі күні білім беру процесінде студенттердің құзыреттілігі деңгейімен байланысты.

#### 1. Модульдік оқыту технологиясы.

Модульдік технология білім беру үдерісін студенттің дербес (толығымен немесе ішінара) мақсатты дараланған бағдарламаны меңгеруіне түрлендіреді.

Модульдік оқытудың негізі – оқытудың модулі, ол мыналарды қамтиды: ақпараттың толық



блогы, студенттік іс-әрекеттердің мақсатты бағдарламасы; мұғалімнің табысты іске асыруы туралы ұсыныстары (кеңесі).

Модульдік технология оқытуды жекелендіруді қамтамасыз етеді: тәуелсіздік деңгейіне сәйкес ассимиляция жылдамдығына сәйкес оқыту мазмұны бойынша оқытудың әдістері мен әдістеріне сәйкес бақылау және өзін-өзі бақылау әдістеріне сәйкес.

Басқа жүйелерден модульдік оқытудың негізгі айырмашылықтары келесідей:

1) оқыту мазмұны аяқталған тәуелсіз кешендерде көрсетіледі, оның меңгеру мақсатқа сәйкес жүзеге асырылады. Мақсат студент үшін қалыптасады және зерттелетін мазмұн көлемі туралы ғана емес, сонымен қатар оның ассимиляция деңгейінде де көрсетіледі. Бұдан басқа, оқушы ұтымды түрде әрекет ету туралы оқытушының жазбаша кеңесін алады;

2) мұғалімнің оқушылармен байланысының нысаны өзгереді. Ол модульдер арқылы жүзеге асырылады және, әрине, жеке байланыс процесі басқарылады;

3) студент өзіне көп уақыт жұмсайды, мақсатты белгілеу, өзін-өзі жоспарлау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылауды үйренеді;

4) жеке кеңес беру проблемасы, студенттерге доза көмегі жоқ.

Модульдік оқытудың мақсаты – студенттердің тәуелсіздігін дамытуға, олардың оқу материалын дамытудың жеке тәсілдерін ескере отырып, жұмыс істеу қабілетін дамыту.

#### Әдебиеттер

1. Инновационный менеджмент: Учебн. пособие / Под. Ред. д.э.н. А.В. Барышевой. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2007. – 384 с.

2. Реформы в образование: ТипО: эксперименты и инновации, Школа на БиС <http://apgazeta.kz/2017/04/01/reformy-v-obrazovanii-tipo-eksperimenty-i-innovacii-shkola-na-bis/>

3. Электронды әдебиет көзі «Современные технологии образования». [www.gymnasia8.kz/download/metodist/761](http://www.gymnasia8.kz/download/metodist/761)



**Ж. Жұбатқан, А. Мүталін, «Менеджмент» мамандығының студенттері**

*Ғылыми жетекші: М.У. Уажанов, Ph.D, аға оқытушы*

*ҚазЭҚХСУ*

### МЕНЕДЖМЕНТ ҰҒЫМЫН ЖАСТАРДЫҢ ДҰРЫС ҚАБЫЛДАМАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Мақала барысында қазіргі кездегі менеджмент мамандығының қоғамдағы рөлі туралы қарастырылады. Жастар арасында не себепті мамандыққа сұраныс жоқ және сол жағдайды шешу үшін қандай технологиялар қолдану керектігі. Сол мәселелерге байланысты сауалнамалар мен ұсыныстар.

Қазіргі заманғы Қазақстан менеджментінің қалыптасу тарихы мен дамуын XX ғ. 50-ші жылдарынан бастап қарауға болады. Алғашқы қазақ инженер-менеджері, өндірісті ұйымдастырушысы Қ.И. Сәтпаев болды. Ол бірінші кеншілердің еңбек өнімділігі мен адамдардың еңбекке деген мотивация мәселелерін, жұмысшылардың, кәсіподақтардың кәсіпорындармен және Балқаш пен Жезқазғанның тау-кен байыту комбинаттарындағы еңбек процестерімен байланысты сұрақтарын шешті. Оның басқару стиліне тән ең маңызды ерекшелік, ол зерттелінетін нақтылы материалдарды терең ғылыми жүйелеу мен жалпылау болатын. Бұл жерде нағыз білгірдің әдеттен тыс басқару ойы көрінеді.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Мәселенің барлығы менеджментке тіреледі. Неге біз жаппай жекешелендіруді бастадық? Өйткені мемлекет жақсы менеджер емес. Бюджеттен шығатын қаржы болғандықтан оған иесі жоқ қаржыдай қарайды. Содан коррупция, содан ұрлық



шығады. Ал егер өндірістің меншік иесі болса, қожайыны барлық қаржысын есептеп, кәсіпорынның пайда әкелуіне, өнімділікті арттыруға жұмыс жасайды. Сондықтан біз үшін менеджмент деген өте қажет нәрсе. Қазір біз мемлекеттік активтерді жекешелендірудің екінші кезеңіне аяқ бастық. Өндірістерді жекеменшікке беру керек. Мемлекеттің міндеті басқа», – деген болатын. Қазіргі жағдайда біздің еліміздің тұрақты дамуының басымды бағыты Қазақстан экономикасында қазіргі менеджментті қолдану жөнінде теориялық тұжырымдама жасақтау болып табылады. Қаржы экономикалық факультеті бизнес және менеджмент факультеті ретінде 1993 ж. негізделді, факультетті құру қажеттілігі Қазақстан Республикасы экономикасының дамудың нарықтық жолына өтуімен негізделді. Қазақстанда менеджмент пәні бойынша алғашқы қазақша оқулық профессор К.Ғ. Ахметовтың «Менеджмент негіздері» (1993 ж.) кітабы болып есептелінеді. Біздің пікірімізше, ол қазақстандық менеджмент мектебінің негізін қалаушылардың бірі болып табылады. «Менеджмент» мамандығы бүгінгі таңда аса танымал мамандықтардың қатарына жатады. Менеджмент мамандығы кез келген саладағы компанияларды және ұйымдарды басқару бойынша білім береді. Менеджер – бұл басқалардың жұмысын ұйымдастыруға және бақылауға қабілетті маман. Бірақ оның қолданылу саласы және білімі әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан да бұл жан – жақтылықты талап ететін мамандықтың бірі.

Зерттеу жұмысы барысында осындай ой-пікірлермен таныс болдық:

«Мен менеджер мамандығын бітірдім. Маған мамандық ұнайды, егер тілек пен қызығушылық болса-бәрі шығады!» – Гүлжан.

«Мен осы жылы менеджмент мамандығын бітірдім, маған мамандығым қатты ұнайды, бірақ қазір жұмыспен проблемалар бар, барлық жерде жұмыс тәжірибесі қажет, бірақ мен жақсы жұмыс орын табамын деп ойлаймын» – Нұрбол.

«Менің ойымша, менеджер мамандығы біздің уақытта өте маңызды және сұранысқа ие мамандық» – Айдана.

«Мен менеджер болғым келеді. Менің әлі оқушы болсамда сол салда жұмыс жасап жүргенімді елестетемін және болашаққа жоспар құрамын» – Айман 10-сынып оқушысы.

«Менеджмент мамандығы туралы көп нәрселер білмеймін және бұл мамандықты таңдауға қорқамын» – Анара 11-сынып оқушысы.

«Мен 9 сынып оқушысымын менің алдымда таңдау тұр менеджер болу немесе мемлекеттік қызметкер болу, менің жақындарым мемлекеттік қызметкер болсаң жақсы болар еді дейді. Енді қандай таңдау жасарымды білмеймін» – Арман.

«Мен алғашында менеджмент мамандығын тек сауда орындарын да сатушы болып жұмыс істеу деп ойлады, негізінде олай емес екен.....» – Жадыра.

«Мен қазіргі таңда менеджер болып жұмыс жасаймын жалақысы да жақсы, бірақ менің оқу орындарыма ұсынысым тәжірибе сабақтары көп болса екен деген ойым бар» – Алма

«Менеджмент мамандығына түсудегі басты мақсатым өзімнің жеке кәсібімді ашу болып табылады және сол мақсатқа жетемін деп ойлаймын» – Жанат 3 курс студенті

«Бұл мамандыққа оқуға түскеніммен болашақта осы мамандықпен жұмыс жасауым белгісіз, өзімді басқа салда байқап көрсем деп жүрмін.....» – Арслан 2курс студенті.

«Менеджмент мамандығы туралы біздің елде толық түсінік қалыптаспаған сондықтан көбісі таңдай бермейді. Бұл мамандық бойынша жастардың түсінігін кеңейту керек» – Нысан.

«Осы жылы менеджмент мамандығын бітірдім, жұмысқа орналастым және осы мамандықты таңдағанымға қуаныштымын» – Айсұлу.

Осы алынған пікірлер аясында студенттерден, жас мамандардан, мектеп оқушыларынан сауалнама жұмысын жүргіздік. Сауалнама жүргізу барысында қазіргі таңдағы менеджмент мамандығының қандай сұранысқа ие екенін және мамандық таңдау көрсеткішін көруге болады.

### **Менеджмент мамандығы бойынша өткізілген сауалнамалар:**

1. ҚАНДАЙ БІЛІМ ҚАЖЕТ  
Жоғары кәсіби білім

Осы сауалнама менеджердің мамандығы бойынша жұмыс істеу үшін тиісті мамандық бойынша немесе менеджер жұмыс істеуге мүмкіндік беретін мамандық бойынша жоғары кәсіптік білім туралы дипломның болуы міндетті екендігін көрсетеді. Орта кәсіби білім менеджер болу үшін жеткіліксіз.





## 2. МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ

Өзірге білмеймін – Сауалнама көрсеткендей, сауалнамаға жауап берген көптеген менеджерлер жауабы, осы мамандық бойынша қызмет ететіні белгісіз.

## 3. МАМАНДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Жеткілікті сұранысқа ие

Менеджер мамандығының өкілдері еңбек нарығында сұранысқа ие. Жоғары оқу орындары осы салада көптеген мамандарды даярлайтынына қарамастан, көптеген компаниялар мен көптеген кәсіпорындарда білікті менеджерлер қажет.



## 4. АТА-АНАЛАР БАЛАЛАРҒА МАМАНДЫҚТЫ ҰСЫНУҒА ДАЙЫН БА?

Мейлі, өзі шешеді.

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі балаларға болашақ мамандықты таңдау құқығын беруді қалайды және олардың отбасында менеджер мамандығын жалғастыруын талап етпейді.

Зерттеулер мен тәжірибелер нәтижесінде туындаған біздің ұсынымыз:

1. Менеджмент мамандығы оқыту жүйесіне жаңартулар енгізу.
2. Белгілі қазақстандағы топ менеджерлермен кездесулерді ұйымдастыру.
3. Жастарды бұл мамандыққа қызықтыру үшін арнайы маркетингтік жүйелер енгізу.

4. Жаңа қазақ менеджментін көрсету (жаңа түсінік қалыптастыру).
5. ХХІ ғ. басқару саласында жеткен Қазақстандық басшылар туралы жиі мәлімет беру (мотивациялау).

#### Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2007 ж. 28 ақпан. <http://adilet.zan.kz>
2. Электронды әдебиет көзі: [https://moeobrazovanie.ru/professions\\_menedzher\\_statistika.html](https://moeobrazovanie.ru/professions_menedzher_statistika.html)
3. Нәрібаев Қ., Жұмамбаев С., Менеджмент. Оқулық. – Алматы, 2010.



*Г. Кульчикова, «Менеджмент» мамандығының студенті*  
*Ғылыми жетекші: М.У. Уажанов, Ph.D, аға оқытушы*  
*ҚазЭҚХСУ*

### САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ҚАЛАНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОР РЕТІНДЕ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі заманауи ақпараттық-технологиялар ел экономикасына жағымды әсер етуші фактор ретінде қарастырылған. Соның ішінде сандық технологияларды кеңірек қарастыра отырып, елімізде «ақылды қалардың» пайды болуы туралы және олардың елімізге тигізетін әсері қарастырылған.

Сандық технологиялар барлық елдер де қарқынды даму алып жатқан ең басты салалардың бірі болып табылады. Сол себепті Қазақстанда да бұл сала тұңғыш президент қабылдаған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша өз жұмыстарының алғашқы қадамдарымен танысатын боламыз.

Қазіргі уақытта заманауи ақпараттық-технологиялардың мүмкіндігі зор. Мамандардың айтуынша, оның ең сапалысы – цифрлы технология. Қай салада болмасын, бұл технология жұмысты жеңілдеті түсуде.

Сандық технология (англ. Digital technology) – дискретті жүйенің ақпаратты кодтау әдісі, ол қысқа мерзімде көптеген проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Әр дәуірдің өз талап-тілегі бар. Жаһандану дәуірі есік қаққалы жұрт жаңа технологияның тілін меңгеруге көшкен. Заманның көшінен қалмау – уақыт талабы. Осы тұрғыда қабылданған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы технологиялық тұрғыда дамуға қол жеткізеді. Сонымен қатар, IT бағдарламалар шығындарды азайтып, уақытты үнемдеуге көмектеседі, адамдар өзара ақпарат, тауар және қызмет түрлерін алмаса алатын болады. Барлық құқықтар сақталған.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында [1] еліміздің дамуы үшін өндіріске озық технологиялар мен инновациялар енгізу қажет екендігін айта келе, 3D-принтинг, онлайн сауда, мобильді банкінг, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да маңызды салаларды дамыту керектігіне де баса мән берді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру. Бұл бағдарламаның басты артықшылықтарына тоқатала кетсек:

– уақытты үнемдеу, азаматтар такси шақырудан бастап, айыппұлдар мен комуналды қызмет ақысын төлеумен қоса өз уақыттарын үнемдей алады;

– білім беру саласында қызметтер сапасын арттыру. Ата-аналар балаларының мектептегі оқу үлгерімін қадағалай алады. Сондай-ақ азаматтар интернет желісі арқылы білімдерін жетілдіріп, жаңа машықтарды игере алады (вебинарлар, онлайн курстар);

– денсаулық сақтау саласында қызметтер сапасын арттыру. Әрбір азамат дәрігерге қаралудың ыңғайлы уақытын таңдай алады, сондай-ақ «денсаулығының электронды паспортына» ие болады. Тұрғындар интернет желісі арқылы сапалы медициналық диагностикадан өте алады;

– халықтың өмір сапасын арттыру. Цифрлік технологиялар қалалық өмірді жақсартуға бағытталған. «Ақылды қалалар» технологиялары азаматтардың өздерін қауіпсіз сезінуге, жайлылықта өмір сүруге және смартфондағы қосымшалар арқылы өзіне қажетті ақпаратты жылдам әрі оңай алуға көмектеседі;

– мемлекеттік басқару тиімділігін қамтамасыз ету. Цифрлік технологияларды пайдалану мемлекет пен қоғам арасында келесі сұраныстарды қанағаттандыруға бағытталған: тиімділік, ашықтық, кәсібилік. Бұлардың барлығы цифровизация мүмкіндіктерінің бір шағын бөлігі ғана. Бағдарламада қойылған мақсаттардың барлығына қол жеткізу үшін халықтың жобаны қолдауы әрі кеңінен пайдалануы қажет.

Қазақстанның экономикасының бүгінгі цифровизациясының деңгейі – мұндай амбициялық мақсатқа жету үшін бағдарлама 5 негізгі бағытқа бөлінген:

1. Экономика саласын цифрландыру.
2. Цифрландырылған мемлекетке өту.
3. Цифрлық Жібек жолын іске асыру.
4. Адами капиталды дамыту.
5. Инновациялық экожүйені қалыптастыру.

Бағдарламаның мақсаты: Орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау.

Іске асыру мерзімі: 2018-2022 жылдар.

Қаржыландыру көздері мен көлемі:

2018-2022 жж. Бағдарламаны іске асыруға 141 048 387 мың теңге\* көлемінде бюджет қаражаты, оның ішінде:

- 2018 ж. – 21 544 099 мың теңге\*;
- 2019 ж. – 33 153 045 мың теңге\*;
- 2020 ж. – 59 865 614 мың теңге\*;
- 2021 ж. – 26 485 629 мың теңге\*;
- 2022 ж. – мың теңге\*.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздерінен қаражат жұмсалатын болады.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында «Smart City» жобасы қолға алынды. Ондағы мақсат – қала тұрғындарын жайлы өмірмен қамтамасыз етіп, қоғам өмірінің барлық саласын барынша автоматтандырып, өмір сапасын арттыру болып табылады.

Ақылды қала – бұл, қазіргі заманғы өмір сүру сапасын инновациялық технологияларды қолдану есебінен қаланың тыныс-тіршілік жүйелерін үнемді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

Халықаралық тәжірибеге жүгінсек, бұл «ақылды қалаларда» энергоресурстар біраз үнемделеді, яғни көшелерді электрэнергиямен жарықтандыру – 60%, жылуды тұтыну – 30%, коммуналдық қалалық желілерге қызмет көрсету шығыны – 30%, электроэнергияны пайдалануға арналған есеп-шоттар – 26% дейін төмендетілген. Сонымен қатар қаланың қоғамдық қауіпсіздік деңгейі де артады.

Қазіргі уақытта еліміздің бас қаласы Астананы «ақылды қалалар» рейтингі бойынша көшбасшы қалаға айналдыру мақсаты тұр. Дүниежүзі бойынша «ақылды қалалар» рейтингінде Канада елінің Торонта қаласы бірінші орында тұр, ал біздің Астана Интеллектуалдық қауымдастық форумының (АҚШ) рейтингі бойынша 2016 ж. «ТОП – 21» ақылды қалалар тізіміне енген болатын. Астана қаласын «ақылды қала» жобасы ретінде дамыту үшін екі жоба жүзеге асырылуда, оның бірі – «Астана қаласының интеллектуалды көлік жүйесі», екіншісі – «Қауіпсіз қала». «EXPO-2017»

көрмесін өткізуіне байланысты Астана қаласы дүниежүзіне танымал болып, болашақ мегаполистің футуристік жобасын көрсеткендей болды.

Сонымен, Жолдауда айтылған «ақылды қалалардың» еліміздегі алғашқы қарлығашы Астана маңында пайда болды. Қала инфрақұрылымын түгелдей цифрландыру басталған Ақмола облысына қарасты Ақкөл қаласы елордамыздан 100 шақырымдай қашықтықта жатыр. Он үш мыңнан сәл асатын тұрғыны бар жи-нақы, инфрақұрылымдары түгел қалыптасқан қаланы жаңғыртуда осы артықшылықтары ескерілген.

Бұл орталық қаладағы барлық бейнебақылау, энергия ресурстарына экологиялық мониторинг, бақылау және есеп жүргізу, жол трафигін басқару, өртке қарсы қауіпсіздік жүйелерінен келіп түсетін мәліметтерді жинақтап, «Smart Akkol» ахуалдық орталығына жолдайды.

Мемлекет басшысы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылған «Smart city – Ақылды қала» заманауи технологияларды енгізу жөніндегі байқау жобасының қорытындыларымен танысты.

Ақкөл – коммуналдық қызметтердің барлық тұтынушысы толықтай цифрланған Қазақстандағы ең алғашқы қала. Қаладағы зияткерлік бейнесараптама жергілікті құқық қорғау органдарының қоғамдық тәртіпті бұзушыларды жедел табуына да көмегін тигізіп үлгерді, мысалы, өткен айда аландағы қоршаулар мен мұздан жасалған мүсіндерді бұлдіру фактілері анықталды. Осының арқасында қылмыстық құқық бұзушылықтар елу пайызға азайды. Жасанды зерде жүйесіне негізделген платформаның сараптамалық мүмкіндіктері ауа райы жағдайларына тәуелділікті, атмосфералық ауаның нашарлауын, үйдегі, пәтердегі температураның төмендеуін, ауруханаларға барудың артуын, мектептегі үлгерімді, қалалық қазандықтың жұмыс сапасын анықтауға септігін тигізеді [2].

Міне, цифрлы технологияның өмірімізге дендеп енуінің шапағатын қарапайым халық толық сезіне бастады. Ақкөл көшесінде біз кезіктірген тұрғындар «ақылды қаланың» игілігін көріп отырғандарын жарыса айтты. Шамамен 2,5 млрд теңге жұмсалып, 6 айдай уақытта жүзеге асқан жобаның тиімділігін көрген Мемлекет басшысы Smart City жобасын өзге де қалаларға енгізу қажет екені атап өтті.

#### Әдебиеттер

1. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – 2017 ж. 31 қаңтар. <http://adilet.zan.kz>
2. «Smart city» («умный город»). – Ақмола облысы, Ақкөл қаласы әкімдігінің ресми сайты. <http://akkol.akmo.gov.kz/>



*А. Муратова, студентка спец. «ГМУ»*

*Научный руководитель: Р.Г. Сатканова, к.э.н., доцент  
КазУЭФМТ*

### СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РЕГИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ В РК И ВЕДУЩИХ СТРАНАХ

**Аннотация.** В статье рассматриваются актуальные вопросы регионального развития в свете реализации Стратегического плана страны до 2025 г.

Одним из главных направлений реализации социальной и экономической политики страны является комплексное и сбалансированное развитие регионов с целью сокращения социально-

экономического разрыва и дисбаланса между регионами. Основными приоритетами должны стать внедрение хабового принципа в их развитии и дальнейшее формирование базы для развития агломераций.

**Аңдатпа.** Берілген мақалада біз ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер туралы барлық мәліметтерді жан-жақты қарастырамыз. Фразеологиялық тіркестердің шығу тегі, тарихы, қайда және қай уақытта, қалай қолданылатыны туралы айтамыз. Тілдегі тұрақты тіркестерді қазіргі және тарихи даму тұрғысынан тексеретін тіл білімінің саласы зерттелген.

Қазіргі таңда ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің қазақ тіліне аударылу мәселесі қазақ аударматануындағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бір халықтың рухы, жан-дүниесі екінші бір халыққа аударма тілі арқылы жетеді. Бір халықтың екінші бір халықпен қарым-қатынас жасауы, өзге халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысудың басты құралы аударма екені баршамазға белгілі. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылып жүрген көркем аудармада өз кезегін күтіп тұрған мәселелер көп. Солардың бірі – тұрақты сөз тіркестерін аудару болып табылады.

Фразеология саласы – тіл біліміндегі ең күрделі сала. Сондықтан аудармашы сөйлем ішінен фразеологиялық бірліктерді ажырата білуі өте маңызды және сөйлемде кездесетін фразеологизмдердің ұлттық-мәдени бояуларын ажырата алуы қажет. Екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы жасалғанмен, бір ғана мағынаны білдіретін тіркестер *тұрақты тіркестер* немесе *фразеологизмдер* деп аталады. Фразеологизмдер тілдің бүкіл тарихы бойы бар. 18 ғасырдың соңынан бастап олар арнайы жинақтарда және түрлі атаулармен түсіндірме сөздіктерде (қанатты сөздер, афоризмдер, идиомдар, мақал-мәтелдер) түсіндірді. Орыс әдеби тілінің сөздігінің жоспарын құрастыра отырып, оған «фразесалар», «идеоматизмдер», «речения», яғни айналымдар, өрнектер кіруі тиіс екенін көрсетті. Дегенмен, орыс тілінің фразеологиялық құрамы жақында зерттелді. 20 ғасырдың 40-жылдарына дейін отандық тілтанушылар жұмыстарында [1].

1. Тұрақты тіркес құрамындағы сөздердің мағынасы фразеологизмнің мағынасымен сәйкес келмейді. Ол сөздер тұтасып барып бір ғана мағынаны білдіреді.

2. Тұрақты тіркес құрайтын сөздер бұрыннан қалыптасқан жүйемен айтылады. Олардың сыңарларының орнын ауыстыруға немесе басқа сөзбен алмастыруға болмайды.

3. Тұрақты тіркестер даяр қалпында жұмсалады, сөйлемнің құрамына тұрақты бір бүтін тұлға ретінде енеді.

Тұрақты тіркестердің синонимдік баламалары болады, яғни оларды мағынасы жағынан түсіндіруге келеді. Мысалы: қыздың жиған жүтіндей деген тұрақты тіркестің баламасы-әсем, көрікті, әдемі, ал *coating of dogs on the head* (ит терісін басына қаптады) деген ұрысты, балағаттады, сөкті деген сөздің орнын басады.

Фразеология саласы – тіл біліміндегі ең күрделі сала. Сондықтан аудармашы сөйлем ішінен фразеологиялық бірліктерді ажырата білуі өте маңызды және сөйлемде кездесетін фразеологизмдердің ұлттық-мәдени бояуларын ажырата алуы қажет.

Фразеологизмдерді ажырату және оны аудару, аудармашыға көп қиындықтар туғызады. Мысалы, фразеологизмдердің көп компонентті мағыналарының құрамындағы сөздердің мағынасынан алшақ болуы, ең бастысы – сөйлем ішінде фразеологизмдерді еркін сөз тіркестерінен бірден ажыратып алуға болмайтындығы. Осыдан барып түпнұсқа тілден аударылған фразеологизмдердің толыққанды мағынасы аудармада күңгірттеніп, мүлдем өзгеріп кетеді.

Фразеологиялық аударма деп – аударма тілі мен түпнұсқа тіліндегі фразеологизмдердің арасындағы мағыналық жақындықтарды іздеп, бір-біріне жақын фразеологиялық эквивалент табуды айтамыз [2, 169 б.].

Салыстырмалы тіл білімінде алдыңғы қатарлы орыс ғалымдары Я.И. Рецкер, А.В. Федоров, В.Н. Камиссаров, С. Влахов және т.б. фразеологизмдерді аудару мәселесі туралы ой пікірлер айтқан еді. Олардың пікірлеріне сүйеніп,

С. Влахов пен С. Флорин фразеологизмдерді түпнұсқа тілінен аударма тіліне аударудың мынадай жолдары бар екендігін көрсетеді.

1. Фразеологизмдердің аударма тілде кездескен эквивалентін беру арқылы аудару.

2. Аударма тілдегі вариантын беру арқылы.

3. Аударма тілде түпнұсқа тілдегі фразеологиялық тіркестің баламасы да, варианты да болмағандықтан, фразеологиялық емес тіл құралдарымен беру арқылы.

Жоғарыда аталған аттары аталған орыс ғалымдары сөз тіркестерінің өзіне тән белгілері мен қасиеттеріне байланысты бірнеше амал-тәсілдерді ұсынған болатын. Сондықтан аты аталған ғалымдардың фразеологизмдерді аударудың бірнеше жолдарына сүйене отырып, оларды мынадай түрлерге бөлеміз: фразеологиялық аударма және фразеологиялық емес аударма. Фразеологиялық аудармаға толығырақ тоқталайық. Фразеологиялық аударма өз ішінен толық фразеологиялық эквивалент, жартылай фразеологиялық эквивалент, қатыстық фразеологиялық эквивалент және фразеологиялық аналог деп бөлінеді.

Кейбір тұрақты тіркестерді сөзбе-сөз аударып түсіну қиын. Сондықтан да мағыналарын арнайы түсіндіріп кетуді қажет етеді. Мысалы:

«*The cat is out of the bag*». Тікелей аудармасы: Мысық сөмкеден шығып кетті.

Мағыналары:

• there is nothing we can do to stop it – Бір нәрсені тоқтатуымыз мүмкін емес, тоқтата алмаймыз, бәрі де кеш;

• it is started and I don't think we can end (stop) it – Басталған әрекетті, жағдайды тоқтата алмаймыз деп ойламаймын;

• it is out of control – Бақылаудан шығып кеткен.

Мысалы: Sorry, the cat's out of the bag – Кешір, бірақ бәрі де кеш.

«*Let the cat out of the bag*». Тікелей аудармасы: Мысықты сөмкеден шығарып жібер! Мағынасы: құпияны ашу.

Мысалы: Rauan didn't want to say anything, but his friend let the cat out of the bag – Рауанның ештеңе айтқысы келмеп еді, бірақ оның досы құпияны ашты [3].

Тұрақты тіркестер мән-мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы да болып келеді. Мысалы: *The horse did not hit the horse – it did not dry its horse* (ат ізін салмады-ат ізін құрғатпады). Фразеологиялық бірлік – бұл қолданылатын сөздердің мағынасына сәйкес келмейтін сөйлеу айналымы. Мысалы, *a bull in a china shop* – ыдыс дүкеніндегі піл – контекстінде бұлжытпай адамды сипаттайды. Міне, бірнеше мысалдар: *A piece of cake* – Кусок пирога (т.е., просто, как кусок пирога съесть).

- ❖ *A heart-to-heart talk* – Разговор по душам.
- ❖ *A flight of fancy* – Полет фантазии.
- ❖ *A penny for your thoughts* — Пенни за твои мысли.
- ❖ *Hungry as a hunter* – Голодный как волк.
- ❖ *Open-hearted* – Душа на распашку.
- ❖ *A hard nut to crack* – Крепкий орешек.
- ❖ *Neither here nor there* – Ни к селу ни к городу.

Фразеологиялық бірліктерді ағылшын тіліне немесе ағылшын тілінен орыс тіліне аудару оңай емес. Ең алдымен, мәтіндегі фразеологизмді анықтау және тұрақты тіркесімді айнымалы комбинациясынан ажырату қажет. Аударма кезінде идиоманың мағынасын беріп, оның бейнесін көрсету керек, орыс тілінде ұқсас өрнектерді таңдап және фразеологизмнің стилистикалық қызметін сақтап қалу керек. Көптеген ағылшын тұрақты өрнектері орыс тілінде ұқсас, олардың аудармасы түзу, қарапайым және түсінікті:

- ❖ *bite your tongue* – прикуси язык;
- ❖ *it takes two to tango* – для танго нужны двое (в значении – за то или иное событие ответственные двое);
- ❖ *in the sweat of one's brow* – в поте лица своего;
- ❖ *to bear one's cross* – нести свой крест.

Орыс тіліне аударғанда ағылшын тілінің кейбір фразеологизмдері түбегейлі өзгереді, бірақ бір мағынасы бар [4]:

- ❖ *buy a pig in a poke* (купить поросенка в мешке) – в русском языке мы говорим «купить kota в мешке» в смысле купить что-то, ничего не зная о товаре;
- ❖ *as cool as a cucumber* (холодный как огурец) – в русском языке мы говорим «спокоен, как удав» о человеке невозмутимом, хладнокровном;
- ❖ *a double-edged sword*: обоюдоострый меч, палка о двух концах;
- ❖ *to have rats in the attic*: быть не в своем уме;
- ❖ *to have smth up one's sleeve*: держать что-либо в секрете;
- ❖ *to jump down smb's throat*: критиковать кого-то.

Ең көп қолданылатын фразеологизмдер сіздің назарыңызға қазіргі ағылшын тілінде жиі қолданылатын аудармасы бар фразеологизмдер топтамасын ұсынамыз:

- ❖ *take the bull by the horns* – взять быка за рога;
- ❖ *a piece of cake* – пару пустяков, легкое дело;
- ❖ *dig deep your pocket* – раскошелиться, вывернуть карманы;
- ❖ *one's finger in every pie* – быть замешанным в каком-либо деле, приложить руку к чему-либо.

Жоғарыда аталып отырған тілдерде бейнелілігі және үйлесімділігінен, әуезділігі және терең мағыналылығымен ерекшеленетін сөз оралымдары жиі кездеседі. Олар кезінде еркін тіркес негізінде пайда болып, жылдар бойы өңделіп, халықтың жадында жатталып, бірте-бірте қолдануға даяр тілдік құралға, халықтық мұраға айналған. Фразеологизмдер – халықтың ғасырлар бойы көңілге түйіп, сұрыптап жеткізген, образдар дүниесінің тілдік элементтері. Адам, қоғам, табиғат, өмір немесе тағы да басқа құбылыстарды суреттеуде бейнелі фразеологизмдер сөз зергерлігі үшін таптырмас тілдік құрал болып табылады. Орайын тауып қолданылған фразеологизм ситуативтік, контекстік, стильдік қолданыс тұрғысынан ширатылып, сөздің мән-мазмұнының айқындала түсуіне ықпал етеді [5].

**Резюме.** В данной статье мы всесторонне рассмотрим все данные о устойчивых сочетаниях на английском языке. Расскажем о происхождении, истории фразеологических словосочетаний, где и в каком времени, как

можно использовать. Изучалась область языкознания, изучающая устойчивые фразы на языке с точки зрения современного и исторического развития.

**Summary.** In this article, we will take a comprehensive look at all the data on sustainable combinations in English. We will tell you about the origin, history of phraseological phrases, where and at what time, how you can use. The area of linguistics studying stable phrases in language from the point of view of modern and historical development was studied.

#### Әдебиеттер

1. <https://pandia.ru/text/77/282/23289.php>
2. Исабеков С.Е. Картина Мира во фразеологических единицах неродственных языков // Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и перевода. – Алматы, 2001.
3. <http://tilder.kz/?p=272>
4. Кунин А.В. Английская фразеология. – М., 1970.
5. Лингвистический энциклопедический словарь. – 560 с.



**T. Nurjanova**, student of «Architectural design» specialty  
Scientific supervisor: **G.E. Mussakanova**  
KUEF

### THE USE OF ANGLICISMS IN MODERN ADVERTISING

**Annotation.** This article discusses the importance and benefits of using a foreign (English) language in modern advertising. Research on this topic is of great importance for economic and Economics-related specialties. In the process of development of society in parallel is the development of language, which has always been an open system characterized by dynamics and mobility. Currently, much attention is paid to the English-language linguistic and cultural influence.

The advantage is that in the modern world it is the right advertising in social networks that guarantees the successful development of your business. English is officially recognized as the language of business. In this language people communicate on an international level. The language of advertising shall carry out communication between the advertiser and the recipient of advertising.

Today we can meet the use of anglicisms in any sphere of our life: business, politics, sports, media, etc. Analyzing the current reality, which is closely related to information wars, it makes sense to talk about the use of anglicisms in such a powerful social institution as advertising. In today's world, the importance of advertising communication is constantly increasing, and the advertising process permeates all public cells, using a variety of channels. The role of advertising is not only to promote products on the market and stimulate purchases, but it is also extremely important for the formation of lifestyle and outlook.

The use of anglicisms in Russian-language advertising is explained by many factors, which include:

– The emergence of new terminology (computer language, Economics, Finance). Due to the rapid development and spread of information technology in everyday life, there are many new items that require names: Internet, laptop, disk, byte, website. Thus, a huge number of Americanisms flooded into the language, as it is easier for us to use existing words of another language than to invent new ones.

– The absence of an appropriate name. About 15% of the latest anglicisms are borrowed due to the lack of an appropriate name in the receptor language: top model, virtual, investor, sponsor, spray. Borrowings for some reason (easier to pronounce, in short, more transparent in its etymology, more specifically in semantics) replaced previously mastered or native Russian language units, for example, a price list instead of a price list, image instead of image.

– Knowledge of English.

The use of anglicisms in advertising contributes to the appearance of «the illusion of uniqueness», i.e. the impression of uniqueness, the importance of the advertised product or service. An important role is played by anglicisms, unusual and non-standard forms which attract the attention of the consumer. Borrowings (both well-mastered receptor language and undeveloped macaronic inclusions) in advertising are also used to update the positive connotations, increase the prestige and value status of the advertised product.

Excessive use of anglicisms we can observe in outdoor advertising, in the name of shops and various firms. For example, in our city there are many shops and organizations in the name of which are used anglicisms: Mega Silk Way, Astana MALL, KeruenCity, Asia Park and many others.

Most often, these or other names come to us as already popular brands that have established themselves around the world, but also we can often see that organizations use in their name a combination of Russian and English words for positioning and disclosure of the unique characteristics of the brand or brand. In the advertising discourse, foreign-language units are most often «justified» inclusions (especially the marking of foreign goods), but sometimes, as in all other styles, from scientific to artistic, their number exceeds the measure.

So, the English element often plays the role of attracting attention. This function, of course, is very important. It is in the first place in the advertising formula AIDA:

- attention – to attract the attention of the buyer;
- interest – get him interested in the offer;
- desire – to arouse the desire to have the advertised product;
- action – the ultimate goal – to encourage the recipient to the main action – the purchase of goods»

Studies show that recipients understand about 38% of English words, but this does not reduce the desired effectiveness of advertising. «Foreign» and «strange» is rather interesting and eye-catching. The saturation of the language of advertising with elements of the English language almost never adversely affects consumption. A similar phenomenon can be observed in the musical discourse, where the principle WHRU – widely heard rarely understood (all hear, but few understand) – it is important only to create a sound background that inspires positive associations, and they can be different for each listener.

It is important that the first step towards the globalization of advertising is the spread of world-famous labels, which have long been used by international corporations: «Uncle Ben's, McDonald's, United Colors of Benetton, Levi's, Marlboro Lights», as well as the spread of American product names: «Jeans, Sportwear, T-Shirt, After Shave, Software». From the point of view of globalization, the most successful is the advertising of a certain number of products that are easily associated with a visual image. For example, advertising perfume, cigarettes or clothing. When creating advertising for these products, the text is often shortened to the name of the product that the company produces. For example, «JOOP! Menswear, JOOP! Womenswear, JOOP! BOSS – Hugo Boss».

Special effectiveness has advertising, which next to the name of the brand or product uses the English slogan. For example, advertising slogans of cigarettes «Stuyvesant – Come together and So much to enjoy» contain a call to try and enjoy, and formally meet the requirements of globalization.

Or «LG – Life's Good» – Says that with LG technology in the house life will be much better.

From the linguistic point of view, the most interesting are the slogans, where the penetration of the English language into the German language takes place. For example, the slogan of cigarettes «Lord Ultra», the question in German – «Wieso Sabine?» and the answer in English is 'Time to think'.

Thus, it can be concluded that the penetration of words and expressions from one language into another is a continuous and dynamic process that is associated with the globalization of the economy and advertising. The number of anglicisms in advertising will not decrease, but rather will constantly increase.

As a result, the use of English is very beneficial in the developing environment of advertising communications, due to its flexibility, openness to change and ease of perception. English is the language of a new generation without a certain nationality and place of residence, brought up on mass culture.

The main function of advertising is to attract people's attention to a product or service, so the use of anglicisms in it is an integral part of the success of any company.

**Түйін.** Бұл мақалада қазіргі жарнамада шетел (ағылшын) тілін қолданудың маңыздылығы мен пайдасы қарастырылады. Бұл тақырыпты зерттеу экономикалық және экономикамен байланысты мамандықтар үшін үлкен маңызға ие. Қоғамның даму процесінде тіл дамуы қатар жүреді, ол әрдайым динамикамен және мобильдікпен сипатталатын ашық жүйе болды. Қазіргі уақытта ағылшын тілді лингвомәдени әсерге көп көңіл бөлінеді.

**Резюме.** В данной статье рассматривается важность и польза использования иностранного (английского) языка в современной рекламе. Исследования данной темы имеет большое значение для экономических и связанных с экономикой специальностей. В процессе развития общества параллельно происходит развитие языка, который всегда был открытой системой, характеризующейся динамикой и мобильностью. В настоящее время большое внимание уделяется англоязычному лингвокультурному влиянию.

#### References

1. Antonova E.V. Borrowings from English by modern Russian language of modern times. – М., 2008.
2. Brater M.A. Anglicisms in the Russian language: history and prospects. – Vladivostok: publishing house «Dialogue», 2005.
3. Melikyan A.V., Golova E.V. the Use of anglicisms in advertising // Language and law: actual problems of interaction. – 2013.



**A. Nurlankyzy**, student of «Tourism» speciality

Scientific supervisor: **E.A. Yunissov**, master of pedagogical sciences

KazUEFIT

#### EFFECTIVE WAYS OF LEARNING ENGLISH

**Annotation.** This article is devoted to the widespread topic «Effective ways of learning English» The article aims to consider the effect, the process of studying qualitatively and quickly. It is shown that the methods of application help not only quickly and efficiently, but also there is a motivation for human self-development. To all the above, you can add an interesting fact: people who speak one or more foreign languages, according to statistics, live longer and are much less likely to suffer from senile insanity. The brain, like other parts of the human body, for normal work requires constant training.

This is global and interesting question in our modern society. If you just realized how many ways and steps, how many ideas and case are there about this theme? All that you must do and have are: being motivated, need to have obsession, massive Input, massive Intensity.

The first and most important thing you need to achieve this goal is incredible passion. You must have tremendous emotional power to learn super-fast. Why? Because you must study English 8-14 hours a day... and every hour you must be alert, interested, and energetic.

To improve that quickly, you must build emotion. You must be obsessed with English. You must be passionate and incredibly enthusiastic. Remember, Emotion is 80% of success; method is only 20% [1].

To create passion, you need very compelling reasons to learn English. Just doing well on a test is not a strong enough reason. Just getting a new job is not a strong enough reason. You need HUGE reasons for doing this. Imagine all the incredible benefits you will have as a fluent English speaker. Imagine how your life will change 5 years from now. 10 years from now. 20 years from now.

If you are motivated by money, imagine how English will make you amazingly rich. Visualize your dream house, your dream car, and your dream life.

If love motivates you, imagine how English will help you meet incredible people from other countries. Imagine dating beautiful/handsome foreigners! Imagine incredible love and passion – possible because you are a fluent English speaker.

You can also exaggerate the terrible things that will happen if you fail to speak English fluently.

Imagine all the jobs you will miss. Imagine all the people you will never meet. Imagine how bad your life will be because you can't speak English.

Make your reasons bigger! Bigger reasons = Bigger Passion. Bigger Passion = Bigger Success. Emotions are the key. Make your emotion stronger! Become obsessed with English! The second key to super-fast learning and incredible intensity is to focus on English INPUT [2]. Do not waste time studying grammar or vocabulary. Don't waste time trying to speak.

You should spend all of your time either listening or reading. This is the fastest and most efficient method for speaking English fluently.

Carry your iPod everywhere. Always have a book with you. Specifically, you should listen mostly to the Mini-Story Lessons, the Point of View Lessons, and the Main Audio Articles. These lessons will help you learn fast. You should read easy English novels – starting with novels for children. Absolutely do not waste time reading textbooks! To be fluent in only 2-3 months, you must create massive intensity. In other words, you have to listen and read 8-14 hours a day, every day. You must listen and read constantly.

In fact, I recommend alternating the two activities. Listen for an hour, then read a novel for an hour. Then listen again for an hour. Then another hour of novel reading. If you are really focused on speaking well, do more listening. But don't worry, reading will also help your speaking ability.

So that's it. That's my simple method for very fast English fluency. Of course, most people do not need to improve so quickly. For most people, two hours a day of listening and reading is enough. But if you need or want to improve very quickly, follow this plan [3].

And now let me tell you one simple truth, which, unfortunately, do not speak too often. Individual words teach is thus meaningless! A single word without context carries too little information, and our memory is designed so that we remember only what we are interested in. By context, I mean not only the previous and subsequent text, but also the specific situation. For example, the word «worm» on a fishing trip means one thing, but for the mechanic working with a worm gear is quite another. I'm not talking about the word «departure», (train departure, postage, and, sorry, natural departure) But the point is not even that, and that the words learn much by streaks when they are in the block. Such a block can be a sentence, and can be 2 words. Very good combination of a noun with an adjective or a noun with a verb. But just blocks is not all, the most interesting thing is that they should be unpredictable, «demolish the roof».

Having achieved the first results, You will feel that the learning process becomes a habit and it's great! After all, we not only can, but also have to learn all my life, however, about this later. But the main thing that You get is an indescribable feeling of delight from achieving the goal, and the acquired knowledge and experience will be useful in life [4].

In order to be able to quickly repeat the passed, test your knowledge and take into account the number of learned words, keep a notebook-dictionary, number the words. Favorite sentences and phrases, there – in the notebook. To this we can add that when learning a foreign language, it is very important to write by hand, because it also involves motor memory. Closing the left hand (or a sheet of paper) English words, read Russian and remember their meaning in English, then Vice versa, closing the right hand Russian words, read in English and remember the translation. Well, I think, at school were all... Good, now ready notebook-dictionaries are sold at every step. But then it's time to remember about the dictionary simulator, in which You can easily hide Russian, English or both texts, removing the desired word above the table.

**Түйін.** Бұл мақала «Ағылшын тілін қалай тез үйренуге болады тақырыбына арналған?» Мақалада тиімділікті, зерттеу үдерісін сапалы және тез қарастыру міндеті қойылған. Жоғарыда айтылғандарға қызықты факт қосуға болады: бір немесе бірнеше шетел тілдерін меңгерген адамдар статистика бойынша ұзақ өмір сүреді және кәрілік маразммен аз азап шегеді. Адам ағзасының басқа бөліктері сияқты ми қалыпты жұмыс үшін тұрақты жаттығуларды талап етеді.

**Резюме.** Данная статья посвящена распространенной теме «Как выучить английский быстро?» В статье ставится задача рассмотреть эффект, процесс изучения качественно и быстро. Ко всему вышесказанному можно добавить любопытный факт: люди, владеющие одним или несколькими иностранными языками, по статистике живут дольше и гораздо реже страдают старческим маразмом. Мозг, как и прочие части человеческого организма, для нормальной работы требует постоянных тренировок.

## References

1. Jeremy Harmer. The practice of English language.
2. <https://preply.com/en/blog/2018/11/13/learn-english-fast-and-easy/> (Preply Blog Questions and Answers).
3. <https://www.fluentu.com/blog/english/how-to-learn-english-faster/> (English language and culture blog).
4. <https://effortlessenglishclub.com/how-to-learn-english-very-fast/> (Effortless English. English teaching since).



**А. Омарова, «Кеден ісі» мамандығының студенті**

**Ғылыми жетекші: С.А. Рахимбекова, ф.ғ.к., аға оқытушы**

**ҚазЭҚХСУ**

## РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИДЫҢ «АЙ ҚАНАТТЫ АРҒЫМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ СӨЗ АЙШЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

**Түйін.** Берілген мақалада ғалым Р. Нұрғалидың көркемдік тіл шеберлігі жан-жақты қарастырылған. Қаламгердің шығармасында кейіпкер образы мен замана болмысын суреттеу шеберлігі туралы жазылған. Жазушының шығармалары бойынша көркемдік талдау берілген. Мақалада тарихи реализмнің ерекшелігі зерттелінген.

«Шеберлік адамзаттың ұзақ тарихында, өмір мен еңбек тәжірибесінде қалыптасып, барған сайын жетіліп, шындалып келе жатқан аса қадірлі қасиет», – деп ғалым М. Қаратаев сөз өнерінің ұлы кезеңдерден өтіп жаңарып, келе жатқандығын айта келе, қаламгердің тіл шеберлігі жөнінде: «Әрбір ірі жазушының шеберлігінің өзгешелігі көбіне-көп оның шығармасының тілінен көрінеді» [1, 56], – дейді. Шебердің қолынан шыққан бұйым, ең әуелі сол шебердің құнарлы ойынан, дарындылығынан хабардар ететіні белгілі. Қазақ әдебиетінен алар орны айырықша қаламгер Рымғали Нұрғалидың тарихи тағлымды туындыларын оқый отыра, жазушының сөз талғамына, сөз дәлдігіне, творчестваның терең психологиясына, ерекше көркемдік қабілеттілігіне кеңінен көз жеткіземіз. Қаламгердің «Телағыс» монографиясы әдебиеттің көркем дамуына үлес қосқан, арналы қазынасы екендігін ескерсек, жазушының сөз өнері, сөз байлағы жайлы тиянақты тұжырымына тоқталып өтпеске болмас: «Жазушының тіл байлығы деген ұғымға ең алдымен, әрине, сөйлем лексика молдығы кірсе керек, сөйлем жасаудағы шеберлік синтаксис құдіреті. Бөз өкпе, нәрсіз сөздерді, жарымжан тіркестерді тықпалаудан туатын тіл жұтандығы – ой жұтандығы. Әсіреқызыл, жалтылдақтан аулақ, қарадүрсін жадағайлықтан іргесі бөлек айшықты, өрнекті тіл ғана суреткер қанжығасына олжа салмақ» [2, 203], – деген бірер ауыз сөзінен-ақ, сөз құдіретін танудағы ой салмағына мән бере отыра, естір құлаққа тағлымдық, танымдық құрал болары сөзсіз.

Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел. Сендерге де келейін енді аяндап – деп Абай айтқандай әлем әдебиетінің кең құлашты арнасында өз ерекшелігімен көзге түсетін қазақ сөз өнерінің асылдыққа ие екендігін аңғартып, сол асылдықты, тілдің сан ғасырлық інжу-маржанының шашауын шығарпай тірнектеп жиып және оны өз жанынан байытып, болашақ ұрпақтың қолына аман-есен тапсыру мақсатымен әдеби процестің сан қырлы тынысын, тарихы мен табиғатын тереңнен барлаған ондаған сын-зерттеу кітаптарының аторы, профессор Рымғали Нұрғалидың ойлы да, әсем сөздері ойыңа сәуле шашып, өмірге, дүниеге басқа көзбен қаратады. Сөз саптауының ерекшелігі, сөз мағынасының мазмұндылығы, ізденістен туған мағыналы шығармалары «Сөз – құдайдан шыққан бу» [3, 7], – деп Шәкәрім айтқандай, сөз адамның қасиетті, киелі құралы екендігінің дәлелін береді. Ғалымның қазақ әдебиетіне ғана емес, әлем әдебиетінің ғұлама-ойшылдардың, ақын-жазушылардың шығармаларына деген нақты көзқарасы, талғамы, пікірлері айтылған: «Айдын», «Телағыс», «Күретапыр», «Трагедия табиғаты», «Древо единство», сияқты кітаптары көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктерін негізінде қалыптасқан әр халықтың әдеби дәстүр – бір кезең, бір



дәуір емес, ұзақ ғасырлар тудырған, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, үнемі өзгеріп, түлеп, байып, дамып отыратын рухани игілік. Қашанда әдеби дәстүр мен әдеми даму – әдеби қозғалыстың өзара ажырамас, тығыз диалектикалық байланыстағы құрамдасқайнарлары», – дегендегі автордың әдеби мәселелерге, әдеби процесс проблемаларына арналған өзекті ойларын түсінеміз. Жанрлық, көркемдік проблемаларымен қатар осы халықтық сипат, ұлттық ерекшелік табиғаты туралы ғылыми тұжырымдар жасаған ғалымның әдеби дәстүр, әдеби тұлға, әдеби қозғалыс, даму процестерін ерекше бір проблема деп алып, қозғалыс үстіндегі құбылыс ретінде қарайтындығын, салыстырмалы талдаулар, текстологиялық барлаулар жасайтындығын байқайсыз.

«Ай қанатты арғымақ» атты романында оның өнерімен өзектес өмірін, Сталиндік репрессия кезіндегі қиын тағдырын көрсетудегі қаламгердің көркемдік сөз қолданысындағы түрлі бояулары, шығарма мазмұн байлығымен қатар тіл байлығын дамытудағы әдіс-тәсілдері, заттың не құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ оны басқа затпен, құбылыспен салыстыру арқылы шығармасының мазмұнын құнарландыратын, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарын қолдану әдісінен жазушының көрікті ойдан-көркем сөз жасай білген шеберлігін танимыз. Академик З. Ахметовтың «Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып, салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипатын-белгісін, түсін, дыбыс үнін тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қимыл қозғалысындағы ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған теңеулер де жие кездеседі», – деген пікірінің дәлелін табасыз.

Сонымен қатар қазақ халқының басына түскен ауыр кезеңді, қиын-қыстау заманды көрсету мақсатында қолданылғанын сөйлемдегі мына сөздерге мән берсек «Кен орнының кішкентайлары әжетке жараса болды жұмысқа жегіледі екен» дегендегі «әжетке жараса» сөзі ес білгеннен, жүре бастағаннан деген мағынаға сай келеді. Бұл жердегі метонимия сөз шырайын келтірумен қатар терең мағынаға ие. Әжетке жараған бала яғни буыны бекімеген, бұғанасы қатпаған жас баланың жұмысқа жегілгені не сұмдық дегізеді. Дегенмен, ол тарихтан суырылған шындық. Автор осыны сөз көркемдігімен алмастыра отырып жеткізеді. Алмастыру дегеніміз, яғни «метонимия – өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына қолдану» [4, 24], – деген Зейнолла Қабдолов анықтамасын тірек тұтсақ, автордың сол замана көрінісін, үлкен түгел балаға да озбырлығын көрсеткен залымдардың бейнесін, жалғыз тілім нан табу үшін жұмысқа зорлықпен жегілген адам тағдырын қазбаламай-ақ әжетке жараса болды жұмысқа жегіледі екен деп қана ойдың ұшын айқындайды. «Айқындық – сөздің басты артықшылығы» [5, 55], – деп ғұлама Аристотель анықтағандай автор сөзінің басты артықшылығы, сөз күдіретінің күшімен ақиқатты ақтара, сөз ұтымдылығымен, тереңдігімен, сиқырлығымен суреттейді. Сондай суретті сөзді мәтінге мән берсек: «Ұзын-ұзын қатарлардағы неше түрлі жемістерге балалар таңырқап қарайды, кейбірінің тіпті атын да білмейді: жұдырықтай-жұдырықтай, шекесі торсиған қып-қызыл алма, сап-сары балдай болып, мөлдіреп-мөлдіреп, төгілгелі тұрған жүзім, бармақтай-бармақтай ірімшік секілді мейіз – қалың жемістің неше түрлі дәмнің ортасынан Жұмат көзіне жақсы білетін, туыс адамындай жылы ұшырап көрінді» [6, 26].

«Нақтылық – сыртқы ұқсастық емес, ішкі мазмұн дәлдігі» [7, 60], – деп ғалым М. Хасенов түйіндеп өткендей сөзге жан бітіріп, ой ағымын сан-алуан түрлендіріп, құбылтады, мазмұнды мағына береді. Сап-сары балдай деуінің өзі, дәмі тіл үйіреді, уылжыған жүзім үзілердей болып, құмартқан жанның делебезін қоздырардай етіп суреттелген. Мейіздің бармақтай-бармақтай ұзындығын дәл тауып қана қоймай, қазақ баласына әбден таныс ірімшікке балауы, кейіпкерге таңсық жемістер екендігін дәлелдей түскендей. Жәрмеңкедегі көздің жауын алар қызылды-жасылды жемістер Жұмат көзіне оттай басылып, жанына жақын тартқандығын, қызығушылығын да айқындай түсетін бұл теңеулер өзіндік ерекшелікке ие. Суретті сөзбен көркемделген тартымды жемістерге ғана емес, сөз өнеріне де тәнті боласың. «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затпен салыстыру арқылы сипаттаушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-эспрессивті сапасын күшейтетін сол нәрсені жаңа қырынан поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [8, 124], – деп теоретик Т. Әбдірахманов жүйелегендей туындының бояуын қанықтай туседі. Рымғали Нұрғалидың қанық боямалы, мазмұнды сөздері реалсит

суреткердің сөз саптау шеберлігінен сыр төгеді. Өмірдегі барлық кездейсоқ жайттардың, құбылыстардың ұсақ-түйегіне дейін терең астарына бойлай отыра жеткізуі, автордың психологиялық толғанысын, көзқарасын, сөз сұлулығын да сипаттайды. Ендеше, жан тебіренерлік, ғажайып табиғат көрінісін бейнелеген үзіндіден: «Қояндының жазығы секілді ғажап жайлаулары бар. Қысы жазы ерімейтін мәңгі мұзының бауырынан жаратылған бұлақтары лақша секіріп отырып, біріне-бірі қосылып, өгізше өкірген өзендерге айналады. Ол өзендер ашуланған кезде, осы өзіміз отырған киіз үйдегі тастарды оймақтай лақтырып, допша домалатады – деген кезде үш бала пейілмен тыңдап отырады» [6, 32]. Бұл ретте автор кейіпкер тілімен айтылған аңыздың керемет таңқаларлық көрністерін бейнелейді. Сөз айшығы теңеу арқылы әсемдікті, әдемілікті ғана емес, адам сенгісіз жайттарды да барлайды. Мәтіндегі: лақша секіріп, оймақтай лақтырып, допша домалатады деген тіркестердің теңеу құдіретімен суреттелгенін байыптасак, сөз шеберлігінің құдіреті сөз мағынасына серпінділік туғызғанын байқаймыз. Қоянды жәрмеңкесінде жайлаудай жазылып, көнерген аңыз-әңгімені жаңартып, жаңғырытып, әсерлендіре айтып отырған кейіпкер аузына автор сөздерді төгілте, түйдектей салады. «Қояндының жазығы секілді ғажап жайлаулары бар», – деп табиғат тылсымын жеткізерде, дәл осы өздері отырған Қоянды жерімен бастауы, үш тыңдаушының құлағына нанымды етіп жеткізу үшін қолданылса керек. Жанына барсаң дауысың өзге түгел, өзіңе естілмей құлағыңды жарып жіберердей бұрқырайтын, қатты ағынды, ағысты өзеннің, өкірген өгіз даусындай болатыны рас. «Ол өзендер ашуланған кезде, осы өзіміз отырған киіз үйдегі тастарды оймақтай лақтырып, допша домалатады», – деп кейіпкер тыңдаушылардың үрейін ұшыра, адам сенгісіз оқиғаны бастайды. Бұл жердегі «допша домалатады» тіркесі киіз үйді оймақтай лақтырған өзендердің ашынған ашуын ерекше жеткізіп, аңызды ғажайыпқа негіздейді. Сондағы өзендер ашуға булыққан, тау көтерген Толағайдай бұрынғы батыр бейнесіне еніп кетіп, тұтас бір ауылды жайпап өткендей, киіз үйлерді зат құрлы көрмей допша домалатады.

**Резюме.** В данной статье рассматривается художественный стиль написания известного академика и писателя Р. Нурғали, его мастерство в описании быта и исторических реалий при создании характерного образа художественных героев произведений. Дан художественный анализ по творчеству писателя. В статье исследуется особенность исторических реалий.

**Summary.** This article analyses the artistic writing style of the famous academician and writer R. Nurgali. The article shows the writer's mastery in the description of everyday life and historical realities while creating the characteristic image of artistic heroes. The artistic analysis of the writer's work is given. The article explores the peculiarity of historical realities.

#### Әдебиеттер

1. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. – Алматы: Жазушы, 1970. – 352 б.
2. Нұрғали Р. Телағыс: Монография. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
3. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Жазушы, 1996. – 157 б.
4. Қабдолов З. Жанр сыры. – Алматы: Балауса, 1991. – 286 б.
5. Аристотель. Поэтика. Риторика. – Санкт-Петербург, 2000. – С. 352.
6. Нұрғали Р. Ай қанатты арғымақ. – Астана: Фолиант, 2005. – 554 б.
7. Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру. – Алматы: Жазушы, 1966. – 279 б.
8. Төкен Ә. Таланттар тағылымы. – Алматы: Аударма, 1988. – 167 б.



*К. Саметова «Мемлекеттік және  
жергілікті басқару» мамандығының студенті.  
Ғылыми жетекші: О.Ж. Өтегұлов, магистр, оқытушы  
ҚазЭҚХСУ*

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ПАРЕМИОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің жасалу жолдары мен ерекшеліктері қаралады. Мақал-мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ұғыну ағылшын тілін үйренуге елеулі көмек көрсетеді. Мақал-мәтел, нақыл сөздер тілімізді байыта түсетін халықтың асыл қоры. Қазіргі кезде шетел тілдерін меңгеруге деген қажеттік күннен-күнге артып келеді. Сондықтан да біз тек өз ана тілін меңгеріп қана қоймай, шетел тілін меңгеруіміз қажет.

Мақал-мәтел (лат. – proverbium, adagium, франц – proverbe, ағылшын тілінде – proverb) ауызша айтылған, ешбір әдеби немесе фольклорлы шығармамен байланысы жоқ, бірақ нәтиже, ақыл, дәлелдеме ретінде жаппай қолданылатын афоризмдер. Мақал-мәтелдерді көптеген тілдердің лингвистикасында паремия деген терминде қолданады. Паремия грек тілінде «paroimia» мақал-мәтел деген мағынаны білдіреді. Мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетін сүйіп құрметтеуге, сөз өнерінің асыл қазынасын меңгеруге, тапқыр сөйлеуге, ретті жерлерде қолдана білуге, үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып айта білуге тәрбиелейді. Мақал-мәтелдер оқушылардың ізденушілік қабілетін дамытып, үш тілді меңгеруге ынтасын арттырады.

Қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі – тіл мәселесі. Елбасымыз НӘ. Назарбаев өз жолдауының «Тілдердің үш тұғырлығы» стратегиясында тіл мәселесіне қатты назар аударған болатын. Еліміз тәуелсіздік алып заман талабына сай дамуы үшін әрбір азамат ағылшын тілін жақсы меңгергені жөн. Ағылшын тілі де қазақ тілі сияқты көркем де шебер, мағыналы да мазмұнды, қысқа да нұсқа қанатты сөздерге бай. Сол қанатты сөздердің бірі – мақал-мәтелдер [1].

Мақал-мәтелдердегі оқу мен еңбек, ойын мен өнер, адамның әр түрлі жақсы қасиеттері, елін сүю, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау т.б. осы іспетті өнегелі сөздер бала санасына біртіндеп құйыла береді.

Мақал-мәтелдер тілдің адам өміріндегі ролі туралы аз айтпаған. Жалпы, бейнелі сөз, шешендік өнерге құрмет – о бастан-ақ қазақ психологиясына ерекше тән сипат. «Қазақ шешендікке құмар, ол сөз өнерін, әсіресе әзіл-оспақты қатты сүйеді» деп тегін айтпаған Ш.Уалиханов. Адамның жан дүниесінің тілден көрініс табуы, яғни ой шындығының сөз арқылы бейнеленуі қазақ мақал-мәтелдерінде есепсіз мол дүние екендігі байқалады.

Көркем сөз өнерінің тілдік және поэтикалық санатына жататын мақал-мәтелдер мән – мазмұнының тереңдігімен, өткірлігімен, өміршендігімен, түп жағынан ықшамдылығымен ерекшеленеді. Көлемінің ықшамдылығына қарамастан, бейнелі тілдік, бірліктер нақты да күрделі ойдың себеп – салдарын, халықтың өмір тәжірибесінің қорытындысы мен дәлелін қатар береді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал-мәтелге мынадай түсіндірме берілген. Мақал – үлгі өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз. Мақал деп қысқа образды, ұйқасты, тұжырымды нақыл сөзді айтамыз.

Қазақстан Республикасының егеменді ел халықаралық қатынастар субъектісі болуына және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты. Тілдік бірліктердің тұтас мағынасына жете түсінбей тіркес құрамындағы сыңарлар мәнін негізге ала отырып аудару сәтсіздіктерге ұшырату мүмкін. Сондықтан мақал-мәтелдердің тіл аралық семантикасын салыстыра зерттей отырып, ондағы жалпы халықтық мәнділіктер мен заңдылықтарды және этностық ерекшеліктерді сондай-ақ ұлт, тіл, мәдениет және өркениеттің өзара сабақтастығын айқындау да өзекті мәселе. «Ұлт пен біртұтас» деген қағидаға сәйкес, қазақ-ағылшын мақал-мәтелдердің тек тілдік емес этнолингвистикалық тұрғыда қарастыру бірлік астарындағы ұлттық болмысты тану жағынан да көкейтесті мәселелер қатарына жатады [2].

Мақал-мәтел, нақыл сөздер тілімізді байыта түсетін халықтың асыл қоры. Ал басқа тілдегі мақал-мәтелді біліп түсіну – бұл тілді жақсы меңгеруге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар басқа халықтың ой – бейнесін және мінез-құлқын түсіндіруіне көп үлес қосады, дәнекер болады.

Тақырыпқа сәйкес ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің қазақша баламасын табу арқылы шетел тілін үйренуіме елеулі көмегін көрсетті. Қазақ тілінде мақалдап сөйлеу ерекшеліктерін зерттеу тек 1948 ж. кейін басталды. Ал ағылшын мақал-мәтелдері де мың жылдан астам тарихы бар халықтың өсіп – дамуының нәтижесі. Оларды тек көркем сөз құралы демей, ағылшын қоғамынан хабардар ететін білім қайнары деп те қараған жөн. Бұл жағдай да қазақ мақал-мәтелдеріне сөзсіз тән қасиет. Осы орайда Ү. Кеңесбаеваның «Ағылшын халқының мақал-мәтелдері» атты 2004 ж. басылып шыққан кітабында ағылшын мақал-мәтелдерінің қазақ тіліне түп-нұсқадан аударып, балама табуға талпынған алғашқы қадамы болды. Кітапқа ағылшын халқының қазіргі ауызекі тіл мен баспасөзде көркем әдебиетте жиі қолданып жүрген 1500-ден астам мақал-мәтелдері енді. Уильям Шекспир, Чарльз Диккенс, Оскар Уайльд сияқты әдебиет классиктерінің шығармаларынан шығып, нақыл сөзге айналып кеткен афоризмдерді де жиі кездестіруге болады. Жинақталған ағылшындардың ұлттық ерекшелігін көрсетіп, мінез-құлқын ашатын, ел танып, жер білуге көмегін тигізетін мақал-мәтелдерді көптеп ұштастыруға болады [3].

Паремиология ғылымы мақал-мәтелді екіге бөліп қарастырады. Олар: «Мақал – дегеніміз өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысы шарт немесе жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын, бітімі бекем өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық нақылы.

Біз зерттеу барысында ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерді бірнеше топқа сараладық: Ғылым-білім туралы, Тіл өнері, Достық және Денсаулық туралы.

#### 1) Science and knowledge

| Ағылшынша                                     | Қазақша                              |
|-----------------------------------------------|--------------------------------------|
| Knowledge is power                            | Білім – қуат                         |
| Live and learn                                | Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ |
| Where is a will there is a way                | Іздеген жетер мұратқа                |
| Power is knowledge, knowledge is in the books | Күш білімде, білім кітапта.          |
| Clothes don't beauty a man but knowledge      | Адам киіммен емес, біліммен көрікті  |
| So many men, so many minds                    | Көптің ойы кеменгер                  |
| Science is sea, knowledge is ship             | Ғылым – теңіз, білім – кеме          |
| Book and science is a teacher without tongue  | Кітап пен ғылым – тілсіз мұғалім     |
| Life is short ,art is long                    | Өмір қысқа ,өнер мәңгі               |
| Learn wisdom by the follies of others         | Көргенінді көңілге түй               |

#### 2) Language and speech

| Ағылшынша                       | Қазақша                          |
|---------------------------------|----------------------------------|
| Actions speak louder than words | Адамды сөзінен емес, ісінен таны |
| A closed mouth catches no flies | Үндемеген үйдей бәледен құтылады |
| First think, then speak         | Айтылған оқ атылған оқпен тең    |
| All roads lead to Rome          | Қызыл тіл Римге жеткізер         |
| The language is a key of mood   | Тіл-көңілдің кілті               |

#### 3) Friend and Friendship

| Ағылшынша                         | Қазақша                              |
|-----------------------------------|--------------------------------------|
| A friend to all is friend to none | Досы көппен сыйлас досы азбен сырлас |
| Friends eye is a good mirror      | Дос көзі – шынайы айна               |
| A friend in need is friend indeed | Дос адалы түзде белгілі              |
| You know a man by his friends     | Адамды досына қарап таны             |
| Old friends and old wine are best | Ескі дос есінде жүрсін               |

#### 4) About health

| Ағылшынша                                                               | Қазақша                                 |
|-------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|
| Health is better than wealth                                            | Денсаулық – зор байлық                  |
| Take a hair of the dog that bit you                                     | Неден ұшынсаң, сонымен емдел            |
| Custom is a second nature                                               | Ауру қалсада, әдет қалмайды             |
| Every heart knows its own bitterness                                    | Әркімге өз ауруы батады                 |
| If each would sweep before his own door,<br>He should have a clean city | Тазалық бар жерде, денсаулық бар        |
| Agues come on horseback but go away on foot                             | Кесел батпандап кіріп, Мысқылдап шығады |

Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді қазақ тіліндегідей өн бойында поэзияға тән жинақтық, үнділік-саздылық ұйқас – ырғақтылық байқалды. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында, екшеленген сұрыпталған, жылдам біріккен формасына сай. Қазақ – ағылшын мақал-мәтелдердің туа және ауыспалы мағынасы болады. Төмендегі мақалдар тура мағынасында: «*Time and tide wait no man*» – «*Уақыт ешкімді күтпейді*», «*No news – good new*» – «*Жаңалықтың жоғары – жақсы жаңалық*», «*Better late than never*» – «*Ештен кеш жақсы*», «*Never put off till tomorrow, What you can do today*» – «*Еріншектің ертеңі бімнес*», «*Early bird catches the worm*» – «*Ерте тұрған адамның бір ісі артық*», «*All are not saints that go to church*» – «*Жылтырағанның бәрі алтын емес*», т.б. [4].

Кейбір мақалдарда айтпақ ой астарлы мағынада ишарамен берілді. Мысалы: «*Love me, love my dog*» – «*Мені жақсы көрсең, итімді де жақсы көр*», «*My house is my castle*» – «*Өз үйім, кең сарайлы боз үйім*», «*One drop of poison spoils the whole fun of wine*» – «*Бір қарын майды бір құмалақ шірітпейді*», «*Everything is good in its season*» – «*Әр нәрсенің өз уақыты бар*», «*All is well that ends well*» – «*Басы қатты болса, аяғы тәтті болады*», «*There is no smoke without fire*» – «*Жел болмаса, шөптің басы қозғалмайды*» – «*A drowning man will catch at a straw*» – «*Суға кеткен тал қармайды*», «*After dinner comes reconning*» – «*Қыс шанаңды, жаз арбаңды сайла*», «*Honey is not for the ass's mouth*» – «*Талғамы жаман татымдыны сасытады*», «*Every cook praises his own broth*» – «*Сиыр баласын торпағым дер, Қарға баласын томпағым дер*» т.с.с [5].

Екі тілдегі мақал-мәтелдің де ұқсастығы мен айырмашылықтары бар. Мақал-мәтел айырмашылығы екі тілдің формаларының сыртқы белгілеріне байланысты. Сонымен бірге мағынасын анықтау үшін мақал-мәтелдердің көлеміне де назар аудару қажет. Бірқатар қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өзара сәйкестіктері байқалады, абсолютті эквивалент, яғни теңбе-тең балама түрлері де кездеседі. Ағылшын мақалдары көбіне бір сөйлемнен ғана құрылса, қазақ мақалдарының басым көпшілігі екі не бірнеше тармақты болып келеді. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі айтылап ойдың басқа бір жағдай, не құбылыспен салыстырыла жеткізілуін тілдік ерекшеліктер санатына жатқызуға болады. Қазақ мақалдарының белгілі бір ұйқасы дыбыс үндестігі, тұлға сәйкестігі және мағына үйлесімділігі тәрізді шарттарға негізделіп құралуы қазақ халқының ертеден шешендік өнерге, ақындыққа ерекше көңіл бөлумен байланысты. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің құрамында елді-мекендердің атаулары мен кісі есімдері жиі кездеседі.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются способы и особенности пословиц и поговорок на английском и казахском языках. Понимание сходства и различий в статьях и высказываниях в значительной степени способствует изучению английского языка. Драгоценное Слово Народа, которое производит пословные слова и пословицы. В настоящее время потребность в иностранных языках растет. Поэтому мы должны не только осваивать родной язык, но и говорить на иностранных языках.

**Summary.** This article discusses the ways and features of proverbs and sayings in the English and Kazakh languages. Understanding the similarities and differences in articles and statements greatly contributes to the study of English. Precious Word of the People, which produces word-by-word and proverbs. Currently, the need for foreign languages is growing. Therefore, we must not only learn our native language, but also speak foreign languages.

### Әдебиеттер

1. Кунин А.В. Мақал-мәтелдердің құрылымдық – мағыналық ерекшеліктеріндегі коммуникативтік фразеологиялық бірліктер. – М, 1987. – 77 б.
2. Ағылшын қазақ тіліндегі сөздік. – Алматы, 2001.
3. Кеңесбаева Ү. Ағылшын халқының мақал-мәтелдері. – Алматы: Өлке, 2004. – 214 б.
4. Ағылшын – қазақ тілдеріндегі кейбір ұқсастықтар туралы. Қазақстан мектебі. – 2001.
5. Адамбаев Б. Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің құрылымдық және мағыналық ұқсастықтары. – Алматы, 1996. – 17 б.



*А. Сапарғалиева, 8 «А» сынып оқушысы*  
*Ғылыми жетекші: Г.Қ. Абдикерова*  
*№5 мектеп гимназияның*

## КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНГЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Аңдатпа.** «Үштұғырлы тіл» атты тіл сясатын іске асыру мақсатында, ағылшын тілін үйренуге ынталанатын, тілді меңгерулері әр түрлі деңгейдегі білім алушыларға тең құқылы білім алуға мүмкіндік жасалып жатыр, осылайша біз мемлекетіміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатыса алатын тұлғалар дайындауға үлкен септігімізді тигізетініміз анық. Нарық аясының кеңейуі қазірден бастап көптеген шетел компанияларын қызықтыруда, ал ағылшын тілі кәсіби қолданыс пен аудармадағы ең ортақ, ең маңызды тіл болып отыр.

Шетел тілінен білім берудің деңгейлік моделімен тығыз байланысты ерекше құжат Еуропалық тіл «Портфолиясын» атауға болады. Аталмыш «Портфолио» жүйелі түрде ретке келтірілген, шетел тілін меңгеруде жеткен жетістіктеріне дәлел бола алатын және өз бетімен дайындалған жазба және ауызша жұмыстар жиынтығы.

Аталмыш тұжырымдаманы іске асырудың негізгі мақсаты:

- ҚР-да үздіксіз және сабақтастық негізде шетел тілінен білім беру жүйесін түзу;
- халықаралық-стандарттық талапқа сай деңгейлі негізде шетел тілін оқыту;
- шетел тілінен алған дипломның басқа елдерде жарамдылығына кепілдік беру;
- шетел тілінен халықаралық сертификаттарға ие болу;
- құқықтық басқару және оқу-әдістемелік құжаттарды түбегейлі өзгерту;
- жаңа буын оқулықтар мен оқу әдістемелік кешенін дайындау;
- бәсекеге қабілетті, жоғары білікті, қабілеті мол жаңа заманға лайық мұғалім кадрларды даярлау;
- Қазақстанның жаңа әлемнің білім беру кеңістігіне кірігуіне жағдай жасау [1; 55].

Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі-мектепте көптілді және билингвалды білім беруді жолға қою болып табылады.

Көптілді білім-көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсатымызды анықтап алдық. Ол – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары дең-

гейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Көптілді және билингвалды білім беруде оқу-тәрбие үрдісінен күтілетін нәтижелер мыналардан тұрады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс тілінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;

- бітірушінің көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі;

- көп мәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;

- ұлттық және жалпықазақстандық, құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығу танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;

- бітірушілер еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды [2; 48].

Қарым-қатынас, ауызекі сөйлесу жиілігі ана тілінде өте жоғары. Шетел тілінде сұқбаттасу көбінесе сабақта ғана орын алады, сонымен қатар оқушының сөздік қорының саны, пайдаланатын грамматикалық құрылымдардың тапшылығы, фонетикалық ерекшеліктер ойын еркін білдіруге кедергі жасайды. Шетел тілі тек коммуникативтік қызметте қолданылып, заттың өзінен алшақтайды. Ал ана тілін үйренгенде бала заттарды көзбен көріп, атын атап, сөйлеп жаттығады.

Шетел тілі тілге бейімділік өтіп кеткен кезде меңгеріле бастайды (2 жастан 5 жасқа дейін). Мамандардың айтуынша шетел тілін үйретудің 5-6 жастан бастаған дұрыс. Шетел тілі оқудың әрі мақсаты, әрі құралы болып есептеледі. Осыған байланысты тоқталып өтейін: «Пәнсіздену», «Шексіздік», «Әркелкілік».

«Пәнсіздену» ұғымына келетін болсақ, шетел тілі қоршаған орта туралы нақты деректер бермейді. Мысалы, тарих адамзат қоғамның дамуы туралы білім берсе, физика материяның өмір сүру заңдылықтарын қарастырады. Яғни, шетел тілінде кез келген пәннің мәселелерін қарауға болады, сондықтан да шетел тілі өз пәнінің шеңберінен асып кетеді деп айтуға болады.

«Шексіздік» ұғымын қарастырсақ, шетел тілінен басқа кез келген пәннің мазмұнының құрамында арнайы тақырыптық бөлімдері бар. Тарихтан «Ежелгі Рим тарихы» бөлімін оқып білуге болады. Шетел тілін оқығанда тіл үйренуші қажетті деңгейде лексиканы, грамматиканы, фонетиканы меңгермей, ол тілде сөйлей алмайды. Сондықтан шетел тілін белгілі бір деңгейде ғана меңгеруге болады (жоғары, орта, төменгі).

Шетел тілін оқытуда В.Л. Скалкин күнделікті өміріміздегі 8 қарым-қатынас саласының арасында іске асыруды ұсынады: әлеуметтік-тұрмыстық, кәсіби-еңбек, әлеуметтік-мәдени, қоғамдық қызмет саласы, әкімшілік-құқық, әуестік және көпшілік сауық саласы [3; 18].

«Әркелкілік» ұғымын зерделесек, тіл ұғымының құрамына «тіл жүйесі», «тілдік қабілет», «тіл материалдары» құбылыстары кіреді. Тілді меңгеру үшін біліктер мен дағдыларды дамыту керек, заңдылықтар мен ерекшеліктерді білу керек. Бұған белгілі деңгейде үйренушілерге қиындықтар туғызуы мүмкін. Сондықтан оқушылардың алдына нақты мақсат пен міндеттер қойылып, оларға жету үшін жүйелі түрде еңбек ете білу керек.

Үш тұғырлы тілді қалыптастыру үшін басқа шетел тілдері ішінен не себепті ағылшын тілі таңдап алынды? Өйткені, жаңа әлемдік мәдени өмірде ағылшын тілі ең кең тараған дүние жүзілік қатынас құралына айналып отыр.

Ақпараттық технологияның дамуына байланысты шетел тілін үйретудің жаңаша түрі – жаңа технологияларды қолдану. Ол шетел тілін үйренушінің коммуникативтік қабілетін дамытып, пәндік білімін тереңдетіп, заманауи ағымда дамыуындағы негізгі рөлді атқарады. Бұл тәсіл оқытушының да кәсіби біліктілігін арттырады. Шетел тілін оқытуда ойын және ойын элементтерін қолдану – оқыту процесін жеңілдетіп, қызықты етері сөзсіз. Ол білім алушының материалды жеңіл меңгеруіне ықпалын тигізеді.

Қазақ тілді ортада шетел тілін оқытудың заманына сай көрнекі құралдары, аудио материалдар жиынтығы, мультимедиялық құралдарды өз дәрежесінде пайдалануға үлкен мән берген дұрыс. Сабақ барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану білім алушылардың өз

тілінде сөйлейтін адамдардың сөйлеу тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай білім алушылардың сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады.

Инфинитивке – *er* (сирек жағдайларда – *or*) суффиксі жалғану арқылы іс-әрекетті істеуші тұлға жайлы айтуға болады: *to teach – teacher* (оқыту – оқытушы), *to play – player* (ойнау – ойыншы), *to build – builder* (үй салу, құру – құрылысшы), *to sail – sailor* (жүзу – матрос). Қазақ тілінде де сөзден сөз тудырып, сөзге жаңа лексикалық мағына беретін ол – жұрнақ. Мысалға: *оқу – оқушы, ойын – ойыншы, сату – сатушы, жазу – жазушы, т.с.с.*

Тағы бір ерекшелік – фразеологиялық сөздерді аударудың мүмкін емес немесе дәлме-дәл аударма жасауға келмейтіндігі. Ағылшын тілінен фразеологизмдерді басқа тілдерге аудару әрқашан мұндай конструкциялардың семантикалық тұтастығы мен күрделілігіне байланысты белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Мысалы, *«to get out of bed on the wrong side» – «сол аяғынан тұру»*; *«fish begins to stink (or stinks) at the head» – «балық басынан шіриді»*; *«nothing is stolen without hands» – «жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды»*.

Кез келген сабақта шетелдік көрнекті ақын-жазушылар және қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығы оқытылады. Немесе, халықтың дәстүрлері, мереке күндері туралы тақырыптар өткізіледі. Халықтың әлі күнге өз мәнін, тәрбиелік тағылымын жоймаған, философиялық маңызы терең салт-дәстүрі, мақал-мәтелдері, шешендік сөздері көп. Әрбір халықтың өзіне тән нақыл сөздері мен мақал-мәтелдері бар. Олардың қайсыбірін алсаңыз да қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерден асып кете алмайды, себебі басқа тілдегі бір мағынаға біздің тілде бірнеше нұсқада айтылатындары жиі кездеседі. Мысалы:

- а) *«East or west, home is best», «В гостях хорошо, а дома лучше».*  
*«Өз үйім – өлең төсегім», «Өз үйім – кең сарайдай боз үйім».*
- ә) *«First think, then speak», «Слово не воробей – вылетит не поймашь».*  
*«Айтылған сөз атылған оқпен тең»,*  
*«Ойнап сөйлесең де ойлап сөйле»,*  
*«Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі».*
- б) *«Let sleeping dogs lie», «Не буди лиха пока она спит».*  
*«Жатқан жыланның құйрығын баспа»,*  
*«Аш пәледен қаш пәле»,*  
*«Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме».*

Қазіргі таңда шетел тілі ретінде ағылшын тілін оқытуды жаңа сатыға көтеру отандық педагогикадағы іргелі міндеттердің біріне айналып отыр. Өйткені, елімізде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Үштұғырлы тіл» тіл саясатын дамыту басымдыққа айналып, соның ішінде жаһандану жағдайында әлемдік интеграцияға кірігу тілі ретінде ағылшын тіліне мән берілуде. Тілдердің үш тұғырлығы елдің бәсекелестік қабілетінің көрінісі болып табылады [4; 78].

Жаһандану процесінің күшейіп, әлемдік интеграцияның қарқын алуы дүние жүзіндегі тілдік кеңістіктердің өзгеруіне алып келді. Халықаралық қатынастар, бизнес, туризм, әлемдік экономика, саясат, білім және ғылым салалары, озық ақпараттық-танымдық технологиялар, құқық пен мәдениет салаларының халықаралық аренадағы негізгі қолданыс тілі ағылшын тілі екені анық.

**Резюме.** Полиязычная компетенция представляет собой не просто владение несколькими иностранными языками. Полиязычная компетенция – это владение системой лингвистических знаний, умение выявлять сходное и различное в лингвистической организации различных языков, понимание механизмов функционирования языка и алгоритмов речевых действий, владение метакогнитивными стратегиями и развитой познавательной способностью. Полиязычная компетенция не является суммой знаний конкретных языков, но представляет собой единую сложную, часто асимметричную конфигурацию компетенций, на которую опирается пользователь. Она совершенствует понимание методов и процесса изучения иностранных языков и развивает способность общаться и действовать в новых ситуациях.

**Summary.** For the purpose of implementing the «Multilanguage» leap forward, it is possible to get equal education in English for those who are fluent in English, so we can greatly assist the people who can participate in



the social, economic and political life of our country. The market expansion has already attracted many foreign companies, and English is the most common and most important language in professional use and translation.

#### Әдебиеттер

1. «Қазақстан мектебі» журналы. – 2011, маусым. – №6.
2. Қазақстан мектебі: Шетел тілі маманының кәсіби ерекшелігі. – 2013. – №5.
3. Уәли Н. Қазақсөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы, 2007. – 328 б.
4. Туранский И.И. Семантическая категория интенсивности в английском языке. – М.: Высшая школа, 1990. – 172 с.



**B. Seitkaliyev**, student specialty «Marketing»

*Scientific supervisor: G.E. Shapiyeva, master of philology, lecturer  
KazUEFIT*

### COMMUNICATIVE COMPETENCY FOR ENGLISH LANGUAGE LEARNING

**Annotation.** There are considered four components of communicative competence in the article. A language user needs to use the language not only correctly (based on linguistic competence), but also appropriately (based on communicative competence). The important part in our life is communication and communication in foreign languages becomes necessary for young generation. The new way to learn English and effectiveness of this method are tasks for analyzing in this work.

Communicative Competence is the ability to use the language system appropriately in any circumstances, with regard to the functions and the varieties of language, as well as shared sociocultural suppositions.


If a language learner is asked what they think the goal of a language course is, they would probably answer that it is to teach the grammar and vocabulary of that language. However, if they are asked what their goal is as language learners, they would most probably answer that it is to be able to communicate in that language.

I am not saying that in actuality the goal of a language course is to teach solely grammar and vocabulary – well; at least it shouldn't be just that anymore. (I have been in a course with such an outdated approach, and the results were, of course, poor). Fortunately, the focus of second language teaching has moved from purely teaching grammar and vocabulary, to providing the skills for effective communication. In linguistics terminology, a language course should not only have «linguistic competence» as its goal, but «communicative competence» in general [1].

But what do these terms mean? Communicative competence is a term coined by Dell Hymes in 1966 in reaction to Noam Chomsky's (1965) notion of «linguistic competence». Communicative competence is the intuitive functional knowledge and control of the principles of language usage. As Hymes observes:

«...a normal child acquires knowledge of sentences not only as grammatical, but also as appropriate. He or she acquires competence as to when to speak, when not, and as to what to talk about with whom, when, where, in what manner. In short, a child becomes able to accomplish a repertoire of speech acts, to take part in speech events, and to evaluate their accomplishment by others».

In other words, a language user needs to use the language not only correctly (based on linguistic competence), but also appropriately (based on communicative competence). Of course, this approach does not diminish the importance of learning the grammatical rules of a language. In fact, it is one of the four components of communicative competence: linguistic, sociolinguistic, discourse, and strategic competence [2].



Picture #1

**Linguistic competence** is the knowledge of the language code, i.e. its grammar and vocabulary, and also of the conventions of its written representation (script and orthography). The grammar component includes the knowledge of the sounds and their pronunciation (i.e. phonetics), the rules that govern sound interactions and patterns (i.e. phonology), the formation of words by means of e.g. inflection and derivation (i.e. morphology), the rules that govern the combination of words and phrases to structure sentences (i.e. syntax), and the way that meaning is conveyed through language (i.e. semantics).

**Sociolinguistic competence** is the knowledge of sociocultural rules of use, i.e. knowing how to use and respond to language appropriately. The appropriateness depends on the setting of the communication, the topic, and the relationships among the people communicating. Moreover, being appropriate depends on knowing what the taboos of the other culture are, what politeness indices are used in each case, what the politically correct term would be for something, how a specific attitude (authority, friendliness, courtesy, irony etc.) is expressed etc.

**Discourse competence** is the knowledge of how to produce and comprehend oral or written texts in the modes of speaking/writing and listening/reading respectively. It knows how to combine language structures into a cohesive and coherent oral or written text of different types. Thus, discourse competence deals with organizing words, phrases and sentences in order to create conversations, speeches, poetry, email messages, newspaper articles etc. [3].

**Strategic competence** is the ability to recognize and repair communication breakdowns before, during, or after they occur. For instance, the speaker may not know a certain word, thus will plan to either paraphrase, or ask what that word is in the target language. During the conversation, background noise or other factors may hinder communication; thus, the speaker must know how to keep the communication channel open. If the communication was unsuccessful due to external factors (such as interruptions), or due to the message being misunderstood, the speaker must know how to restore communication. These strategies may be requests for repetition, clarification, slower speech, or the usage of gestures, taking turns in conversation etc.

These four components of communicative competence should be respected in teaching a foreign language – and they usually are by modern teaching methods employed in second language teaching. Usually most of the above are best learned if the language learner immerses into the culture of a country that speaks the target language. Wouldn't it be great if the language teaching methodologies helped lan-

guage learners reach communicative competence to a great degree even if the learner has never immersed into the target culture?

How to learn English by using these components?

I will bring five methods, which combines all of this methods effect on study (Picture #2):


1. Listening – whenever you listen a music, watching TV with subtitles or listening someone dialog, you are always trying to keep in your mind how they speak, how they pronouncing a words, singing, and etc.

2. Speaking – one of the most effective way to learn English. People always talking with each other, and you must understand that you are always talk with your friends one your native language; try to do the same but in English.

3. Reading – before you start learning English, you need to focus on vocabularies and alphabet, most important thing that you need to know is the words. One of the good methods to learn words is Picture Dictionary, main feature of this dictionary that you see words and the meaning of this thing and translation (for example: word «pencil» – picture of the Pencil and translation from English language [4].

4. Writing – popular part, people start to use this method to write an alphabet and words in English. After studying these four methods, you will be ready to study a grammar.

5. Motivation – Make English learning with pleasure find yourself motivation! Do not hesitate yourself by forcing yourself to study.



Picture #2

**Түйін.** Мақалада коммуникативтік құзыреттіктің төрт компоненті қарастырылады. Тілді пайдаланушысы тілді тек лингвистикалық құзыреттілік негізінде ғана емес, дұрыс (коммуникативті құзыреттілік негізінде) қолдануы керек. Байланыс – біздің өміріміздің маңызды бөлігі, ал шет тілдеріндегі қарым-қатынас жас ұрпақ үшін қажет. Ағылшын тілін үйренудің жаңа әдісі және осы әдіс тиімділігі – бұл жұмыста талдау жасау.

**Резюме.** В статье рассматриваются четыре компонента коммуникативной компетентности. Пользователь языка должен использовать язык не только правильно (на основе лингвистической компетенции), но и надлежащим образом (на основе коммуникативной компетенции). Важной частью нашей жизни является коммуникация, и коммуникация на иностранных языках становится необходимым для молодого поколения. Новый способ изучения английского языка и эффективность этого метода – задачи для анализа в этой работе.

## References

1. Chomsky, Noam (1965). Aspects of the theory of syntax. Cambridge: M.I.T. Press.
2. Hymes, Dell H. (1966). «Two types of linguistic relativity». In Bright, W. Sociolinguistics. The Hague: Mouton. – Pp. 114-158.
3. Hymes, Dell H. (1972). «On communicative competence». In Pride, J.B.; Holmes, J.
4. Sociolinguistics: selected readings. Harmondsworth: Penguin. – Pp. 269-293.



**K. Tulendy**, student specialty «Information Systems»  
Scientific adviser: **A.B. Amanbay**  
KazUEFIT

## **DROPS – APPLICATION FOR LEARNING A FOREIGN LANGUAGE**

**Annotation.** This report describes an application for learning English, using visual associations. With this application you can learn not only English, but also many other languages. Every day you are given 5 minutes. You can subscribe for a month, year, for life. The application has received the title of «The Best Application of 2018» Advantage: functionality, design, the application is free, a wide range of languages for learning, visual presentation in the format of a mini-game. Limitations: time limit, there is paid content.

In the 21st century, it is more important than ever to know a foreign language in particular English. Today there are so many ways to learn a language. These include watching movies, listening to music in the target language, various games on the computer, applications on smartphones, literature. As the first president of Kazakhstan N. Nazarbayev said: Our children are children of the planet. They study all over the world, in the best universities, they go where we have not gone. Therefore, they should be fluent in English along with Kazakh and Russian. It is important [1]. I want to bring to your attention an application for learning 32 languages including English. It is called Drops.

Back in 2015, Daniel Farkas had an idea for an app that would change the way we learn languages. Rather than add game elements to a boring, traditional language course, we reversed the process and built a game that allowed learners to play their way to a new language. He called the game Drops. Over the past three years, Drops has boomed in popularity, a fact contributed to its gorgeous design, entertaining gameplay, but more importantly, the fact it works. Our success hasn't gone unnoticed. Today, Google announced its favorite apps in 2018 and Drops was at the top of that list. PlayMarket were recognized as the "Best App 30" for the year [2].

What if British English vocabulary learning would be a crazy fun game instead of boring memorization drills? Drops makes language learning an effortless fun. Practical vocabulary is bound to your memories through beautiful graphics and quick mini-games. The crazy part? You have only 5 minutes per day. Might sound insane but works like charm! These are the ingredients of the secret sauce: 100% illustrated: Pictures directly carry the meaning – you don't have to use your native language at all! No intermediary. Faster, more effective and of course more fun!

5 min sessions: limiting practice time sounds crazy but it makes it incredibly addictive – which is cool thing for learning. The barrier of entry is close to zero so you can't have any excuses: you'll have 5 minutes even on the busiest day!

Effortless play: We know why games are fun and addictive and distilled the essence into Drops. The result is a truly immersive experience but it's not waste of your time while you play because you build a valuable knowledge. Quick: Keyboard typing is painfully slow. Welcome rapid swipes and taps! Trust us, you'll need those extra seconds during the quick learning session. Vocabulary only: Zero grammar, just handpicked practical words. That's our focus and he do it extremely well. The app teaches the Korean «alphabet» Hangul (Hangeul) too! Forge a habit: Drops wants to make you language learning addict. Effectiveness is nothing without a well-established habit. We help you build one! Drops team are extremely proud of our lovely word pronunciations by seasoned voice talents! Drops is free for casual learners: more than 1700 words in 99 topics are all available for everyone. Hardcore language learners can subscribe for premium to progress faster with unlimited learning time. Subscriptions start from \$8,68 / per month. Our goal is to empower people of the world via language knowledge by providing a special tool that utilizes the universal language we all speak: pictures [3].

Hello everyone, now I'll tell you about an application, for learning languages called «Drops». Nowadays, it is very important to know foreign languages, especially English, for this a lot of applications have been created on our smartphones. The most important thing is that the application is free, there is no annoying ads and the ability to learn many languages. The application has its own unique design, very colorful

drawing, which immediately pleases the eye. When working with the application, there were no problems, everything was clear and concise. At the open the application we are asked what language we want to learn, and what knowledge level we have (elementary or intermediate). The worst thing about the application is that in it you can learn new words for you for only 5 minutes, even if you take extra time during the daily course in «Drops». The study itself takes place very coolly in the form of a droplet, the pictures and their name are displayed, and they also pronounce words so that there will be no problems with pronunciation. All words are divided into categories that gradually open with the passage of a separate level. Very cool application that wants to improve their knowledge when learning a foreign language, while doing so without much effort. I advise the app for everyone, as everyone can figure it out.

And here is an overview of this application from the Bloomberg website: Why we like it: No reading. No typing. Just five minutes a day. That's how Drops promises to get you to learn one of 32 languages—spanning from French and Spanish to Korean and Arabic. (Esperanto, comically, is also included.) Lessons walk you through 120 word buckets covering food, drinks, numbers, and hotel terms. And instead of showing you flash cards with cheesy stock photos, the app focuses on clean illustrations, all in white, set against solid-colored backdrops. Whether you're matching pictures to their translations, unscrambling letters to practice spelling, or swiping across a grid of letters to unearth the word that matches the picture, the exercises feel like quick games rather than classroom worksheets. The caveat: Drops places a heavy emphasis on building vocabulary through nouns, which means you won't get much in the way of grammar, usage, and conjugations. You won't be quizzed on speaking or pronunciation, either. And although you can buy it forever for only \$ 168,73, five-minute blocks mean that you learn at a relatively slow pace. That's great if that's all the time you have to spare, anyway – not so great if you are actively trying to learn a language before you go for a trip [4].

Students of our university are interested in learning English, so I present to you this instruction for using the DROPS application.

**Түйін.** Бұл мобильді қолданба көрнекі байланыс пайдалану арқылы ағылшын тілін үйренуге арналған бағдарламаны сипаттайды. Бұл бағдарламамен ағылшын тілін ғана емес, көптеген басқа тілдерді де білуге болады. Күн сайын сізге 5 минут беріледі. Сіз бір айға, бір жылға, өмір бойы жазылысты рәсімдей аласыз. «2018 үздік бағдарлама» ие болды. Бағдарламаның құндылығы: функционалдылық, дизайн, тегін бағдарлама, оқуға арналған кең ауқымды тілдер, шағын ойын форматында көрнекі көрсетілім. Кемшіліктері: уақыт шектеулі, ақылы контент.

**Резюме.** В данном докладе описано приложение для изучения английского языка, с применением визуальных ассоциаций. С помощью этого приложения можно изучать не только английский язык, но и множество других языков. Каждый день вам дается 5 минут. Вы можете оформить подписку на месяц, год, навсегда. Приложение получившая титул «Лучшее приложение 2018 года» Плюсы: функционал, дизайн, приложение бесплатное, широкий выбор языков для обучения, визуальная подача в формате мини-игры. Недостатки: ограничение по времени, есть платный контент.

### References

1. <https://www.zakon.kz/4959780-nazarbaev-o-trehyazychii-ne-nado-delat.html>
2. <https://community.languagedrops.com/t/news-so-we-ve-got-some-pretty-exciting-news-to-share/1033>
3. <https://play.google.com/store/apps/details?id=com.languagedrops.drops.learn.learning.speak.language.english.british.gb.words&hl=en>
4. <https://www.bloomberg.com/news/articles/2017-07-21/five-language-learning-apps-tested-and-reviewed>



**Ә. Темірғалиева, С. Ізмұхан, «Экономика» мамандығының студенттері**

*Ғылыми жетекші: Д.Х. Байдрахманов, п.ғ.к.*

*ҚазЭҚХСҮ*

## **ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада еліміздегі көптілділік мәселелері қозғалады. Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері ретінде сұхбат және сауалнама қолданылды. Эксперименттік жұмысқа 20 адам қатысты. Жұмыстың қорытындысы диаграмма түрінде берілді. Ағылшын тілін мектепте оқытуға сауалнама және сұхбатқа қатысқандардың көпшілігі қарсы болмады. Авторлардың эксперименттік жұмысы негізінде жасалған пікірлері мақала соңында көрсетілген.

**Кіріспе.** Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Мұның өзі жеке адамның (индивидуумның) көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты [1].

Бүгінгі таңда елімізде көптілділік мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеген болатын. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі. Себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан тілдерді білуді уақыт талап етіп отыр. Алайда, Елбасымыздың «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің бірінші негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» деген сөзі үлкен сенімділік береді [2].

Н.Ә. Назарбаев көптілді білімді дамытуға жіті назар аударып «...еліміздің маңызды құндылықтарының бірі және басты артықшылығы – көпұлттылық пен көптілділік» деп атап көрсеткен. ҚР тұңғыш Президенті жүктеген тапсырмаларға сәйкес, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2012 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы мен «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени бағдарламасында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасында, 2020 ж. қарай «... барша қазақстандықтар қазақ тілін, орыс тілін 95 және 25% – ағылшын тілін меңгеруі тиіс» деген болатын [2].

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңмен іске асыруды қолға алуды ұсынды. «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» атап көрсетілді. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кемі үштілді болуы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруі тиіс. Еуропада көптілділік қалыпты нормаға айналған, біз де осы қатардан міндетті түрде табылуға тиіспіз. Ағылшын тілін кең тұрғыда білмей, ұлттың нағыз бәсекеге қабілеттілігі туралы айту қиын», – деген-ді [3, 4].

Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Сонымен қатар, Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев үштілділік бағдарламасына қатысты пікірін білдірді. «Бұл – өте күрделі әрі маңызды мәселе. Менің ұстанымым, біріншіден, қазақ тілі болуға тиіс, орыс тілі болуға тиіс. Бұлардың балаларымыз үшін маңызы зор. Тек содан кейін ғана ағылшын тілін оқыту керек», – деді Қазақстан Президенті. 2016-2019 жж. аралығында Білім және ғылым министрі болған Ерлан Сағадиев 2019 ж. дейін 13,5 мың мектеп мұғалім төрт пән бойынша ағылшын тілінде сабақ бере бастағанын айтқан болатын [5].

Қазіргі таңда Қазақстанда басшылар басқа мемлекеттермен бәсекеге түсе алу үшін білім

мен ғылымды дамытуды мақсат етіп отыр. Сол үшін көптілділікті енгізген болатын. Алайда бұл қоғамда үлкен пікірталас тудыруда. Осыған байланысты көптілділік Қазақстанға қажет пе деген өзекті мәселе болып отыр.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты Қазақстанда қостілділік пен үш тұғырлы тілді қалыптастырудың қажеттілігін анықтау болып табылды. Осы мақсатты орындау үшін алдымызға мынадай міндеттемелер қойдық:

- Қазақстандағы көптілділіктің қоғамға деген маңыздылығы мен алатын орнын анықтау.
- Ғалымдардың қостілділік пен көптілділікке жүргізген зерттеулеріне талдау жасау.
- Қатысушылардан сауалнама алып, сауалнама қорытындысы талдау жасау.

#### 1. Әдебиеттерге шолу (Literature review).

Қазіргі таңда көптілділік мәселесін көптеген ғалымдар өздерінің ғылыми жұмыстарының арқауы етуде. Кейбіреуі көптілділікті қолдаса, басқалары жаһандану дәуірінде көптілділік аз сөйлейтін ұлттардың тіліне қауіпті деген пікірде. Тіпті батыстың ғалымдарының өзі ағылшын тілін «Өлтіруші тіл» («Killer language») деп атауда. Себебі, жаһандану кезінде ағылшын тілі жақсы дамып, таралып, өзге ұлттар тіліне еніп, сол тілдердің дамуына кедергі келтіруде.

Таңа Eckert бастаған бір топ ғалымдардың пікірінше, ағылшын тілі – басқа тілдерге зиян, кедергі келтіруші тіл ретінде қарастырылған [6].

Сеноз айтуынша мектеп қабырғасындағы үш тілділік «жаңа феномен» емес, өйткені бірінші шет тілі ерте жастан бастап оқытылса, көптеген елдерде екінші шет тілі тоғыз немесе он жастағы балаларға оқытыла бастайды. Яғни, көптілділік – керек үрдіс. Robson пайымдауынша 2020 ж. ағылшын тілінде 2 млрд адам сөйлейді. Ол дегеніміз – ағылшын тілін ерте жастан оқытқан абзал дегенді білдірсе керек. Nurshatayeva ойынша ағылшын тілі мұғалімі мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер мұғалім болған күннің өзінде де, мектепті тастап кетеді, себебі «олар бұл жұмысты ешқашан істегісі келмеген». Бұдан елімізде ағылшын тілін оқыту барысында кадр бойынша мәселелер бар екендігін көрсетеді. Мектепті мұғалімдердің жиі тастап кетуінің тағы бір себебін, Mukhtarova жұмыстың ауырлығы, жұмыс жағдайының қолайсыздығы және төмен жалақы жас мұғалімдер үшін күйзеліс туындатып, мамандыққа деген қызуғушылығын жоғалтады деп түсіндіреді [7].

#### 2. Эксперименттік жұмыстың сипаттамасы (Research characteristics: interview and questionnaire).

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікіріне зерттеу жасай отырып, жұмыстың практикалық маңыздылығын көрсету мақсатында біз ғылыми жұмысымызды сауалнама және сұхбат негізінде жасадық. Эксперимент жұмысының мақсаты – көптілділікке және бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқыту жөніндегі пікірді білу болды.

Эксперименттік жұмысқа 20 адам қатысты. Оның ішінде, 7 адамнан сұхбат, 13 адамнан сауалнама алынды. Сұхбатқа 3 ер адам, 1 әйел адам және 3 мектеп оқушысы қатысты. Сауалнама бойынша 5 ер адам, 8 әйел адам өз ойларын білдірді. Экспериментке қатысқан адамдардан этикалық ереже бойынша рұқсат алынды. Олар өз пікірлерімен бөлісіп, сұрақтарға жауап берді.

#### 3. Эксперименттік жұмысқа талдау (Analyses of experimental research).

##### а) сауалнама:

Жалпы сауалнама нәтижесі бойынша 98%-ы техникалық пәндердің ағылшын тілінде оқытылуына қарсы. «Шетел тілдерін қай сыныптан бастап енгізуге болады?» деген сұраққа – қатысқандардың 30%-ы «Бастауыш сыныптан», 53%-ы «5-і сыныптан», 17%-ы «6-ы сыныптан» бастап оқыту дұрыс деген пікір білдірді. Көптілділікті 62% адам қолдамайды, 38% қолдайды. Кейбірі ағылшын тілінің болашақ ұрпақ үшін өте қажет екендігін және оны ерте кезден бастап меңгерген дұрыс деп санайды. Олар жас кезде тіл үйрену, өзге тілді тез меңгеруге үлкен мүмкіндік береді деген пікір айтады. Ағылшын тілін бастауыш сыныптарда оқытуды қолдаушылар, ағылшын тілі алғашқы сыныптарда ойын әдістерін қолдану арқылы оқытылуы қажет деп санайды. Олар бұл әдіс түрі балалардың тілді оңай, әрі тез меңгеруіне оң ықпалын береді деп есептейді. Дегенмен, бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытуға қарсы пікір білдірушілер мектептер мемлекеттік тіл, яғни қазақ тіліне көп көңіл бөлуі қажет деп санайды.

Сауалнамаға қатысушылардың 53%-ы екі тілде, 29%-ы тек қазақ тілінде, 17%-ы үш тілде,

1%-ы төрт тілде сөйлейді. Қазақстан халқының басым көпшілігі қазақ және орыс тілдерінде сөйлей алатындықтары белгілі. Қазақ тілінде оқытылатын мектептерде орыс тілі шет тілі ретінде бастауыш мектептен бастап оқытылады. Соның нәтижесінде елімізде орыс тілінде сөйлейтіндердің пайыздық үлесі жоғары.

Қазақстанның жарқын болашағы – үш тұғырлы саясатта екендігі Елбасының және мемлекеттік бағдарламаларда айтылған. Қазақ тілі – мемлекет тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын – халықаралық тіл деген көзқарасқа 61,5%-ы келісіп, 13,5%-ы келіспейді, 25%-ы бейтарап. Демек, барлық Қазақстандықтарды біріктіретін – қазақ тілі сондықтан, орыс және ағылшын тілі жетік меңгерсекте мемлекеттік тілге ерекше ықылас керек.







ә) сұхбат

Сұхбат бойынша төмендегідей сұрақтар қойылды:

1. Көптілділіктің бізге керегі бар ма, жоқпа?
2. Үштілділікті 1-і сыныптан бастағанға қалай қарайсыз?
3. Көптілділік мемлекеттік тілдің дамуына кедергі келтіреді деп ойлайсыз ба?

Осы 3 сұрақ бойынша пікірлер әртүрлі болды. 1-сұрақ бойынша көптілділікті барлығы қолдады. 2-сұрақ бойынша сұхбат алынған адамдардың ойы екіге бөлінді: 6 адам қарсы, ал бір адам 1-і сыныптан бастап енгізген дұрыс деген пікірде болды. 3 сұрақ бойынша 2 адам қазақ тілінің дамуына көптілділік кедергі келтіреді деп ойлайды, ал 5 адам көптілділік келер ұрпақтың болашағы үшін керек деп есептейді.

### **Қорытынды**

Біз қатысушылардан алған сауалнама және сұхбатты қорыта келе мынандай ұсыныстарды айтқымыз келеді:

- орыс тілін 3 сыныптан, ал ағылшын тілін 5 сыныптан бастап енгізу керек;
- мектептерде техникалық пәндерді шет тілдерінде оқытудың қажеті жоқ. Өйткені оған 2-3 айлық курстан өткен мұғалімдердің біліктілігі жетпейді. Әрі ата-аналар бұған қарсы себебі, көп салмақ түсуіне байланысты балалардың құштарлығы жойылып, білім сапасына кері әсерін тигізе ме деп уайымдайды;
- ақпараттық технологияның дамыған заманында тілді үйренемін деген адамға барлығы қол жетімді. Қажеттілік туындаған адам интернет, әлеуметтік желі бойынша немесе арнайы курстарға барып үйренуге болады. Сондықтан мектеп бағдарламасында ағылшын тілі тек пән ретінде тереңдетіп оқыту қажет;
- мемлекеттік тілдің мәртебесіне нұқсан келтірмей, өзге тілдерді еркін игеруге жағдай жасайтын бағдарламаларды әлі жетілдіру керек; қазіргі таңда көптілділік мәселесі өте нәзік мәселе болып тұр, себебі көптілділікті оқытудың нақты әдістемесі әлі зерттеуді қажет етеді.

Мақала Қазақстанға көптілділік қажет пе деген сауалды зерттеу мақсатында жазылды. Зерттеу барысында азаматтардың көптілділік жөніндегі көзқарастары талданды. Ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап оқытудың негізгі мақсаты оқушыларды тілді тез меңгерту және оларды бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу екендігі белгілі. Қазақстан басшылығы еліміздің азаматтары үш тілді білуі тиіс және ағылшын тілін оқыту бастауыш сыныптардан басталуы қажет деп санайды. Бірақ, бұр реформаны қолдаушылар кейбір қиындықтарды ескермеген сияқты. Себебі, көптеген адамдар өз балаларының ерте жастан бастап мемлекеттік тілде (қазақ тілінде) еркін сөйлегенін қалайды, ал содан кейін барып өзге тілдерді меңгерсе дейді. Билік бұл реформаны ендіру барысында мұғалімдердің жалақысы және оларды қолдау сияқты мәселелердің оңтайлы шешімін тапса жөн болар еді.

### Әдебиеттер

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Көптілділік>
2. Солташұлы Ы. Заман Талабы – Көп Тілді Болу. Ақиқат. – 2012, 26 қараша. – №11. – 14-15 бб.
3. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Ақиқат. – 2013. – №1.
4. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007.
5. [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/tokaev-ushtldk-jayly-brnsh-kazak-jane-oryis-sosyin-296652/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-ushtldk-jayly-brnsh-kazak-jane-oryis-sosyin-296652/)
6. <http://www1.amalnet.k12.il/amalna/gefen/profession/English/resources%20reserve/%D7%91%D7%A8%D7%90%D7%9C%D7%A8%D7%97%D7%9C%D7%A0%D7%92%D7%9C%D7%99%D7%AA/ENGLISH-%20A%20LANGUAGE%20KILLER.pdf>
7. <https://lektsii.org>



**Е. Турарова**, *«Туризм» мамандығының студенті*  
Ғылыми жетекші: **А.Б. Сейсекенова**, *ф.ғ.к., доцент*  
ҚазЭҚХСҮ

### ҚАЗАҚ ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДІЛДІҢ КӨРІНІСІ

XXI ғ. жаңа теориялық танымдық әдістемеге сәйкес тілді «сөз ішінде және сөз үшін» қарастыратын имманентті зерттеу жеткіліксіз болып табылады да, оны ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмысымен, танымымен, пәлсапасымен, дінімен тығыз байланыста қарастыру қажеттілігі туды. Осы қажеттілік лингвистикадағы жаңа ғылыми бағыттың және соның негізінде қалыптасқан антропоцентрилік парадигманың дамуын талап етті. Демек, бұл тілді зерттеу үрдісін объектіден субъектіге аудару, яғни адмады тіл арқылы және керісінше, тілді адам арқылы анықтау болып табылады. Бұл, бір қарағанда, тіл білімі зерттеулерінің дамуы барысында жаңа бағытқа қатысты туған жаңа көзқарас сияқты көрінгенімен, оның бастау көзі тереңде екенін тіл ғылымындағы лингвистикалық мектептердің өмірге әкелген еңбектерінен көруге болады. Нақтырақ айтқанда, Қазан лингвистикалық мектебінің негізгі жетістіктерінің бірі – ассоциативті-психологиялық негізгі айқындылатын теориялық тұжырымдар болып табылады. Осы құрылымдық лингвистиканың көрнекті өкілі Бодуэн де Куртенэнің өзі кез келген тілдік бірлікті зерттеуде оның сыртқы (дыбыстық) және ішкі (психикалық) жақтарының байланысына ерекше көңіл бөлледі. Ішкі жақтағы психикалық мазмұнды ол семасиологиялық құрылыммен, ал оның көрінісін морфологиямен байланыстырады да, былай деп анықтайды: «Язык существует только в индивидуальных мозгах, только в душах, только в психике индивидов или особей, составляющих данное языковое общество».

«Діл» (менталитет) сөзі бізге Батыс елдерінен келген. 1991 ж. жарық көрген «Қазіргі Батыс философиясы» сөздігінде бұл сөзге былайша түсінік беріледі – «минталитет» латыншадан аударғанда (mens – ақыл, ойлау, ойлаудың бейнесі, жанның қатпары) бейнесалалықты қосқандағы ұжымдық және жеке сананың терең деңгейі дегенді білдіреді. Менталитет жеке және әлеуметтік топтардың іс-әрекет, ойлау, сезіне және дүниені белгілі бір бейнеде қабылдау бағыты дайындығының жиынтығы» делінген. Кейбір Ресей зерттеушілері менталитетті әлеуметтік факторлардың әсері негізінде қалыптасқан стереотиптер жүйесі мен мінез-құлықтағы және сезімдік-эмоциялық реакциядағы, ойлаудағы иерархиялық тұрғыдағы өзара бағынышты басыңқы құндылықтардың көрінісі деп анықтап отыр. Қазіргі әлеуметтік философияда менталитет ұғымының әлеуметтік топтар мен ұлттардың ойлау бейнесінде, іс-қимылы мен мінез-құлықтарында кездесетін стереотиптерге, құндылықтарды қабылдау ерекшеліктеріне, өмір сүру салты мен дәстүріне байланысты көптеген құнды ойлар айтылуда.

Менталитет – рухани болмыс тарихының сығымдалған және тұрақты негізінде қордаланған, жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың дүниетанымында орын алатын ерекше көрініс. Оны қалыптастыруда мәдениеттің, өнердің, діннің, философияның, ұлттық салт-дәстүрдің, қоршаған ортаның, тұрмыстың, қоғамдағы әлеуметтік ортаның, саясат пен идеологияның, экономикалық қатынастардың маңызы зор.

Менталитетті зерттеуге Қазақстандық философтар да өз үлестерін қосуда. Кейбір ғалымдар «менталитет» пен «діл» ұғымдарының арасында айырмашылық бар екенін көрсетіп, мағынасы мен мазмұны жағынан өзгешеліктер тауып жатса, кейбір ғалымдар бұл екі ұғымының мағынасы жағынан тең екенін алға тартады. Мұндай талпыныстар мен ізденістердің маңыздылығы түсінікті, өйткені ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыруда мұндай ұғымдардың маңызы зор. Дегенмен де, менталитет терминінің діл ұғымына қарағанда өзгешелігі, оның философиялық сөздікке кіріп, философиялық категория ретінде көпшілік тарапынан мойындалуы және ғылыми зерттеулер айналасында өзінің орнын табуы болып отыр.

Қазақ философиясы – халқымыздың дүниетанымын, рухани болмысын, ділін жан-жақты түсінудегі методологиялық тұғыр. Өз кезегінде қазақ философиясының табиғатын ашу ұлт менталитетін зерттеумен тікелей байланысты. Қазақ менталитетін тану арқылы ұлттық философияның даму деңгейін, оның өміршендігі мен практикалық маңызын айқындай аламыз. Басқаша айтқанда, қазақ менталитетін зерттеу ұлттық философияны абстракты нақты адам өміріне «еш қатысы жоқ» гнесеологиялық сөз саптаулардан құтқарып, оны бүгінгі нақты өмірдің рухани сұраныстарына айналдыруға мүмкіндік туғызады.

Қазақ философиясы туралы сөз еткенде айналып өтуге болмайтын мәселе – даналық мәселесі. Ол – ұлт менталитетінің даму ерекшелігінің рухани негізі. Даналық – қазақ халқының рухани өмірінде ерекше орын алады. Оның іздері мәдениет пен дәстүрде, дүниетанымдық ұстанымдар мен көзқарастарда сайрап жатыр. Онда даналық – тұтас феномендік тұрғыда орын алады. Оның тұтастығы адам мен табиғат, қоғам мен адам, адам мен адам арасындағы астарласуы арқылы берілген. Оған дәлел, тұтастықтың бір көрінісі ретінде адам мен табиғат арасындағы қатынасты қарастырайық.

Қазақ – қашан да табиғатпен етене өскен халық. Ол өзін табиғатқа ешқашан қарсы қоймаған. Jзін табиғаттың «бел баласымын» деп санаған. Ол табиғаттың сұлулығына бас иген, ойға өрнек, тілге тиек етіп, мақал-мәтелдерге, ән-жырға қосқан. Мәселен: *Адамгершілікке арналған үш сауап бар: шөлге құдық қазған бір сауап, өзенге көпір салған бір сауап, жолға ағаш еккен бір сауап, Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады. Су аққан жерін бір ағар, Алтыс күн тасыған су, алты күнде қайтар. Жайлауы жақсының әр бұтасының түбі бір кесек ет* деген мақал-мәтелдерден табиғатпен гармониялық қатынас орнату – даналық белгісі екенін көреміз. Сонымен қатар, табиғатқа тек шаруашылық тұрғысынан қарамай, моральдық, этикалық және эстетикалық тұрғыдан қараудың өзі осы даналықтың көрінісі, осындай табиғатпен араласудың нәтижесінде олардың рухани дүниесі, ойлау жүйесі, түсінігі, танымдық ұғымдары мен ментальдық болмысы қалыптасқандығын көреміз.

Даналықтың іздерін қазақ халқының рухани дүниесін құрайтын фольклор, мақал – мәтелдер, шешендік сөздер, дидактикалық толғаулар, салт-дәстүрлерден кездестіруге болады. Соның бірі – жеті аталық дәстүр. Бұл дәстүр ұлттың қандық тазалығын сақтап қана қоймайды, сонымен бірге ұрпақ, ата-баба арасындағы өзіндік байланысты да қамтамасыз етеді. Айналып келгенде, бұлардың барлығы тектілікті қалыптастырады. Тектелік бар жерде даналық, ментальдық тұтастық бар. Тексіз менталитет желмен ұшқан қанбақ секілді. Сосын да болар, қазақтың «тегіңе тартсаң тозбайсың» – дейтіні. Дүниенің паремиологиялық бейнесіде жеті аталық дәстүр, тектілік *Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі, Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер, Алтыға дейін бала ерке, алтыстан кейін шал ерке, Адамға екі нәрсе тірек тегі, бірі – тал, бірі – ділің жүректегі; Жетімнің қарны жетеу, Жақсы әке жаман балаға қырық жылдық ризық, Жерінен ауғанға жеті жыл қоныс жоқ.* т.б. мақал-мәтелдерде рулық қоғамда қалыптасқан ата-салты танытады.

Кез келген ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілі бар. Ойлау жүйесінде сол

ұлттың рухани ерекшелігі, тыныс тіршілігі, сезімі, дүниетанымы, адмадардың өзара қатынасы, құндылықтарды түсінуі мен қабылдау түрлері өрнектеледі. Ұлттық ойлау жүйесінің рухани негіздеріне тәңірлікті (тенгризм), шаманизмді, суфизмді, исламды, шешендік сөз өнерін, фольклорды, мақал-мәтелдерді, салт-дәстүрді, даналық білімді, философияны жатқызуға болады. Бұл аталған рухани негіздер ұлттық ойлаудың қалыптасуы мен дамуына өзіндік әсерін тигізді, қазақ халқы менталитетінің ішкі болымысын айқындады.

Ұлттық ойлауға тән қасиет – оның үнемі даму, жаңғыру, өзгеру үстінде болатындығы. Ол үнемі дамып отырмаса, онда қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер мен құбылыстарды бейнелеу мүмкін болмас еді. Сондықтан да ұлттық ойлаудың өлшемі – даму. Ол – ұлттық ойлаудың өмір сүру тәсілі, ішкі энергиясы, қозғаушы күші, бағыт-бағдарын айқындаушы. Мәселен, кешегі көшпенділік өркениет шеңберінде қалыптасқан кейбір ұғымдар мен түсініктер ұлттық ойлау жүйесінде бүгінге дейін өз қызыметін атқаруда. Сонымен бірге қоғамдық қатынастардың өзгеруінің нәтижесінде жаңа ұғымдар пайда болуда.

Ұлттық ойлау тілмен байланысты. Тілсіз ұлттық ойлау жоқ. Ұлттық ойлаудың басты ерекшелігі – оның тілінде. Себебі тіл арқылы ұлт өзінің ментальды болмысын, өмір тіршілігін, дүниетанымын бейнелейді. Ұлттық тіл неғұрлым бай болса, дүниені бейнелеу соғұрлым нәрлі, әсерлі болып келеді [1, 23 б.].

Қазақ тілдің құдіреттілігін, адам өміріндегі рөлін бағалай білген. Мысалы: *Адам көңілінен азады, тілінен жазады. Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді. Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір. Айтпаса, сөздің атасы өледі. Ана сүті бой өсіреді. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Тіземнен сүріндір, тілімнен сүріндірме. Тіл – буынсыз, ой – түпсіз. Тілде сүйек жоқ, ерінде жиік жоқ. Тіл жүйрігі – басқа, қол жүйрігі – асқа. Тіл жүйрік емес, шын жүйрік. Тілмен тікенді де алады. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады. Біреудің сөзі әдемі, біреудің көзі әдемі; Бір елі ауызға, екі елі қақпақ. Жүз сөзден бір өнеге артық. Жақсы сөз – ер азығы, бір сөз – мың сөздің қазығы деп* тілдің құдіреттілігін мойындаған. Қазақ астарлап сөйлегенді, айтар ойын алыстан орағатқанды, тұспалдап, жұмбақтап сөйлегенді қалаған. Сөйлеуді ыммен бастап, терең оймен аяқтаған. Астарлап сөйлеу ұлттық ойлауды дамытуға, оның ұшқырлығын арттыруға әсер етеді. Дүниенің паремеологиялық бейнесінде *Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл* мақалының мағынасы осыны білдіреді. Сонымен қатар тілсіз бірде – бір халық та, жеке адам да жоқ. Тіл арқылы ел бір-бірімен араласады, түсінеседі. Тілі байдың ойы бай. Өйткені тіл – ойдың көрінісі, заттанған түрі. Белгілі бір зат, не құбылыс түрі, әрекеті, бейнесі берілмейтін, олардан аулақ, тек таза, былайша айтқанда, тілмен сомдалған ой болмайды. Әрине, тілдің даму дәрежесі балық халықтарда бірдей емес. Тіл әр халықта әртүрлі дәрежеде дамыған. Ол оның тарихына, өндіріс тәсіліне, шаруашылығына, рухани өміріне, басқа елдермен қарым-қатынасына, алыс-берісіне байланысты. Олай болса, ешбір басқа елдің тілі, тұрмысы, әдет-ғұрпы араласпаған, таза бір ғана тіл болуы мүмкін емес. Дегенмен, әлемде ұлттар мен ұлыстар бар болған соң, оның өзіндік сипаты, әдет-ғұрпы, тілі болады. Мәселе соны сақтап, әрі қарай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, дамыта білуде. Өз ұлтының тілін, музыкасын, әдет-ғұрпын, ауыз әдебиетін, мақал-мәтелдердің білмеу, ол өз халқынан, өскен ортасынан, ұлттың менталитетінен жұрдай болып, қол ұзу болып табылады. Өзінің халқымен рухани байланысы жоқ адам, ол тамырсыз өскен өсімдік сияқты, қуыс кеуде болып қалады. Өзінің тілін, мәдениетін білмейтін адам өз халқының тарихын, әдет – ғұрпын мақтан ете алмайды. Сондықтан, әрбір адам өз халқының тек түр сипаты жағынан ғана уәкілі болмай, ол өз халқының рухымен сомдалған болуы керек. Өз халқының өкілі болу, оның сүтімен сусындалған болу қажет. Ұлттық менталитет оның жүріс – тұрысынан, ойлау жүйесінен, дүниені рухани бейімдеп, көз алдына елестеуден т.б. айқындалып көрініп тұрады.

Тіл арқылы сол халықтың мінез-құлқын, болмыс-бітімін тануға болады. Қазақ әңгімелескенде асықпай, әр нәрсенің мән-жайына жетіп, түсінісуде қаже еткен. Сөйлескенде, ол қашан да әңгіменің түйінін іздеген. Мәселе көп емес аз сөйлеуде емес. Сол көп сөздің тобықтай түйінінде. Оны халқымыз сандарға негізделген мақал-мәтелдерде *Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Көп сөздің емі-бір-ақ сөз, құр сөзге дауа жоқ; Мың сіз-бізден – бір шыж-быж; Қылыш бірді жайратар, тіл мыңды жайратар; Мың сөзді бір сөзбен тоқтатар; Мыңға татыр бір сөз*

*бар; Мың батпан жүк көтерген кісі бір ауыз сөккен сөзді көтере алмайды; Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды; Ойлы, арды адамға бір сөз де жетеді, ойсыз, арсыз адамға мың сөз де жетпейді* деп бейнелейді. Яғни қазақ халқының ментальдық ұғымында мақсат көп, ол – аз сөйлеуде емес, мәнді, мәнерлі сөйлеу.

Қазақ халқы ұлттық діліне байланысты жаяу жүргенді кемістік деп санаған. Сондықтан барар жері, ауыл-арасы бір сағаттық жол болса да, өріске кеткен атын кісі жіберіп алдырып, түске дейін сайлап, ерттеп мініп, баратын болған. Ал егер барар жеріне ертемен кетпек болса, атын жайылысқа жібермей, тұсап, не арқандап, үй маңында ұстаған. Ел аузында *Жылқы – жеті қазынаның бірі; Ат ерді сақтайды; Ат – адамның қанаты; Жылқы – түлік патшасы* деп ұлықтаған ұлағатты ұлтымыз желден жүйрік жануарды күллі тіршілік тірегі, тұрмыс – салты, өмірінің өзегімен тығыз сабақтастырып келеді. Қас тұлпарға қатысты қанымызда бар асыл қасиеттер әр кезде жанымызда атой салып, бой керсетіп қалады.

Біздің тегіміз – түркі, түлігіміз – жылқы. Содан да болар, халқымыз аттың жалына қиямет күніне шейін жақсылық байлаулы тұрады дейді. Жылқы төрт түліктің төресі. Тәкәппар, сезімтал, кірпияз, кербез, киелі жануар. Қазақ, қазақ болып, ұлт болып қалғаны үшін – ат пен анаға қарыздар. Осыншама кең байтақ жерді бабаларымыз аттың жалында, түйенің қомында, білектің күшемің, найзаның ұшымен сақтап қалып, бізге аманат етіп тапсырды.

Жылқы түлігінің қасиеті мол, орны бөлек. Ол – мінсең көлігің, жесең тамағың, ішсең сусының, кисең киімің. Жылқының еті де дәрі, сүті мен қаны дәрі. Қазысының майы сүйекті балқытады. Сынықшылар сол май арқылы адамның теріс біткен сүйегін бұзып, қайта салады. Бие сауған әйелдің дені сау болады, сүтінің қасиеті тырнағының астына бүкіл денесіне дариды. «Жылқы – жаным, қымыз – қаным», – деген Ақтайлақ би. «*Жылқының сүті шекер, еті бал*», – дейді дана халқымыз. Қасиетті жылқы малы қазақ үшін жаралып, қазақ пен оның кең даласы жылқыға арналған сияқты. Жылқы сүті барлық ауруға ем. Қымызды қасиетті ас санайтын қазақтар оны жерге төгуде тыйым салған. Төксе, үйден ырыс қашады деп сенген. Қымызды ерекше қастерлеп, қадірлі қонақтарға ғана ұстаған. Оның айғағын төмендегі мақал-мәтелдерден көруге болады. Мәселен, *Жалғыз биенің қымызы, қарындаспен қағыстырар, жалғыз түйенің шұбаты, ағайынды табыстырар; Атың арық болса, бір шап, отының аз болса, бір жақ; Бір бие үйдікі, екі бие елдікі* деп қашанда жылқы малының қадір-қасиетін адамның түрлі кезеңімен байланыстырып, тілге тиек етіп отырған. Сонымен қатар қазақта *ер жігітті қартайтатын үш нәрсе бар: шабан ат, жаман қатын, өтпес пышақ* деген мақал бар. Қазақ халқының менталитетін айтқанда, оның басты бір ерекшелігі – ол тәрбиелік қасиеті. Қазақ халқының бүкіл салт-санасы, әдет-ғұрпы, мақал-мәтелдері, ертегі, жыр-термелері, ойын-сауығы, жұмбақтары мен жаңылпаштары айналып келгенде тірелетіні тәрбиелік мәселе. Олар адамгершілікке, көпшілікке, азаматтықа, баулыған. Олардың дені мақал-мәтелдерде молынан кездеседі. Яғни баланың шыр етіп, дүниеге келген күнінен бастап, адам өмірінің соңына дейінгі ырым-жырымдар, ұлағатты ұғымдағы мақал-мәтелдер халқымызда жетерлік. Ұлт менталитетін ашатын мақал-мәтелдерді атап өтсек, мәселен, *Адам әдет етеді, әдет түпке жетеді; Адам болатын бала алысқа қарайды; Адам болып туған соң, адам болып өлген ләзім; Адам көңілінен азады, тілінен жазады; Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше; Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады; Аз қайғыны ас басады, көп қайғыны дос басады; Ақылды адам ақымақтан да бірдеңе үйренеді т.б.* мақал-мәтелдерден қазақ халқының мыңдаған жылдар бойғы тәжірбиесінен туындаған халықтың білген, түйгендері, алтындай етіп сақтаған, маржандай теріп жинақтаған даналық ойларын көреміз. Осы айтылғандардан біз қазақ халқының рухани дүниесінің жоғары екенін көреміз.

Сонымен әлем бейнесінің паремологиялық фрагментінде жинақталатын білім қоры «адам мен табиғат», «қоғам мен адам», «адам мен адам» арасындағы қатынастардың сан алуан қырын «даналық» ұстанымы тұрғысынан түсіндіретін қазақ менталитетінің өзіндік болымысымен сипатталады [2, 36 б.].

### Әдебиеттер

- 1.Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
2. Динаева Б.Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивтік аспектісі: Моногр. – Астана, 2013. – 160 б.



**D. Tussipova**, student of the specialty «World Economics»

Scientific adviser: **A.B. Amanbay**

KazUEFIT

## ROLE OF SERIALS IN LEARNING ENGLISH

**Annotation.** This article deals with the problem of learning English, recommends the method of teaching language through TV series, and also conducted an experimental review of the series for the average level among first-year students. Revealed and justified the availability to learn English by watching TV shows. On the basis of the research conducted by the author, the list of TV shows by level of knowledge of the language, sites for viewing TV shows with subtitles and learning techniques are recommended.

We all know that English is one of the most common languages in the world. Out of the world's approximately 7.6 billion inhabitants, 1.5 billion speak English [1] – that's almost 20% of the Earth's population. However, most of those people aren't native English speakers. About 410 million people speak English as their first language. This is approximately 5.4% of the population of our planet. In addition to being widely spoken, English is by far the most commonly studied foreign language as the language of professional communication. This is not only someone's subjective desire, it is a condition for working in a global world. But what advantages knowledge of English can offer for young people? The point is not just in the proposed position at work. Knowledge of English broadens your horizons, you can easily travel, because there won't be any problems in communication with foreigners. We could go on and on with the list of advantages in knowing English, but what stops people from learning this language. The thing is that either this is not interesting or there are difficulties in studying.

There is one very interesting and effective method that will certainly help in that case. Perhaps you think that TV shows and movies are just meaningless entertainment, a waste of time. And that's not surprising, because the highest rate of attention paid to electronic devices has Indonesia – an average of 132 minutes in front of TVs, 117 minutes in front of computers, in phones for 181 minutes every day. However, such a pastime can also bring a lot of good things into your life [4].

The benefit of watching TV shows and movies in the original is obvious. Let's figure out how to watch TV shows (serials) and movies «rationally».

Learning English from movies and TV shows is probably one of the easiest and most accessible ways to improve your level of English. Because that way we improve the auditory perception of English speech and develop our pronunciation. Also there are next benefits of learning English by TV serials: the ability to recognize and understand different accents; learning new words, which means vocabulary increasing; improving of pronunciation; learning some sort of slang words, lots of idioms and finally it's useful and interesting at the same time. It is suitable for all ages, because it is never too late to learn.

I would like to talk about learning English by watching TV shows on how to do it right, and share tools. But before this, why TV shows and serials, not films? That's all because the film lasts only one and a half, or two hours. During this time, you can only have time to get used to the manner in which the characters speak their accent, articulation, etc. But by this time the film, unfortunately, is over. Therefore, to learn the language is better serials. For a few episodes, the ear becomes accustomed to someone else's

speech, and from then on it is easier to focus and focus on building phrases, vocabulary and other intricacies, and not on the emphasis with which the characters speak.

For example: «Game of Thrones» is not only a top series, but also a great helper in learning English.

Of course, it is necessary to look in the original, and here's why.

1. Several languages, as well as a huge number of accents, dialects and idiolects (idiolects are the speech characteristics of an individual) create a variegated language picture of the Seven Kingdoms and adjacent territories.

2. Stylistically, the characters' speech is very different, and this is obvious: the wild and the masters say, to put it mildly, in different ways.

3. It is often impossible to translate the «without loss of quality» language game.

Let's look at the difference in the translation of one of the episodes of the series:

«CERSEI: You're not trustworthy. You've broken promises to allies before and murdered them at the nearest opportunity. You murdered your own brother.

EURON: You should try it. Feels wonderful» [3].

In Russian it looks that way:

«СЕРСЕЯ. Тебе нельзя доверять. Ты нарушил обещания, которые дал своим союзникам, и поубивал их при первой возможности. Ты убил собственного брата.

ЭУРОН. Тебе стоит попробовать. Отличное ощущение».

The word «trustworthy» – consists of two words: worth («cost») and trust («believe»). «Break promises» has literally meaning. There you can see the «loss of quality» in translation. What isn't good.

Also serials – are useful:

- they cheer up;
- we adopt the features of our favorite characters;
- they help in times of crisis;
- you can take inspiration from TV shows;
- compassion and positive thinking develop;
- erudition rises;
- series can be viewed from a professional point of view.

And the last one is our way to combine business with pleasure.

Language learning tips:

- start with simple TV shows;
- it is advisable to work with those TV shows that you have already seen;
- watch with English subtitles;
- as soon as you start listening to English, go to view without subtitles;
- always go back and revise fragments that are incomprehensible;
- write down new words, idioms, expressions and teach them;
- if necessary, repeat the replicas of the characters.

An experimental review of the series «Friends» [2] was conducted among students whose level of knowledge of English is different. To begin with, the group 1 was shown the series without subtitles. Of the 10 students only 4 understood what the series was all about. After this the same series was shown already with subtitles for group 1 and in this case, 8 out of 10 understood the meaning. From this we can conclude that viewing with subtitles is much more convenient than without them. Also, a survey was conducted whether this method of learning a language by students liked and whether it was useful. According to the results, 75% were satisfied.

Summing up, of course, besides watching TV serials, there must be engaged (at least independently), simultaneously pulling up verbal and written speech. there will be no progress if you do not learn words at the same time, do not make out sentences, idioms, etc. But after watching serials, you're really going to like learning English, and writing an essay or make up monologues will be a joy – checked!

**Түйін.** Бұл мақалада ағылшын тілін үйрену мәселесі қарастырылған, сериалдар арқылы тілдерді жоғалту әдісі ұсынылады, сондай-ақ бірінші курс студенттерінің арасында орташа деңгейге арналған серияның

эксперименттік шолу жүргізілді. Сериалдарды көргенде ағылшын тілін үйрену мүмкіндігін анықтады және дәлелдеді. Автордың жүргізген зерттеуіне сәйкес, телевизиялық шоудың тілдік білімі бойынша тізімі, субтитрлермен және оқыту әдістерімен телешоуларды көруге арналған сайттар ұсынылады.

**Резюме.** В данной статье рассматривается проблема изучения английского языка, рекомендуется методика изучения языка через сериалы, а также проведен экспериментальный обзор серии для среднего уровня среди первокурсников. Выявлена и обоснована возможность изучения английского языка при просмотре сериалов. На основе исследования, проведенного автором, рекомендуется список сериалов по уровню владения языком, сайты для просмотра сериалов с субтитрами и методики обучения.

#### References

1. Babble Magazine, «How Many People Speak English, And Where Is It Spoken?» by Dylan Lyons, 2017.
2. List of episodes of the television series «Friends» in Wikipedia.
3. «Dragonstone» episodes scripts from serial «Game of thrones».
4. Statistics of how much time people spend on the Internet, computers, TV etc. URL: <https://trashbox.ru/topics/59316/skolko-v-srednem-vremeni-tratyat-zhiteli-raznyh-stran-glyadya-v-televizor>.



*А. Шотанова, «Педагогика және психология» мамандығының студенті*  
*Ғылыми жетекші: А.Б. Сейсекенова, ф.ғ.к., доцент*  
*ҚазЭҚХСУ*

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ СЫН ЕСІМНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ, СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі сын есімдердің сыртқы құрылымдық, семантикалық ерекшеліктерінде елеулі айырмашылықтар бар. Сондықтан, ағылшын тіліндегі сын есімдердің қазақ тіліндегі баламаларын өзара салыстырып көрейік.

Ағылшын, қазақ тілдерінде сын есім деп заттың, нәрсенің белгісін, қасиетін, сапасын, сипатын, көлемін, салмағын, түсін білдіретін сөз табын айтамыз. Ол *what?* – қандай?, *what kind of?* – қандай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *A new firm* – жаңа фирма, *a wide street* – кең көше, *a strong companion* – берік серіктестік [1, 57 б.].

I. Ағылшын тілінде сын есімдер құрылымына қарай *simple* (негізгі), *derivative* (туынды), *compound* (күрделі) болып бөлінсе, қазақ тілінде дара (негізгі, туынды түбір) және күрделі болып бөлінеді.

Салыстыра келе қазақ тілінде сын есімдер құрылымына қарай дара, күрделі болса, жасалуына қарай негізгі және туынды сын есім болып бөлінеді [2, 446 б.], ағылшын тілінде құрылымына қарай 3-ке бөлінеді [1, 59 б.].

II. Сын есімнің семантикалық топтары.

Сын есімдер заттың әр алуан сипаттары мен белгілерін тікелей де, басқа заттардың қатыстары арқылы да білдіреді. Сол себепті сын есімдер екі тілде де семантикалық жағынан екі топқа бөлінеді:

- 1) сапалық (*Qualitative*) сын есімдер;
- 2) қатыстық (*Relative*).

Заттардың әр алуан түр – түсін, сипатын, сапа белгісін, көлемі мен аумағын, дәмі мен иісін білдіретін сын есімдер сапалық сын есімдер деп аталады. Мысалы: *beautiful* – әдемі, *cold* – суық, *black* – қара. Белгілі бір заттардың сипаты мен белгісін басқа бір заттың қатысы арқылы білдіретін сын есімдер қатыстық сын есімдер деп аталады. Мысалы: *өткір пышақ* – *sharp knife*, *ұзын көше* – *long street*.

Ағылшын және қазақ тілдерінде сын есім жіктелмейді, септелмейді жекеше, көпше түрге бөлінбейді, оның тек үш шырай категориясы болады [1, 60 б.].



III. Сын есімнің шырай категориясы. Сын есімнің өзіне ғана дербес грамматикалық белгісі шырай категориясы болып табылады. Шырай дегеніміз – заттың белгісі немесе сипаты (түсі, түрі, сапасы, көлемі, аумағы, салмағы т.с.с.) біркелкі болмай, рең жағынан әр түрлі дәрежеде болатынын, яғни бір затта артық, бір затта кем болатынын білдіретін сын есім формалары.

– Positive Degree (Жай шырай).

Екі тілдеде жай шырай түбір күйінде басқа шырай формаларына негіз болады. Мысалы: *short* – қысқа, *кең* – *wide*, *fat* – толық жеңіл – *easy*, *happy* – бақытты, *ұзын* – *tall*.

– Comparative Degree (Салыстырмалы шырай) заттың бір тектес сапасы мен белгісінің арасындағы сәл кем немесе сәл артығырақ екенін білдіреді.

Салыстырмалы шырай ағылшын тілінде жай шырайға – *er* жалғаулығы мен *more* сөзінің қолданылуы арқылы жасалса, қазақ тілінде -рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу, -қыл, -шіл т.с.с. жұрнақтар арқылы жасалады. Ағылшын тілі: *shorter* – қысқарақ, *fatter* – толығырақ, *happier* – бақыттырақ. Қазақ тілі: кеңірек – *wider*, кішілеу – *smaller*, қаттырақ – *harder*.

– Superlative Degree (күшейтпелі шырай) екі тілде де заттың алғашқы қалпын, сапасын тым асыра, көтере немесе кеміте көрсету үшін қолданылады. Мысалы: *the happiest* – ең бақытты, *the longest* – ең ұзын; Ағылшын тілінде күшейтпелі шырай -est, -st жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Күшейтпелі шырайдағы сын есімнің алдында міндетті түрде *the* белгілі артиклі тұрады: *young* – (the) *youngest* [3, 36 б.].

Ғылыми еңбектерде шырай түрлері түрліше беріліп жүр: мектеп оқулықтарында 3 (жай, салыстырмалы, күшейтпелі), ал жоғары оқу орны оқулықтарында 4 түрі (асырмалы) беріледі. Бұлайша жіктеу олардың мағыналық реңктеріне байланысты: аппақ пен керемет ақ немесе тым аппақ деп айту оның ерекше аппақтығын білдіру, бір ғана түстің түрлі дәрежесі мен сапасын жеткізу мақсатынан туындаған. Күшейтпелі шырайды Төлеуов аналитикалық жолмен жасалады десе, Ысқақов осы екі тәсілді шырайдың екі түріне бөліп тастайды, яғни күшейтпелі буын күшейтпелі шырайды, ал күшейткіш үстеулер асырмалы шырайды жасайды деп есептейді. Күшейтпелі шырайдың негізгі көрсеткіші күшейтпелі буынның тіркесуі болып табылады, ол сын есімнің бастапқы буынының қысқарып, оған -п дыбысының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, *қып-қызыл*, *үп-үлкен* [4, 387 б.].

Асырмалы шырай сын есімге өте, тым, аса, әбден, орасан, нағыз, нақ, шымқай күшейткіш үстеулерінің тіркесуінен жасалады: тым үлкен, аса бай.

Кейде шырайлар аралас қолданылып, бірінің үстіне бірі жалғана береді. Мысалы: тым қызылдау, үлкеніректеу. Кейбір зерттеушілер шырай категориясының лексика-грамматикалық екі түрін ғана (салыстырмалы, күшейтпелі) атайды. Қазақ тілінде сын есімнің барлығы бірдей шырай тұлғасымен түрленбейді, яғни кез келген сын есімге шырай тұлғалары жалғанбайды. Сын есімнің шырай тұлғалары сапалық сын есімдерге жалғанады. Қазақ тілінде тіптен сапалық сын есімдерге де шырай жұрнақтарының бәрі бірдей жалғана бермейді. Мысалы, «көк» деген сын есімге «шіл» жұрнағын қосқанда «көкшіл» деген шырай мағынасы жасалса, «жасыл» деген сөзге «шыл» жұрнағын қосып, «жасылшыл» деуге болмайды.

Бұл – қазақ тіліндегі сын есім шырайының ерекшелігі. Сапалық сын есімнің қазақ тілінде төрт шырай формасы болса, ағылшын тілінде үшеу [5, 784 б.].

Келтірілген мысалдардан екі тілде әр түрлі мағыналық топтардың құрамына кіретін атаулар қолданылатыны көрінеді. Олардың қолдану аясында әр тілге тән ерекшеліктермен қатар, екі тілге де ортақ белгілері де кездеседі. Туыстас немесе туыстығы жоқ тілдердегі сын есімдерді салыстыра зерттеу арқылы олардың тілдердегі ұқсастығы мен ерекшеліктерін ашудың маңызы зор.

#### Әдебиеттер

1. Баданбекқызы З. Ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы «Бастау», 2010.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Рысбаева Г.К. Ағылшын тілі грамматикасы. – Алматы «Өлке», 2006.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп баспасы, 1964.
5. Жанпейісов Е. және т.б. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2002.

ДИЗАЙН: ҚАЗІРГІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ  
ДИЗАЙН: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ  
DESIGN: THE PRESENT AND THE FUTURE



*И. Балтабаев, студент «Дизайн» кафедрасы*

*Ғылыми жетекші: Г.А. Иманғалиева, аға оқытушы*

*ҚазЭҚХСУ*

### КЕҢСЕ КЕҢІСТІГІН ЖОБАЛАУДАҒЫ ҚАЗІРГІ ҮРДІСТЕР

**Аңдатпа.** Ғылыми мақаланың өзектілігі – кеңсе кеңістігін жөндеу жұмыстары кезінде жеке дизайн жобасын құру және заманауи интерьер дизайнның өнімділігін артыру құрылымын анықтау.

**Кілт сөздер:** дизайн, сәулет, технология, модель, шығармашылық ізденіс, дизайнер.

Жыл сайын кеңсе дизайны көбірек өзіне назар аударып келеді. Стандартты көріністер шығармашылық тәсілмен және стандартты емес креативті шешімдермен ауыстырылды. Біреу офистік дизайн үйдің стиліне көбірек жақындағанын, ал біреу енді ғана офистік дизайн сияқты бағыттың бар екендігі туралы толық құқықпен айтуға болатынын айтады. Кез келген жағдайда, өзгерістер бар және олар соңғы онжылдық және жаһандану дәуірінде де байқалады. Әсіресе, батыста ғана емес, қазақстандық компаниялардың кеңселерінде шығармашылық идеялар пайда бола бастады. Кеңседе жөндеу жұмыстары жеке дизайн жобасын құруды көздейді және көбінесе мамандарға жөндеу жұмыстарына жүгінеді. Сондықтан, соңғы жылдардағы негізгі өзгерістер көшбасшылардың санасына әсер еткен деп айтуға болады. Олардың көбісі кеңсе жай жұмыс орны ғана емес, компанияның жұмысына және оның пайдасына әсер ететін бет бейнесі болып табылатын белсенді орта екенін түсінді. Не өзгерді?

Н.Ә. Назарбаевтың жолдауының III. Өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру тармағында: Жайлылық дегеніміз – ең алдымен, тұрғын үйдің қолжетімділігі, ауланың әдемілігі мен қауіпсіздігі, тіршілікке және жұмыс істеуге қолайлы елді мекеннің және сапалы инфрақұрылымның болуы – деп айтады. Жаһандану дәуірінде күрделі ақпараттарды жылдам өңдеу және тез қорытындылау қажет. Бизнес жүргізудің заманауи үрдістері кеңсенің жұмыс процесі шығармашылыққа айналатын кеңістік екенін дәлелдейді. Мұнда тамаша идеялар мен жедел міндеттерді шешу жолдары туады мұнда бір қызметкердің жетістіктері ұжымдық табысқа айналады, ал еңбек күндері оң тәжірибеге ықпал етеді. Жаңа, мөлдір, кеңсе әлемі – бұл қоғамдастық кеңістігі, жоғары энергия көзі, қызықты жұмыс орны және өзгертін сахна. Өткізгіштігі, мөлдірлігі тиімді ұйымның негізіне айналады. Бұл бәсекелестік фактор, корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігі, сонымен қатар сәулет және бөлмені жоспарлау жүйесін таңдау болып табылады. Ашық кеңседе дереу көз қарым-қатынасы зор мүмкіндік алады. Жұмыс істегенде, жеке қызметкерлер бүкіл компанияның серпінін сезінеді. Олар өздерінің артықшылығын, жұмыс істеу және қарым-қатынастарын, жақсы жоспарланған және дұрыс ұйымдастырылған ортада сезінеді. Олар не болып жатқанын біледі, бірақ сонымен бірге олар өз жұмысына көңіл бөле алады. Дәстүрлі статистикалық офистен айырмашылығы, адамдар бір-бірін көрмейді және кездесулер өте сирек кездеседі, ашық кеңсе – қарым-қатынас жасаудың нақты орны. Мұнда әріптестер әлемдегі оқиғалар мен олардың жұмысы туралы бір-біріне айту үшін жиналады. Командалар қалыптасады. Негізінен кеңседен тыс жұмыс жасайтын топ мүшелері де компанияның рухына қосыла алады. Ашық кеңсе – олардың «базасы»: кеңсе

«барында» бір шыныаяқ «эспрессо»ішіп және ағымдағы жобалар туралы әңгімелесіп, осымен байланыста болып, компанияның серпінісің сезінеді. Адам табысы үшін ғана жылдар бойы өткізген жер енді жаңа өмірге және жаңа тәжірибеге айналады. Адам табысы үшін ғана жыл өткізген жер енді жаңа өмірге және жаңа тәжірибеге айналады. Мөлдірлік бөлмені оң энергиямен қамтамасыз етеді.

Сыртқы көзқарас тұрғысынан, клиенттермен жұмыс істеу кезінде кеңістіктің ашықтығы, серпінділігі мен ағартушылығын көрсетеді. Кеңсе – бұл жұмыс істеуге арналған бөлме, және интерьер жасау кезінде дизайнерлерге бұл негіз болуы тиіс. Кеңістікті функционалдық ету және жұмыс процесіне назар аударуға кедергі келтіретін барлық нәрселерді жою жеткілікті болар еді. Бірақ іс жүзінде кеңсе бөлмесінің жобасын әзірлеу – ең күрделі және жауапты міндеттердің бірі. Соңғы жылдардағы негізгі үрдістер элиталық кеңселердің көптеп пайда болуына, яғни жоғары дәрежелі кеңсе дизайнына деген сұранысқа, демек, кеңсе кеңістігін әрлеуде және безендіруде барлық стильдердің алуан түрлілігін қолдану мүмкіндік береді. Бір қызығы, өткенге тек стандартты кеңсе дизайны жойылуда ғана емес. Ашық аквариум-кеңселермен ешкімді де таң қалдырмайсыз, кеңселердің интерьеріндегі хай-тек стилінің дәуірі де артта қалып жатыр. Жоғары стильді қазіргі кеңселердің әлдеқайда стандартты еместігін көрсетеді. Кеңсе үшін қызықты емес, классикалық ағаш гарнитуралар – өткен ғасыр. Сонымен қатар, әрбір қызметкер әріптестерімен бейресми қарым-қатынаста сөйлесу үшін және кеңседегі тұрмыстық тіршіліктің монотондылығын жеңілдету үшін әрбір қызметкердің миы мен физикалық босаңсытуына мүмкіндік беретін жайлы демалыс аймағының шығармашылық интерьерін дамыту қажет. Көптеген табысты компаниялар қызметкерлердің демалуы үшін жеке бөлме немесе зал береді. Ал жаңа бастаған компаниялар көбінесе қарапайым өлшемдегі бөлмелерде отыруға тиіс, сондықтан олар демалу үшін жұмыс кеңістігінің бір бөлігін алады. Бірінші және екінші жағдайда бұл аймақты «диван» немесе «кофе-брейк» түріне сәйкес құрылымдауға болады. Дивандар, креслолар, жұмсақ орындықтар мен пуфтар мұнда әрбір қызметкер жұмыс күні арасында жайлылық атмосферасын сезінуі үшін қажет. Ол тым ресми болмауы керек, керісінше, қызметкердің жұмыстан демалуына оңай ауысу үшін жеңілдік беретін жарқын және шығармашылық дизайнымен қамтамасыз етілуі керек.

Қазіргі заман бізгекереметбояулар, ерекше формалар мен кеңселік жиһаз шығаратын әр түрлі материалдар сыйлады. 2019 ж. кеңсе қалай көрінуі керек? Қайда бас тігуге болады? Биылғы жылы интерьерлердің сәнді үрдістері қандай?

*Бірінші үрдіс:* Ең жоғары ашықтық.

Жұмысшы «блоклар» бұрыннан өзектілігін жойған. Олардың орнына Open Space (ашық кеңістік) жүйесі келді, онда әрбір қызметкер әріптесімен еркін сөйлесе алады, жұмыс мәселелерін талқылап, өздерін үлкен, бірыңғай команданың бір бөлігі ретінде сезінеді. Бұл жүйе еуропалық және американдық ұйымдарда табысты пайдаланады. Рас, жақында ғана отандық компанияларда да қолданыла бастады. Қабырғалар мен корпустық жиһаздардың жоқтығы – қазіргі заманғы кеңсені жайғастырғысы келетін басшының басты ұстанымы болды.

*Екінші үрдіс:* интерьердегі экстерьер элементтері.

Бұл маусымның басты тренді – кеңселерде «көше» элементтерінің болуы. Жұмыс кеңістігін жайғастыратын басшылар енді тыныш дем ала алады: ақырында қазіргі заманғы интерьерлік сән «үлгі емес» заманауи компаниялардың қамқорлыққа алғандай. Кез келген креатив құпталады! Барлық шекаралар жойылады! Енді жұмыс кабинетінде көше шамдары шам ретінде болуы мүмкін, ал сыртқы киімге арналып темірден соғылған ілгіштері тек интерьерді толықтырады. Өсімдіктер туралы ұмытпаңыз: сәндік ағаштар-кеңістікті жайластыру үшін өте маңызды.

*Үшінші тренд:* үй «кантри».

«Кантри» стилі-кеңсе сәнінің соңғы нұсқасы. Ең көп жайлылық – ең аз қатал жұмыс жағдайы. Hand Made сәндік жастықтары бар жұмсақ кеңсе дивандары, келіссөздер үшін ағаш кебекті үстелдер, қабырғалардың жарқын түстері... Мұның барлығы ауылдық үйге ұқсайды және қызметкерлердің стресс деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

*Төртінші үрдіс:* «ретро» стилі.

Ағаш пен металл эстетикасын көптеген тәжірибелі дизайнерлер мойындады. Ағаштан жасалған сәнді жиһаз әрқашан талғампаз металл шамдармен, орындықтармен және басқа да сәндік

элементтермен толықтыруға болады. Бұл стиль өткен ғасырдан бастап сән әлеміне белгілі. Алайда, кеңселерде ол жақында қолданыла бастады. Ал келе жатқан жыл оның дамуында мүлдем жана серпін берді. Бұрын пайдаланылмаған ашық жарқын түстер, мысалы, баклажан және қызғылт және сәл көгілдір немесе ақ және «жылтыр» қара. Бір орында тұрудың қажеті жоқтығын көрсетеді.

Қазіргі кеңсе стилі дегеніміз не? Заманауи кеңсе – бұл сұлулық пен талғампаздық, көп жайлылық, әр түрлі стильдер, жарқын бояулар, сәндік өсімдіктер, аксессуарлар мен сәндік элементтер, бизнес үдеріспен байланысты емес демалыс аймақтарымен кеңсе кеңістігін толықтыру. Мұндай дизайн кеңсе қызметкерлерінің санасын өзгертуге, олардың жұмысқа деген көзқарасын өзгертуге арналған. Қазір кеңседегі жұмыс қуаныш пен рахат әкелетін өмірдің бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Қазіргі басшылар шығармашылықтың ғажаптарын көрсетіп, өз қызметкерлеріне еркін кесте бойынша жұмыс істеуге ғана емес, ұйықтауға, кеңседе спортпен шұғылдануға да мүмкіндік береді. Сондықтан демалыс орындары мен жұмыс аймақтарының шекарасы бірте-бірте жойылуда. Мұндай кеңселердің қызметкерлері не үшін жұмыс істеуге келгенің және өз уақыттарын басқаруға иелік ете отырып, басшылығының бақылауын мұқтаж еткізбейді, өйткені олар шын мәнінде жұмыс істейді, және олар бос сағаттарын зия өткізбейді.

Қазіргі заманғы кеңсенің ұтқырлығы мен оның трансформацияға дайындығы туралы бөлек айта кету керек. Бұл кеңселерге әлі де ұялы қалқалар көмектеседі. Жұмыс қабілеттілігіне қазір стильдің қатандығы емес, кеңседегі микроклиматтың жақсаруы әсер етеді. Ауаны ылғалдандырығыштарды, ионизаторларды, қазіргі заманғы сплит-жүйелерді, желдетудің жаңа жүйелерін, сондай-ақ сәндік өсімдіктерді пайдалану кеңсе қызметкерлерінің көңіл-күйін жақсартуға мүмкіндік береді, жұмысқа қабілеттілігін арттырады, сырқаттанушылықты төмендетеді, яғни компанияның пайда-сына тікелей әсер етеді.

Кеңсенің өзгеруі, оның қазіргі заманғы сәнді талаптарға сәйкестігі-жас және нарықта қалыптасқан компанияның табысына тікелей жолы болып табылады.

**Резюме.** Актуальность научной статьи – разработка проекта индивидуального дизайна при ремонте офисного пространства и определение структуры повышения производительности современного дизайна интерьера.

**Summary.** The relevance of the scientific article is the development of the project of individual design in the repair of office space and the definition of the structure to improve the performance of modern interior design.

#### Әдебиеттер

1. Джереми М., Филип Росс. Бизнес-центры и офисы. Лучшие проекты мира. – 2008.
2. On Office ғаламтор // Журналы. – 2018.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы. – 2018, 5 қазан.
4. <https://www.topdom.ru/articles/> Интернет ресурс.
5. <http://myinterior.info/> Интернет ресурс.



**Ж. Бердышова**, «Дизайн» мамандығының студенті

Ғылыми жетекші: **Ш.Т. Дидар**, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

## БЕЗЕНДІРУДЕГІ ТҮСТІК ҮЙЛЕСІМДЕР ЖӘНЕ ОПТИКАЛЫҚ ТҮЗЕТПЕЛЕР

Полихромия әр түрлі түстердің көлемдік-кеңістік пішіндегі үндесуі ретінде белгілі дербестікке ие, бұл принциптік жаңа көлемдік-кеңістіктік пішіндерді сезінуді тудыра отырып, қоршаған ортаға

ерекше әсер етеді. Сәулеттік шығармашылық үдерісінде көлемдік-кеңістіктік пішіннің кез келген геометриялық онда әр түрлі түстік үндестіктерді дамыту жолымен көрушілік сезінуді саналы түрде басқаруға мүмкіндік тууы мүмкін.

Бірізерттеушілер түс материалдық әлемнің сипатты белгісі, басқалары – дененің, оларды шағылыстыратын немесе сәулелендіретін жарығының спектрлі құрамына сәйкес қандай да бір сезінуді тудыратын қасиеті; үшіншілері – үйлесім құралы деп санайды.

Әлемдегі түстердің барлық әртүрлілігі спектрдің жеті негізі түсінің аралысымын және үндестігін тудырады. Спектрдің шеткі түстерін – қызыл мен күлгінді қосу қан қызыл түсті турады. Спектрдің барлық түсін спектрде жоқ ахроматикалыққа (қара, ақ, сұр) салыстырып қарағанда, хроматикалық деп атайды.

Хроматикалық түстерді әр түрлі түстердің жарығы ағымдарын қоспа түспен араластырумен алуға болады. Қызыл, жасыл және күлгін түстерді негізгілер, ақ түсті құрайтын түстерді – өзара толықтырушылар деп атайды. Түс үйлесімнің сәулеттік нысанның иілімділі мәнерлілігін және тектоникалылығын күшейтуге қабілетті құралы болып табылады.

«Көлеңкелі» (күңгірт, суық) және «көз тартарлық» (жарық, жылы) түстердің көмегімен ғимараттың, имараттық және құрылымның өлшемін өзгертуге болады. Сонымен полихромия сәулетте тұртудырушылықтың қуатты құралдарының бірі болып табылады. Дизайнерлер түстер арқылы кеңістіктік ортаны жасай отырып, белгіленген нормаларға және шығарылған әдістемеге сүйенеді, енді бірде ашық сәулеттік кеңістікті қалыптастыра отырып, олар көбіне тәжірибені және түйсікті басшылыққа ала отырып әрекет етеді.

Интерьердің полихромиясын бөлмелердің жекеленген бөліктеріндегі жарықтандырудың әр түрлі деңгейлері көмегімен, сыртқы сәулеттік кеңістіктің колористикасы көбіне табиғи жарықтық өзгеруіне байланысты болса да, реттеуге болады. Күндізгі жарықтық едәуір шектерде ауытқитын сәулеленуінің қарқындылығы мен спектрлі құрамы түстерді, сонымен бірге имараттың пішінін де әртүрлі айқындайды. Сәулеттік кешеннің түстік ортасын қалыптастырудың маңызды факторы, сондай-ақ ладшафттық сәулеттің маусымдық ауысымы да болып табылады. Табиғи төңіректің басым түстерге қарай өтуі кеңістіктің, ансамблдің түстік ортасының маңызды элементі болып табылатын табиғи түстік динамиканы жасайды.

Сәулет өнерінің төлтума туындысы кеңістікті әр мезгілде өзінің пластикасымен және полихромиясымен ұйымдастырады. Сәулет өнерінің гүлдену дәуірінде полихромия тұрақты түрде негізгі тұртудырушы құралдардың бірі болып табылды, өйткені әр түрлі тарихи кезеңдерде түске деген өз талаптары ұсынылды. Бұл сәулетте оны пайдаланудың әр түрлі принциптерін дамытуға алып келді.

Ежелгі халықтардың сәулет өнерінде түс көбіне символикалық мәнге ие болды. Бұны біз Вавилон жайтөбе-ғибадатханалары, Қытай сарайлары, Үндістан, Жапония, Мысыр мен Грекия храмдарынан көреміз. Азия елдерінің сәулет өнерінде түс символизмі басым болды. Вавилондық типтік мұнаралардың бірі – Барсинадағы Навуходоносор храмы өзінде – реңктің төменнен жоғары қарай: қара, алқызыл, қызыл, сары, жасыл, көгілдір, ақ жеті планетасын бейнелеген жарқын түсті иеленді.

XII-XVI ғғ. Орта Азия және Қазақстан жағдайларында қалалық мекендердің басым келген сарықошқыл түсті аясында көк-жасыл күмбездер мен қалалардың кеңістіктерін ұйымдастырушы белсенді акценттер рөлін орындады. Зерттастармен көмкерілген кірпіш пен зерттастардан кесілген терракота тұтастай полихромиялық қасбеттер құрды.

Имараттың жер үстінен бой көтерген негізгі массасы онымен түсі жағынан бірігеді, зерттастармен безендірілген, тескестемен қапталынған көгілдір, ақық күмбездер имарат массасына соншалықты келмейді, бұл түс көктен алынғандықтан, бейнебір онымен қосылып кеткенде әсер қалдырады.

Сәулет өнерінде түрлі түстерді қолдану орыс сәулеткерлігіне ежелден тән. Оның тарихының XVI-XVIII ғғ. полихромиялық ерекше гүлденгенін атап өтуіміз керек. Әлемдік мәдениет тарихында көнеорыстық храмдардың қабырғаға салынған суреттері – көнеорыстық фрескалар айырықша орын алады. Бұндай сәулеттік өне үлгісі орыс сәулет өнерінің ұлы ескерткіші – Мәскеудегі Никита қақпасының жанындағы Троица шіркеуіне (1634 ж.) тән. Қасбеттерде екі басым түс – қызыл және жасыл көршілес түскен, оларға сұрғылт реңктері, кесілген тас пен төбенің түсі, сондай-ақ

өзге түстердің шағын көріністері сырлы тақталар, алтын кресттер және басқалар бағындырылған.

XIX ғ. басындағы классицизм белсенді түстік үндесулерден бас тартты, ол қасбеттердің бейнелі өрнектілігін жоққа шығарды. Бұл кезеңнің сәулеттік полихромиясы үшін ұстамды түстік беріліс сипатты.

Сәулет өнерінде түстің жаңа концепцияларын әзірлеуге құрамында И.А. Ладовский, К.С. Мельников, Л.М. Лисицкий, В.Ф. Кринский және басқалар бар бір топ кеңестік сәулетшілер – өнер-тапқыштар айтарлықтай үлес қосты.

«Де Стил» тобындағы (1917-1931 жж.) голландтық сәулетшілер мен сәулетшілердің, Баухауз экспериментшілерінің (1919-1933 жж.) теориялық ізденістері де сәулеттік полихромияның қазіргі принциптерінің қалыптасуына күшті әсер етті.

Түстерді шамадан тыс қолдану кейде теріс нәтижелерге алып келді. Мәселен, Магдебург қаласының жекеленген бөліктері түрлі түстермен шатыстырылды және қала үлкен театрлық сән-демені еске түсірді. Шектеусіз ала-құла түрлі түстілік, көп ұзамай кері реакция туғыза бастады. Тойтарылмас полихромия тойтарылмас түссіздікке айнала бастады. Германияда «ала-құла түрлі түстілік жойылсын» деген ұран астында көптеген ғимараттар сыртынан да және ішінен де ақ түспен сырланды. Мұның нәтижесінде табиғи түстердің және жаңа өрлеу материалдарының бояу тақтайларын пайдалануға деген ұмтылыс пайда болғаны ақиқат. Көз бір ғана ақ түстіліктен туатын қайта жарықтануға шыдап, көтере алмайтыны белгілі болғаннан кейін, эксперименттік зерттеулер ескеріліп, адамның түстегі жүйкелік-физиологиялық қажеттілігін қанағаттандыру үшін түстер санын белгілеу әрекеттері жасалынды.

Жапонияда ұлттық түстік жүйенің және оның негізінде түсті стандарттаудың енгізілуі, бояулардың кең түрлерінің жиынының және құрылыс материалдарының үлкен бояу тақтасының дайындалуы түстің сәулет өнеріне тез енуіне мүмкіндік жасады. Жапонияның қазіргі сәулет өнерінде орта ғасырлардағы секілді, полихромияның пайдаланудың екі қарама-қарсы ағымын табуға болады. Кендзо Танге Олимпиадалық кешеннің архитектурасында материалдардың – табиғи тастың, бетонның, алюминийдің және ағаштың тістерінің жұмсақ үйлесімді гаммасын қолданды. Кешеннің барлық кеңістігінің реңктік полихромиясы төңіректік қалалық кеңістіктің қайнаған түстік ортасындағы өзіндік тыныстық мекен болып табылады.

Еуропаның, Азияның және Американың әр түрлі елдерінде туған сәулеттік полихромияның идеяларын енгізу мысалдары жалпыға бірдей сипатты бола бермейді. Сәулеттік орталар мен шағын қалалардың кескінсіздігімен және бір қалыптылығымен күрес олардың тұрғындарын «түссіз өмір сүруге» түйсіктік қарсылыққа алып келеді. Олар тұрғын аудан мен қаладағы түсті теориялық салдарлары, рөлі туралы ойлануға ниеттенбей – ақ, өз үйлерінің қабырғаларын қолтума суреттік кескіндермен әшекейленеді. Бұл жерде сәулеттік ортаны әрлеу проблемаларының әлеуметтік табырлары айқын аңғарылады. Полихромиялық төңірекке табиғи ұмтылыс қызметті және көп қабатты ғимараттардың қасбеттері мен шет жақтарын түстік геометриялық үйлесімдермен және бейнелеу сипатындағы суреттермен әшекейлендіретін кәсіби суретшілерді шабыттандырады. Мұндай көптеген әрекеттерді АҚШ, Италия, бұрынғы Германия Федеративтік Республикасы және басқа елдердің, соның ішінде бұрынғы КСРО-ның да қалаларынан да табуға болады.

Бүгінгі өнеркәсіптік нысандардың полихромиясы бойынша туған жобалау – эксперименттік ұсыныстар, ірі қалалардың қоғамдық аймақтарының түстік шешімі, жаппай құрлыстық тұрғын аудандардың композициясында полихромияны енгізу туралы ұсыныстар – бұл сәулеттік ортаны шырайландыру проблемаларын шешудің өзектілігі өмірдің өзімен ұсынылып отырған тек жекелеген әрекеттер.

Ғимараттың және имараттың әсер ететін әр түрлі факторлардың арасында физиологиялық оптика, жекелей алғанда, сызықтар мен көлемдік пішіндерді көрушілік қабылдау ерекше орын алады. Адамның көзінің көруіне оптикалық алдауларға берілуі тән болып табылады. Мұнда түр тудырушы элементердің ұзындығы, алаңы, көлбеулік бұрышы және қисықтығы туралы сөз болып отыр. Біздің көрушілік оптикалық аппаратымыздың және объектілерді психологиялық қабылдауымыздың жетімсіздігі кейде оптикалық елестер деп аталатын жалған елестік бейнелік өлшемдер мен пішін-демелердің себепшісі болып табылады.

Оптикалық түзетпелер оптикалық – геометриялық елестердің, пропорциялардың және пішінді ракурстар қабылдаудың теріс әсерлерін жояды. Бұл жағдайда көрушіден алшақ заттардың көз көрімдік әсерлерінің, сондай-ақ әуе ортасы ерекшеліктері, жарықтану шарттары ескеріледі. Көз өлшемдерді биіктікке және тереңдікке қарағанда, дәл бағалайды. Сондықтан тік ұзын бойлық әр түрлі үлкен көлденең бойлықтардан ұзынырақ көрінеді. Ал тегіс, бірақ әртүрлі мүшеленген жа-зықтықтар бірдей емес әсер қалдырады.

Тарих есте жоқ ескі замандардағы оптикалық елестерді пайдалану мен зерттеудің едеуір мысалдарын сақтап келеді. Сәулетшілер мен суретшілер пішіндердің оптикалық түзетпелер жүйе-сін құрды. Сәулетшілер мен дизайнерлер заттардың дұрыс геометриялық пішініне жасаған шамалы өзгерістерін оларға көркем мәнерлілік, үйлесімділік, бітімділік, сұлулық беру үшін енгізеді.

**Резюме.** В статье рассматривались методы, способы, возможности полихромия в архитектурном искусстве. Полихромия – многоцветная раскраска или многоцветность материала в архитектуре, скульптуре, декоративном искусстве. Присутствовала почти во все эпохи и во всех областях культуры – в египетских пирамидах, минойских дворцах, в греческих и римских храмах, на исламских куполах и в средневековом искусстве.

**Summary.** The article examined the methods, methods, possibilities of polychrome in architectural art. Polychromy – multicolor coloring or multicolor material in architecture, sculpture, decorative art. Present in almost all eras and in all areas of culture - in the Egyptian pyramids, Minoan palaces, in Greek and Roman temples, on Islamic domes and in medieval art.

#### Әдебиеттер

1. Искусство ансамбля. Художественный предмет – интерьер – архитектура – среда / Сост. А.К. Василевский. – М.: Просвещение.
2. Капр А. Эстетика искусства шрифта. – М.: Книга.
3. Кикушин Г.Ф. Шрифт: Для художников оформителей. – Минск.
4. Кудин П.А., Ломов Б.Ф., Митькин А.А. Психология восприятия и искусство плаката. – М.: Плакат.
5. Рунге В.Ф., Сеньковский В.В. Основы теории и методологии дизайна. – М.
6. Нешумова Б.В., Щедрина Е.Д. Художественное проектирование. – М.
7. Пезе М.Э. Очерки истории художественного конструирования в России VIII начала XX веков. – Л.



*А. Маратова, студент «Дизайн» кафедрасы  
Ғылыми жетекші: Г.А. Иманғалиева, аға оқытушы  
ҚазАҚХСУ*

#### АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ЖАҒАЛАУДАҒЫ САЯБАҚ ЖОБАСЫН ЖАСАҚТАУ

**Андатпа.** Мақалада Ақтау қаласын көркейту мақсатында қарастырылып және оның сәулеттік кеңістікті шешімдері талданады.

**Кілт сөздер:** көркем сәулеттік пішін, пішінтүзушілік, жобалау, ландшафт.

Мен сөзімді Ф. Энгельстің өткен ғасырдың соңғы ширегінде айтқан сөзінен бастағым келіп тұр: «Табиғаттағы билеп-төстеп алдық деп мақтанбай-ақ қоялық. Батапқы кезде біздің осы жеңіс-теріміздің әрқайсысынан көздеген мақсатымызға жеткенімізді алдымен көрерміз. Бірақ екінші және үшінші кезеңдеріне келгенде өзіміз нүкте қоймаған нәтижелерді байқармыз. Сөйтіп көрген зиянымыз, пайдамыз асып түсер» деген екен.

Қазіргі заманда техниканың дамып, адам баласына пайдасы мен зиянын келтіріп жатқаны бәрімізге мәлім. Дамып келе жатқан елордамыздың зәулім үйлері, өндіріс орындары және көліктің көбеюі қала тұрғындарына әсерін тигізеді. Адам әрекеттерінің табиғатқа кері әсерін түзетуде

және келеңсіз проблемаларды болдырмаудың амалын шешу жолында ландшафттық дизайнның атқаратын маңызы зор. Ол дегеніміз – әдемілік пен үйлесімділікті бірлестіретін өнер. Оның маңызын қазіргі кезде ғана емес, осыдан мыңдаған жылдар бұрын ежелгі мемлекеттерде білген. Ландшафт дизайнының бақша, саябақ өнерінің тарихын еске алғанда ежелгі Мысыр мен Вавилон елдері түседі. Мысыр елі бақша және саябақ өнері ең алғаш пайда болған елдердің бірі болып есептелінеді және бұнда ең әйгілісі Клеопатраның үлкен бақшалары болып табылады. Бұл бақшаларда құрма пальмалары, інжір, анар, акация, жемісті ағаштар отырғызылған. Тигр мен Евфрат өзендерінің арасындағы қазіргі кездегі Иранның территориясында ассириялық және вавилондар тұрған. Осыдан 2340 б.з.б. Гудеа есімді шумер тақсыры жүзім ағаштарын отырғызған. Вавилон жерінен дүниенің жеті кереметінің бірі «аспалы бақты» айтып кетуге болады. Бұл бақ Ассирия ханшасы Семирамида атымен байланысты. Алайда, мыңдаған жылдар, ғасырлар өте келе «аспалы бақ» қирап, қазіргі кезге дейін сақталмаған. Міне, ландшафттық дизайн, бақша және саябақ өнерінің маңыздылығын осы деректерден білуге болады.

Қазіргі заманға оралатын болсақ, ландшафттық дизайн біздің заманымызда өте үлкен және қалаларды көгалдандырып, абаттандырып жатқан салалардың бірі деп айтуға болады. Ландшафттық дизайн және бақша, саябақ салалары елордамызда да дамып келуде. Астана маңайы, сырты, көшелері, ғимараттары көгалданып, қаланың ішіндегі әсем сквер және бульварлар, саябақтар көбейіп келе жатыр. Мысалы, Астанада гүлдер мен ландшафттық дизайн бойынша «Astana Flor Expo-2010» атты халықаралық көрме ашылды. Бұл шараға көптеген елдер қатысты. Көрменің мақсаты – гүл шаруашылығында, бақтар мен саябақтар құрылысында, ландшафттық сәулет пен көгалдандыру кәсібінде әлемдік тәжірибелермен бөлісу, өндірушілер мен тұтынушыларға ақпарат алмасу алаңын ұсыну, Қазақстанда гүл бизнесін және ландшафттық дизайнды дамытуға мұндай көрменің орны бөлек. Ландшафттық дизайнның маңыздылығын тек осындай көрмелер арқылы ғана емес, сонымен қатар адам өмірінде үлкен рөл атқаратынын айтып кетуге болады. Бүгінгі ландшафттық дизайн, сол баяғы жүз, екі жүз жыл бұрынғыдай, өз уақытының философиялық және дүниетанымдық идеяларын білдіреді. Қазіргі стилистика, классикалық стильдерге қарағанда, еркіндеу және іске асыру жағынан жеңілдеу келеді, бірақ жаңа идеялар және инновациялық технологиялармен бірталай құнарландырылған. Адам өмірі табиғатпен және өсімдік әлемімен тығыз байланысты болғандықтан өмір сүріп жатқан ортамызды бүгінгі күннің талабына сай етіп көркейтуге, таза ұстауға қандай амал-тәсілдер қолдануға болатындығын, қоршаған ортаны көгалдандырып, ағаш көшеттерін отырғызудың да ерекше тәсілдерінің бар екенін ландшафттық дизайнның көмегімен біле аламыз.

Маңғыстау – кім-кімді де қызықтырып әкететін, терең тарихты өлке. «Жер шарының геологиялық тарихын білгіңіз келсе, Маңғыстауды бір рет көріңіз», – деген Н. Андрусов.

